



**TURAN**  
UNIVERSITY

Қазақстан Республикасының  
білім және ғылым министрлігі

**«ТУРАН»  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**  
**Ғылыми журнал**

---

**ВЕСТНИК УНИВЕРСИТЕТА**  
**«ТУРАН»**  
**Научный журнал**

**№ 3 (99)**  
**2023**  
**Алматы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

Ақпарат және мұрағат комитетінің  
2008 ж. 22 шілдедегі № 9394-Ж қуәлігі

Меншіктенуші: «Тұран»  
Университеті» мекемесі

1999 ж. қаңтарынан бастап  
тоқсанына бір рет шығады

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

1. Алшанов Р.А. - «Тұран» университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, Халықаралық инженерлік академиясының академигі, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының вице-президенті, Қазақстанның экономикалық ғылымдар академиясының президенті (**кеңес төрағасы**)
2. Тазабеков К.А. - Қазақстан маркетинг қауымдастығының президенті, «Тұран» университетінің профессоры (**кеңес төрағасының орынбасары**)
3. Алиев У.Ж. - «Тұран» корпорациясының вице-президенті, э.ғ.д., профессор
4. Тусупова Л.А. - Академиялық қызмет жөніндегі проректор, э.ғ.д., «Тұран» университетінің профессоры
5. Арупов А.А. - Әлемдік экономика және халықаралық қатынастар институтының директоры, э.ғ.д., профессор, ХАА академигі
6. Аханов С.А. - Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы кеңесінің құрметті төрағасы, э.ғ.д., «Тұран» университетінің профессоры
7. Дан Джим - Пенсильвания мемлекеттік университеті (АҚШ), PhD, профессор
8. Ержанов М.С. - э.ғ.д., «Тұран» университетінің профессоры
9. Қалимолдаев М.Н. - РМК «Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институты» бас директорының кеңесшісі, ҚР БҒМ Ғылым комитеті, ф.-м.ғ.д., профессор
10. Петров П.С. - PhD, Великотырнов университеті (Болгария)
11. Попков В.К. - ф.-м.ғ.д., Новосібір мемлекеттік техникалық университетінің желілік ақпараттық технологиялар кафедрасының профессоры (РФ)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

1. Таменова С.С. - **бас редактор**, э.ғ.к., «Тұран» университетінің профессоры (Scopus h-index – 2)
2. Разакова Д.И. - **бас редактордың орынбасары**, «Тұран» университетінің стратегиялық даму, ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры, PhD, э.ғ.к., (Scopus h-index – 3)
3. Таяуова Г.Ж. - PhD, «Тұран» университетінің сыртқы байланыс және докторантура жөніндегі проректоры (Scopus h-index – 3)
4. Селезнева И.В. - э.ғ.д., профессор, «Тұран» университетінің «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі (Scopus h-index – 4)
5. Каленова С.А. - э.ғ.д., «Тұран» университетінің профессоры (Scopus h-index – 3)
6. Ниеталина Г.Қ. - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, «Тұран» университетінің Докторантура бөлімінің директоры (Scopus h-index – 2)
7. Есімжанова С.Р. - э.ғ.д., К. Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университетінің «Менеджмент және бизнес» кафедрасының профессоры (Scopus h-index – 3)
8. Тлеубердинова А.Т. - э.ғ.д., ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институтының профессоры (Scopus h-index – 2)
9. Панзабекова А.Ж. - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Экономикалық теория және пәнаралық зерттеулер орталығының жетекшісі, ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты (Scopus h-index – 3)
10. Рахимбердинова М.У. - PhD, Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің қауымдастырылған профессоры (Scopus h-index – 4)
11. Роланд Гизе - э.ғ.д., Цитгау-Герлиц қолданбалы ғылымдар университетінің профессоры (Германия) (Scopus h-index – 2)
12. Онюшева И.В. - PhD, Stamford International University профессор-зерттеушісі (Бангкок, Таиланд; Янгон, Мьянма), (Scopus h-index – 6)
13. Поспелова Т.В. - э.ғ.к., Экономика жоғары мектебінің әлемдік саясат және экономика департаментінің доценті, Triple Helix (Ресейдегі үштік спираль қауымдастығы) атқарушы директоры, Mail.Ru Group бизнес-жаттықтырушысы (Ресей) (Scopus h-index – 4)
14. Гринева О.О. - э.ғ.к., Г.В. Плеханов атындағы Ресей экономикалық университетінің «Маркетинг» кафедрасының доценті, халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігінде университетті ілгерілету бөлімінің басшысы (Ресей) (Scopus h-index – 2)
15. Жаппар К.З. - **редактор**, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, «Тұран» университетінің редакциялық-баспа бөлімінің жетекшісі

«Тұран» университетінің жеке материалдарды қайта басуға, журналды басып шығаруға және коммерциялық пайдалануға айрықша құқығы бар

**Свидетельство № 9394-Ж от 22 июля 2008 г.**  
**Министерство культуры и информации Республики Казахстан**  
**Комитет информации и архивов**

**Собственник: учреждение**  
**«Университет «Туран»**

**Выходит с января 1999 г.**  
**один раз в квартал**

**НАУЧНО-РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ**

1. **Алшанов Р.А.** - ректор университета «Туран», д.э.н., профессор, академик Международной инженерной академии, вице-президент Национальной инженерной академии РК, президент Академии экономических наук Казахстана (**председатель совета**)
2. **Тазобеков К.А.** - президент Казахстанской ассоциации маркетинга, профессор университета «Туран» (**зам. председателя совета**)
3. **Алиев У.Ж.** - вице-президент корпорации «Туран», д.э.н., профессор
4. **Тусупова Л.А.** - проректор по академической деятельности, д.э.н., профессор университета «Туран»
5. **Арупов А.А.** - директор Института мировой экономики и международных отношений, д.э.н., профессор, академик МАИ
6. **Аханов С.А.** - почетный председатель Совета Ассоциации финансистов Казахстана, д.э.н., профессор университета «Туран»
7. **Дан Джим** - Государственный Пенсильванский университет (США), PhD, профессор
8. **Ержанов М.С.** - д.э.н., профессор университета «Туран»
9. **Калимолдаев М.Н.** - советник генерального директора РГП «Институт информационных и вычислительных технологий» Комитета науки МОН РК, д.ф.-м.н., профессор
10. **Петров П.С.** - PhD, Великотырновский университет (Болгария)
11. **Попков В.К.** - д.ф.-м.н., профессор кафедры сетевых информационных технологий Новосибирского государственного технического университета (РФ)

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

1. **Таменова С.С.** - **главный редактор**, к.э.н., профессор университета «Туран» (Scopus h-index – 2)
2. **Разакова Д.И.** - **зам. главного редактора**, проректор по стратегическому развитию, науке и инновациям университета «Туран», PhD, к.э.н. (Scopus h-index – 3)
3. **Таяуова Г.Ж.** - PhD, проректор по внешним связям и докторантуре университета «Туран» (Scopus h-index – 3)
4. **Селезнёва И.В.** - д.э.н., профессор, зав. кафедрой «Финансы» университета «Туран» (Scopus h-index – 4)
5. **Каленова С.А.** - д.э.н., профессор университета «Туран» (Scopus h-index – 3)
6. **Ниеталина Г.К.** - к.э.н., ассоциированный профессор, директор Отдела докторантуры университета «Туран» (Scopus h-index – 2)
7. **Есимжанова С.Р.** - д.э.н., профессор кафедры «Менеджмент и бизнес» университета международного бизнеса имени К. Сагадиева (Scopus h-index – 3)
8. **Тлеубердинова А.Т.** - д.э.н., профессор Института экономики КН МНВО РК (Scopus h-index – 2)
9. **Панзабекова А.Ж.** - к.э.н., ассоциированный профессор, руководитель Центра экономической теории и междисциплинарных исследований Института экономики КН МНВО РК (Scopus h-index – 3)
10. **Рахимбердинова М.У.** - PhD, ассоциированный профессор Восточно-Казахстанского технического университета имени Д. Серикбаева (Scopus h-index – 4)
11. **Гизе Роланд** - д.э.н., профессор Университета прикладных наук Циттау-Герлиц (Германия) (Scopus h-index – 2)
12. **Онюшева И.В.** - PhD, профессор-исследователь Stamford International University (Бангкок, Таиланд; Янгон, Мьянма) (Scopus h-index – 6)
13. **Поспелова Т.В.** - к.э.н., доцент департамента мировой политики и экономики Высшей школы экономики, исполнительный директор Triple Helix (Ассоциация Тройной спирали в России), бизнес-тренер Mail.Ru Group (Россия) (Scopus h-index – 4)
14. **Гринева О.О.** - к.э.н., доцент кафедры «Маркетинг», начальник отдела продвижения университета в международном научно-образовательном пространстве ФГБОУ ВО «Российский экономический университет им. Г.В. Плеханова» (Россия) (Scopus h-index – 2)
15. **Жаппар К.З.** - **редактор**, к.ф.н., ассоциированный профессор, руководитель редакционно-издательского отдела университета «Туран»

Университету «Туран» принадлежат исключительные права на перепечатку отдельных материалов, издание и коммерческое использование журнала

© Университет «Туран», 2023

**SCIENTIFIC AND EDITORIAL BOARD**

1. **Alshanov R.A.** - Rector of Turan University, doctor of economics, professor, academician of the International Academy of the Engineering, vice-president of the National Engineering Academy of the Republic of Kazakhstan, president of the Academy of Economic Sciences of Kazakhstan (**chairman of the council**)
2. **Tazabekov K.A.** - President of the Kazakhstan Association of Marketing, professor of Turan University (**deputy chairman of the council**)
3. **Aliev U.Zh.** - Vice-president of Turan Corporation, doctor of economic sciences, professor
4. **Tussupova L.A.** - Vice-rector for academic affairs, doctor of economic sciences, professor of Turan University
5. **Arupov A.A.** - Director of the Institute of World Economy and International Relations, doctor of economic sciences, professor, Academician of the MAI
6. **Akhanov S.A.** - Honorary chairman of the Council of the Association of Financiers of Kazakhstan, doctor of economic sciences, professor of Turan University
7. **Dan Jim** - State University of Pennsylvania (USA), PhD, professor
8. **Yerzhanov M. S.** - Doctor of economic sciences, professor of Turan University
9. **Kalimoldaev M.N.** - Adviser to the Director General of the RSE Institute of Information and Computing Technologies of the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, doctor of physical and mathematical sciences, professor
10. **Petrov P.S.** - PhD, Velikotyrnovsky University (Bulgaria)
11. **Popkov V.K.** - doctor of physical and mathematical sciences, Professor of the department of Network Information Technologies of the Novosibirsk State Technical University (Russia)

**EDITORIAL BOARD**

1. **Tamenova S.S.** - **editor-in-chief**, candidate of economic sciences, professor of Turan University (Scopus h-index – 2)
2. **Razakova D.I.** - **deputy of the editor-in-chief**, vice-rector for Strategic Development, Science and Innovation of Turan University, PhD, candidate of economic sciences (Scopus h-index – 3)
3. **Tayauova G.Zh.** - PhD, vice-rector for external affairs and doctoral studies of Turan University (Scopus h-index – 3)
4. **Selezneva I.V.** - doctor of economic sciences, professor, head of the department of finance of Turan University (Scopus h-index – 4)
5. **Kalenova S.A.** - doctor of economic sciences, professor of Turan University (Scopus h-index – 3)
6. **Niyetalina G.K.** - candidate of economic sciences, associate professor, Director of the Department of Doctoral Studies, Turan University (Scopus h-index – 2)
7. **Yessimzhanova S.R.** - doctor of economic sciences, professor of the department of Management and Business of the K. Sagadiyev University of International Business (Scopus h-index – 3)
8. **Tleuberdinova A.T.** - doctor of economic sciences, professor of the Institute of Economics of the National Academy of Sciences of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan (Scopus h-index – 2)
9. **Panzabekova A.Zh.** - candidate of economic sciences, Associate Professor, Head of the Center for Economic Theory and Interdisciplinary Research, Institute of Economics of the National Academy of Sciences of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan (Scopus h-index – 3)
10. **Rakhimberdinova M.U.** - PhD, associate professor of D. Serikbayev East Kazakhstan Technical University (Scopus h-index – 4)
11. **Giese Roland** - doctor of economic sciences, professor of the University of Applied Sciences Zittau-Gerlitz (Germany) (Scopus h-index – 2)
12. **Onyusheva I.V.** - PhD, research professor, Stamford International University (Bangkok, Thailand; Yangon, Myanmar) (Scopus h-index – 6)
13. **Pospelova T.V.** - candidate of economic sciences, associate professor of the department of World Politics and Economics of the Higher School of Economics, executive director of Triple Helix (Triple Helix Association in Russia) business coach of Mail.Ru Group (Russia), (Scopus h-index – 4)
14. **Grineva O.O.** - candidate of economic sciences, associate professor of the department of Marketing, head of the department of University Promotion in the International Scientific and educational Space of Plekhanov Russian University of Economics (Russia) (Scopus h-index – 2)
15. **Zhappar K.Z.** - **editor**, candidate of philological sciences, associate professor, head of the editorial and publishing department of Turan University

НӨМІРДЕ. В НОМЕРЕ

1 ЭКОНОМИКА: ТАРИХ, ТЕОРИЯ, ПРАКТИКА  
ЭКОНОМИКА: ИСТОРИЯ, ТЕОРИЯ, ПРАКТИКА

|   |     |
|---|-----|
| <b>Кыздарбекова А.С., Канабекова М.А., Низамдинова А.К., Попеско Б.</b><br>«Жасыл экономикаға» көшу жағдайындағы экологиялық комплаенс<br>тұжырымдамасын қолданудағы тәуекелдер және оны дамыту жолдары ..... | 9   |
| <b>Залучёнова О.М., Сайдулаева З.С., Гизе Р.</b><br>Социальная ответственность бизнеса в периоды чрезвычайных ситуаций<br>на примере пандемии COVID-19.....   | 23  |
| <b>Окутаева С.Т.</b><br>Особенности развития социального предпринимательства в Казахстане.....  | 37  |
| <b>Бастыков Д.Х., Ералиева Я.А., Айтқазина М.А.</b><br>Мемлекеттің әлеуметтік саясаты және оның Қазақстандағы<br>жұмыссыздық деңгейіне әсері .....  | 48  |
| <b>Rakhmetulina Zh.B., Urekeshova A.B., Suleimenova A.O., Kinasheva Zh.B.</b><br>Impact of technological progress on the labor market .....   | 63  |
| <b>Цеховой А.Ф., Степанов А.В., Некрасова Н.А., Жолтаева А.С.</b><br>Профессиональные управленческие знания как фактор<br>ускоренного развития Казахстана .....   | 75  |
| <b>Разакова Д.И.</b><br>Основные аспекты развития экономической науки в Республике Казахстан .....  | 90  |
| <b>Abaidullayeva M.M., Arupov A.A., Arupova A.A., Arupova N.R.</b><br>Research of the interrelation and interdependence of central Asian economies:<br>impact of the economy of Kazakhstan .....              | 107 |
| <b>Смагулова Н.Т., Елшибекова К.Ж., Асанова А.Ж.</b><br>Результативность инвестиций в человеческий капитал:<br>приоритеты и перспективы их развития.....  | 121 |
| <b>Мауленов А.О.</b><br>Применение методов описательной статистики к казахстанскому фондовому рынку .....   | 141 |
| <b>Адамбекова А.А., Анпазов А., Адамбеков Н.Т., Аманкелді Н.А.</b><br>Орталық Азия елдерінің инвестициялық тартымдылығы:<br>бағалау факторлары мен критерийлері .....   | 153 |
| <b>Смагулова Ш.А., Абдулина Б.А., Сайымова М.Д., Бабажанова Ж.</b><br>Перспективы развития государственно-частного партнерства Казахстана .....   | 170 |
| <b>Тургель И.Д., Корвяков В.А., Копбосынова А.Н.</b><br>Стимулирование процессов урбанизации на основе развития системы<br>городских услуг и общественных пространств .....                                   | 184 |
| <b>Бейсекова П.Д., Кирбетова Ж.С., Беделбекова Т.Н.</b><br>Астық өнімі кластерінің материалдық-техникалық ресурстарын бағалау .....   | 199 |

2 ЖАС ЗЕРТТЕУШІНІҢ МІНБЕСІ  
Трибуна молодого исследователя

|   |     |
|---|-----|
| <b>Байдаулетова Г.О., Есболова А.Е., Де Ла Поза Е.</b><br>Суармалы жерлерді пайдаланудың тиімділігін арттыруда инновациялық<br>технологияларды қолдану .....  | 217 |
| <b>Аймагамбетов Е.Б., Гимранова Р.Р., Спанова Б.К., Омарова А.Т.</b><br>Понятие «человеческий капитал» в условиях инновационного развития и его место<br>в системе смежных экономических категорий..... | 230 |

|  |     |
|--|-----|
| <b>Duisenbekova A.A.</b><br>Assessment of food security under post-pandemic: case of the Republic of Kazakhstan .....  | 238 |
| <b>Жамбылова Г.Ж., Сатмурзаев А.А., Кадырбекова Д.С., Болсынбекова Г.А.</b><br>Қазақстанның және аймақтарының аграрлық секторын<br>жаңғыртудың экономикалық тетігі.....                                | 253 |
| <b>Тубекова Д.О., Азретбергенова Г.Ж., Есымханова З.К.</b><br>«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» саясатын өңірлік деңгейде<br>жетілдірудің маңыздылығы.....   | 271 |
| <b>Текенова А.У., Дауренбекова А.Н., Альфонс Денес Энтони</b><br>Организация внутреннего контроля корпоративной устойчивости казахстанских<br>коммерческих компаний.....                               | 286 |
| <b>Мусин Б.М., Мусина З.М.</b><br>Қазақстан республикасындағы энергетика саласындағы мемлекеттік<br>басқару және реттеу ерекшеліктері: мүмкіндіктер мен тәуекелдер.....                                | 299 |
| <b>Kultanova A.Y., Zhoshibayeva D.A., Kunurkulzhayeva G.T., Bolatova B.Zh.</b><br>Essential problems and priorities of state regulation of migration approaches<br>in the Republic of Kazakhstan ..... | 311 |
| <b>Zhaishylyk A.P., Abdimotynova A.Sh.</b><br>Evaluation of Kazakhstan's entrepreneurial activity environment based on the global<br>entrepreneurial and development index approach .....              | 327 |
| <b>Солдатенко Т.А., Есимжанова С.Р., Байжаксынова Г.К., Федорова Т.Л.</b><br>Эффективность применения карты клиентского пути:<br>практический кейс казахстанской компании МСП.....                     | 339 |
| <b>Жанбозова А.Б., Имангали Ж.Ф., Дигель И.Е.</b><br>Анализ влияния коррупции на уровень бедности в Казахстане.....  | 354 |
| <b>Саденова А.М., Козлова М.В., Суйеубаева С.Н., Серегина Е.Р.</b><br>Экономикалық күрделілік индексі, оның әсері және жұмыссыздық<br>деңгейімен байланысы.....  | 368 |

### 3 БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ: ӘДІСТЕМЕ, ТЕОРИЯ, ТЕХНОЛОГИЯ ОБРАЗОВАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ: МЕТОДОЛОГИЯ, ТЕОРИЯ, ТЕХНОЛОГИЯ

|  |     |
|--|-----|
| <b>Jumasseitova A.K., Kaidarova N.A.</b><br>Unveiling perceptions of students in online education through Tree Classifier analysis .....                                   | 384 |
| <b>Еримпашева А.Т., Липовка А.В., Таракбаева Р.Е., Закирова А.А.</b><br>Влияние гендерных стереотипов на карьерные устремления<br>и выбор студентов STEM в Казахстане..... | 399 |
| <b>Рахметуллина С.Ж., Конурбаева Ж.Т., Сурова Д.С.</b><br>Практико-ориентированное образование как ответ на вызовы современного мира .....                                 | 415 |

IN THE ISSUE

1 ECONOMY: HISTORY, THEORY, PRACTICE

|  |     |
|--|-----|
| <b>Kyzdarbekova A.S., Kanabekova M.A., Nizamdinova A.K., Popesko B.</b><br>Concept of environmental compliance in the transition to the green economy<br>and ways of its development.....        | 9   |
| <b>Zaluchyonova O.M., Saidulaeva Z.S., Giese R.</b><br>Social responsibility of business during periods of emergency situations<br>on the example of the COVID-19 pandemic .....                 | 23  |
| <b>Okutayeva S.T.</b><br>Peculiarities of social entrepreneurship development in Kazakhstan.....   | 37  |
| <b>Bastykov D.H., Yeraliyeva Ya.A., Aitkazina M.A.</b><br>Social policy of the state and its impact on the unemployment rate in Kazakhstan.....  | 48  |
| <b>Rakhmetulina Zh.B., Urekeshova A.B., Suleimenova A.O., Kinasheva Zh.B.</b><br>Impact of technological progress on the labor market .....  | 63  |
| <b>Tsekhovoy A.Ph., Stepanov A.V., Nekrassova N.A., Zholtayeva A.S.</b><br>Professional management knowledge as a factor of accelerated<br>development of Kazakhstan.....                        | 75  |
| <b>Razakova D.I.</b><br>Main aspects of the development of economic science<br>in the Republic of Kazakhstan .....   | 90  |
| <b>Abaidullayeva M.M., Arupov A.A., Arupova A.A., Arupova N.R.</b><br>Research of the interrelation and interdependence of central Asian economies:<br>impact of the economy of Kazakhstan ..... | 107 |
| <b>Smagulova N.T., Elshibekova K.Zh., Assanova A.Zh.</b><br>Efficiency of investments in human capital: priorities and prospects<br>for their development.....                                   | 121 |
| <b>Maulenov A.O.</b><br>Application of descriptive statistics methods to Kazakhstan stock market .....   | 141 |
| <b>Adambekeva A.A., Appazov A., Adambekov N.T., Amankeldy N.A.</b><br>Investment attractiveness of central Asian countries:<br>factors and evaluation criteria .....                             | 153 |
| <b>Smagulova Sh.A., Abdulina B.A., Saiymova M.D., Babazhanova Zh.</b><br>Prospects of public-private partnership development in Kazakhstan .....   | 170 |
| <b>Turgel I.D., Korvaykov V.A., Kopbosynova A.N.</b><br>Stimulation of urbanization processes based on the development of the system<br>of urban services and public spaces.....                 | 184 |
| <b>Sauranova M.M., Beisekova P.D., Kirbetova Zh., Bedelbekova T.N.</b><br>Evaluation of material and technical resources of the grain cluster .....  | 199 |

2 PLATFORM OF YOUNG RESEARCHER

|   |     |
|---|-----|
| <b>Bidauletova G.O., Yesbolova A.Y., De La Poza E.</b><br>Application of innovative technologies in increasing<br>the efficiency of irrigated land use.....   | 217 |
| <b>Aimagambetov Y.B., Gimranova R.R., Spanova B.K., Omarova A.T.</b><br>Concept of human capital in the context of innovative development<br>and its place in the system of related economic categories ..... | 230 |

|   |     |
|---|-----|
| <b><i>Duisenbekova A.A.</i></b>   |     |
| Assessment of food security under post-pandemic: case of the Republic of Kazakhstan .....   | 238 |
| <b><i>Zhambylova G.Zh., Satmurzayev A.A., Kadyrbekova D.S., Bolsynbekova G.A.</i></b>   |     |
| Economic mechanism of agricultural sector and regions modernization .....   | 253 |
| <b><i>Tubeikova D.O., Azretbergenova G.Zh., Yessymkhanova Z.K.</i></b>  |     |
| Importance of implementation of Listening State policy at the regional level.....   | 271 |
| <b><i>Tekenova A.U., Daurenbekova A.N., Antoni Alfonz Denes</i></b>   |     |
| Organizing of internal control of corporate sustainability<br>of Kazakhstan commercial companies.....                                       | 286 |
| <b><i>Mussin B.M., Mussina Z.M.</i></b>   |     |
| Features of state management and regulation in the sphere<br>of energy in the Republic of Kazakhstan: prospects and risks .....             | 299 |
| <b><i>Kultanova A.Y., Zhoshibayeva D.A., Kunurkulzhayeva G.T., Bolatova B.Zh.</i></b>   |     |
| Essential problems and priorities of state regulation of migration approaches<br>in the Republic of Kazakhstan .....                        | 311 |
| <b><i>Zhaishylyk A.P., Abdimomynova A.Sh.</i></b>   |     |
| Evaluation of Kazakhstan’s entrepreneurial activity environment based on the global<br>entrepreneurial and development index approach ..... | 327 |
| <b><i>Soldatenko T.A., Yessimzhanova S.R., Baizhaxynova G.K., Fedorova T.L.</i></b>   |     |
| Effectiveness of using a customer journey map:<br>practical case of a Kazakhstani SME company .....   | 339 |
| <b><i>Zhanbozova A.B., Imangali Zh.G., Digel I.Ye.</i></b>  |     |
| Analysis of corruption impact on the poverty level in Kazakhstan .....  | 354 |
| <b><i>Sadenova A.M., Kozlova M.V., Suieubayeva S.N., Seregina E.R.</i></b>  |     |
| Index of economic complexity, its impact and relationship<br>with unemployment rate .....   | 368 |

### 3 EDUCATION AND TRAINING: METHODOLOGY, THEORY, TECHNOLOGY

|   |     |
|---|-----|
| <b><i>Jumasseitova A.K., Kaidarova N.A.</i></b>   |     |
| Unveiling perceptions of students in online education<br>through Tree Classifier analysis .....     | 384 |
| <b><i>Yerimpashaeva A.T., Lipovka A.V., Tarakbaeva R.Ye., Zakirova A.</i></b>                       |     |
| Influence of gender stereotypes on professional trajectories<br>of STEM students in Kazakhstan..... | 399 |
| <b><i>Rakhmetullina S.Zh., Konurbayeva Zh.T., Surova D.S.</i></b>                                   |     |
| Practice-oriented education as a response to the challenges of modern world.....                    | 415 |



**ЭКОНОМИКА: ИСТОРИЯ, ТЕОРИЯ, ПРАКТИКА**  
**ЭКОНОМИКА: ТАРИХ, ТЕОРИЯ, ПРАКТИКА**  
**ECONOMY: HISTORY, THEORY, PRACTICE**

FTAXP 06.56.31  
ӨОЖ 338.22  
JEL F6

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-3-9-22>

**А.С. КЫЗДАРБЕКОВА,\*<sup>1</sup>**

Э.Ф.М.

\*e-mail: aseta\_ks@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-3923-8484

**М.А. КАНАБЕКОВА,<sup>2</sup>**

Э.Ф.К., қауымдастырылған профессор.

e-mail: kma.2372@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-2392-0136

**А.К. НИЗАМДИНОВА,<sup>1</sup>**

Э.Ф.К., аға оқытушы.

e-mail: anizamdinova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-3507-5216

**Б. ПОПЕСКО,<sup>3</sup>**

PhD, профессор.

e-mail: popesko@utb.cz

ORCID ID: 0000-0002-7927-5597

<sup>1</sup>әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

<sup>3</sup>Томаш Бати атындағы университет,

Злин қ., Чехия

**«ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА» КӨШУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ**  
**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОМПЛАЕНС ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН**  
**ҚОЛДАНУДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ**

**Андатпа**

Қазіргі таңда «жасыл экономика», «жасыл энергия» әлемдік тренд болып табылады. Әлемнің «жасыл экономикаға» көшуін елемеу мүмкін емес. Бұл жағдайларға бейімделе алмаған ұйымдар қаржылық шығынға ұшырайды. Сол себепті экологиялық комплаенсқа ерекше назар аудару керек, өйткені экологиялық заңнамамен байланысты тәуекелдер бизнес үшін өте қауіпті болуы мүмкін. «Жасыл экономикаға» көшу барысында қоршаған ортаны сақтау кәсіпорындарға жаңа нарық жағдайларына бейімделуге мүмкіндік береді. Экологиялық нормалар мен заңдарды, ережелерді сақтау бизнестің инвестициялық тартымдылығын арттыру жолында оң нәтижеге жетуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда кәсіпорындардың халық арасындағы стаусына да әсер етеді. Жалпы кәсіпорындарда кешенді экологиялық аудитті ұйымдастыру үшін экологиялық комплаенстің интеграцияланған жүйесі қажет және кәсіпорынның менеджментіне экологиялық комплаенсты аудитпен синергия құру арқылы енгізу қажет, ол экологиялық аудитпен бірге жүретін үрдіс ретінде жүзеге асырылуы қажет. Бұл компанияның қоршаған ортаны қорғау саласындағы әлсіз бақтарын дер кезінде анықтауға, алдын алуға көмектеседі және қоршаған ортаны қорғауды жүзеге асыру барысында шығындарға ұшырамауға бағытталған экологиялық тәуекелдерді анықтайды. Бұл өз кезегінде кәсіпорындардың, бизнестің

экологиялық заңнамаларға бағынуы, оны өз тарапынан іске асыруы республика деңгейінде экологиялық ахуалды жақсартуға апаратын жол. Нақтыланған артықшылықтардың жоқтығына қарамастан, компаниялар қоршаған ортаны қорғауға тиіс, себебі ол болашаққа бағытталған заңды негізделген шешімдердің қабылдауын қамтамасыз етеді. Экологиялық комплаенс – бұл қоршаған ортаны басқаруда, экологиялық аудитті тиісті деңгейде өтуіне көмектесетін, менеджментті толықтыратын жүйелік құрал.

**Тірек сөздер:** жасыл экономика, экологиялық комплаенс, қоршаған ортаны қорғау, экономика.

Экономика мен қоғамның тұрақты «жасыл» даму мәселелері ұлттық қауіпсіздік мәселелеріне жатқызылады. Сондықтан, қабылданған «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» еліміздің дамуының «жасыл» жолына көшуіне негізделген, экономиканың тұрақты және тиімді моделін құрудың нақты бағыттарын белгіледі. Бұл стратегия 2050 жылға қарай қуатты мемлекет, дамыған экономика және жалпыға бірдей мүмкіндіктер негізінде өркендеген қоғам құру, республиканың басты мақсаты болып табылатын ұзақ мерзімді кезеңге арналған елді одан әрі үдемелі дамытудың негізгі бағыттарын тұжырымдайды. Бұл стратегия үш элементке бағытталған: өнеркәсіп, энергетика және инвестиция. Бұл стратегия энергетикалық және басқа ресурстарды пайдалануды барынша азайту кезінде тиімді экономикалық қызмет ауқымын сақтауға бағытталған; барлық энергия мен ресурстарды пайдалану кезіндегі қоршаған ортаға тигізетін қысымын барынша азайту және инвестицияны қоршаған ортаны қорғауға және экономикалық өсудің драйверіне айналдыру үшін шаралар қабылдау. Стратегияға сәйкес Қазақстанның болашағы қоғам дамуының барлық аспектілерінің бірлігі мен тепе-теңдігімен байланысты. Қазақстан – тұрақты экономикалық өсуге, әл-ауқатқа, денсаулыққа және барлық азаматтары үшін қолайлы қоршаған ортаға қол жеткізіп келе жатқан ел. Осы бағдарламаны жүзеге асыру үшін мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев 2013 ж. 30 мамырда Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасын бекітті [1].

Соңғы бірнеше онжылдықта экономиканың дамуы қарқынды болды, адамдардың өмір сүру деңгейі жақсарды, демографиялық өсу қарқын алды, бұл табиғи ресурстардың сарқылуына әкелді. Бүгінгі таңда дүние жүзі елдерінің көпшілігі өнеркәсіптік экономикалық өсуден болатын экологиялық шығындарды түсінді, осыған байланысты кейбір елдер тұрақты дамудың әртүрлі тұжырымдамаларына, «жасыл» экономика моделін қолдануға көшуде. Бұл бағыттағы «жасыл» өсу тұжырымдамасын ұлттық стратегия ретінде жүзеге асыруды жариялаған бірінші мемлекет Оңтүстік Корея болды. Қазақстан да басқа елдер сияқты Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасын қабылдады.

Жасыл экономика – бұл түпкілікті пайдалану өнімдерінің өндірістік циклге қайтарылуын қамтамасыз ететін қоғамның әл-ауқатын сақтай отырып, табиғи ресурстарды басқаруға бағытталған экономика. «Жасыл» экономиканың негізгі бағыты – қазіргі уақытта сарқылуға ұшырайтын ресурстарды (пайдалы қазбалар – мұнай, газ) үнемді тұтыну, сондай-ақ сарқылмайтын ресурстарды ұтымды пайдалану.

Басқа елдермен қатар Қазақстан да тұрақты даму шараларын қабылдауда, бірақ табысқа жету мемлекеттің, бизнестің және азаматтардың бірлескен күш-жігеріне байланысты. Бизнес пайданы экологиялық тазалықтан жоғары қоймауы керек, мемлекет барлық қажетті инфрақұрылымды құруы керек, ал азаматтар жеке тұлға және қоғам ретінде жауапты мәдениетті дамытуы керек, бұл сайып келгенде табиғат пен адамның үйлесімді өмір сүруіне әкеледі. Экологияны қорғау тұжырымдамасы сыртқы жағдайлардың өзгеруіне байланысты жақсартылып, жетілдіріліп, оны жер-жерде іске асыру қажет, тек көрсету үшін қағаз жүзінде ғана емес, тұрақты жоба болуы керек [2]. Сол себепті экологиялық комплаенсты үрдіс негізінде кәсіпорындарға енгізу керек, оны заң жүзінде, нормативтік акт ретінде бекіту қажет.

Ұйымның корпоративтік аудит жүйесіне экологиялық сәйкестікті енгізу ұзақ мерзімді перспективада компанияның қаржылық есеп беру сапасын жақсарту арқылы инвестициялық тартымдылықты арттырады.

Дәстүрлі түрде экономика мен экологияның өзара әрекеттесу мәселелеріне жеткіліксіз көңіл бөлінді. Сонымен қатар, экономикалық өсуді қамтамасыз ету ластану мен қоршаған ортаның нашарлауымен байланысты екеніне дау айту қиын. Бұл табиғи ресурстардың сарқылуынан, биосфера тепе-теңдігінің бұзылуынан және одан әрі даму мүмкіндіктерін шектейтін климаттың өзгеруінен көрінеді.

## Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалдары ғалымдардың ғылыми еңбектері, Қазақстан Республикасының құқықтық құжаттары, талдау және синтез әдістері қолданылды. Зерттеу шеңберінде шетелдік және отандық авторлардың ғылыми еңбектері, сондай-ақ әртүрлі елдердегі «жасыл» экономикаға өту үрдісін талдау, экологиялық рейтинг туралы мәліметтерді ұсынатын интернет-ресурстарын зерттеу мақаланың негізгі дереккөздері болды.

Негізгі зерттеу әдістерінің бірі ретінде салыстырмалы талдау қолданылды. Бұл жекелеген елдерде экологиялық мәселелер бойынша бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастыру ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Кейбір жағдайларда аналогия және теориялық жалпылау әдістері қолданылды, бұл экологиялық комплаенстың мәнін түсінуге мүмкіндік береді.

Осы мақсатқа жету үшін жұмыста теориялық зерттеу әдістері қолданылды: тұжырымдаманың теориялық ережелерін ашу және талқылау тақырыптарын анықтау үшін талдау, синтез; негізгі сәттерді және болып жатқан өзгерістер мен толықтырулардың ретін анықтау, жалпылау үшін қорытындылар мен нәтижелерді тұжырымдау.

## Негізгі ережелер

Көбінесе сәйкестіктің мақсатты бағыты экономикалық субъектінің тек қаржылық шығындарға ғана емес, сонымен қатар реттеуші органдардың, серіктестердің, тұтынушылардың сенімін жоғалтуына әкелуі мүмкін тәуекелдерді барынша азайту болып табылады. Тікелей қаржылық залалды анықтаумен қатар, комплаенс-бақылау басқа да салдарларды анықтайды: құқықтық, банктік, несиелік және оның әрі қарайғы қызметіне және тұрақты дамуына әсер ететін басқа да тәуекелдер. Демек, өз мәні бойынша комплаенс тәуекелі деп заңдарды, нұсқауларды, ережелерді, өзін-өзі реттейтін ұйымдардың стандарттарын, этикалық кодекстерді сақтамау болып табылады. Сондықтан ішкі бақылаудың осы нысанын іске асыру бойынша шараларды әзірлеу кезінде комплаенс тәуекелдерінің негізін құрайтын және кез келген нысандағы ұйымның қаржылық жағдайына көбірек әсер ететін тәуекелдерді анықтау қажет. Тәуекелдерді бағалау, оларды анықтау және алдын алу шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметін басқарудың маңызды реттеуші құралы болып табылатынын атап өтеміз.

Қоршаған ортаны сақтау – корпоративтік комплаенстің бір бөлігі, оның негізі мемлекеттік деңгейде қаланады. Алайда экологиялық саясатты жүзеге асырудың тиімді тетігінің жоқтығы оны барлық жерде жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Сондай-ақ, компанияның саясатын анықтау және оны жүзеге асыру мәселелері бойынша корпорацияның басқару органдарының құзыретін заңнамалық реттеудегі айырмашылықтар теріс рөл атқарады.

Экологиялық проблемалар ғалымдармен ұзақ уақыт бойы зерттелді, бірақ олар соңғы екі онжылдықта ең кең таралған. Бұл экологиялық тәуекелдердің жалпы қоршаған ортаға ғана емес, сонымен қатар барлық деңгейдегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық жағдайы мен қауіпсіздігіне әсерімен байланысты. Көптеген мемлекеттер мен компаниялардың практикалық тәжірибесі ресурстарды көп қажет ететін экономика ұзақ мерзімді перспективада қымбатқа түсетінін көрсетті. Экологиялық тәуекелдерді реттеу қажеттілігіне байланысты экономикалық дамудың тұрақтылығын экологиялық мәселелерді шешу призмасы арқылы қарастыратын «жасыл» экономика тұжырымдамасы пайда болды. Осылайша, экономика экологияның даму тенденцияларына бағынады және қоршаған ортаға әсер етуші қауіптер экономикаға да әсер етеді. «Жасыл» экономика экономикалық өсуді білдіреді, ол шаруашылық жүргізуші субъектілер мен қоршаған орта мүдделерінің тепе-теңдігін сақтауға негізделген.

## Әдебиетке шолу

Жасыл экономика аясында экологиялық комплаенстың атқаратын рөлін, оның маңыздылығын анықтау барысында, «жасыл» экономика терминін де зерттеп шықтық. «Жасыл» экономика терминін ғылыми әдебиетке алғаш рет британдық экономистер Дэвид Пирс, Анил

Маркандья және Эдвард Барбиер 1989 ж. Ұлыбритания үкіметіне «Жасыл экономика үшін жоспар» (Blueprint for a green Economics) деп аталатын баяндамасында енгізді.

Тұрақты даму және «жасылдандыру» тұжырымдамасына көшу қажеттілігі табиғи капиталды пайдаланатын қазіргі және болашақ ұрпаққа қауіп төндіретін қазіргі «қоңыр» экономиканың жұмыс істеуінің жағымсыз салдарымен байланысты.

Комплаенстың терминологиялық анықтамасы бойынша консенсус жоқ. «Комплаенс» сөзінің этимологиясына бірнеше көзқарастар бар. Дүниежүзілік банк сарапшысы Д. Малыхин комплаенсті нұсқауларға, ережелерге және арнайы талаптарға сәйкес әрекет ету қабілеті деп анықтайды [3].

Оксфорд ағылшын сөздігінде «комплаенс» сөзі келесідей түсіндіріледі:

Комплаенс – бұл бағыну, яғни нұсқауға, талапқа, стандартқа сәйкес орындалатын әрекет.

Соңғы жылдары комплаенс бизнестің әлемдік трендіне айналды, өйткені ол ішкі бақылау жүйесін қамтамасыз етуге және ықтимал шығындар мен тәуекелдерді болдырмауға мүмкіндік береді. Экономикалық қоғам үшін комплаенс салыстырмалы түрде жаңа механизм болып табылады, сондықтан терминнің бірнеше анықтамалары бар. Қарапайым тілмен айтқанда, комплаенс – бұл заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету рәсімдерін қамтитын ықтимал тәуекелдерді бақылау мен бағалаудың ішкі жүйесі [4].

Беларусь және Ресей заң ғылымының шеңберінде қоршаған ортаны қорғау мақсатында «комплаенс» тұжырымдамасының доктриналық негіздемесін В.В. Кванина және Т.И. Макарова қарастырылған санатты қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары аясында пайдалану мүмкіндігін белгіледі. Экологиялық комплаенс, ғалымдардың пікірінше, белгілі бір субъектінің экологиялық саясатын жүзеге асыру үшін белгілі бір жағдайда, шаруашылық қызметтің берілген түріне қажетті табиғатты қорғау шараларының оңтайлы кешенін қамтитын бағдарлама [5].

## Нәтижелер мен талқылау

Дүние жүзінде экономикалық байланыстар қарқынды дамып келеді, қаржы жүйесінің өсуі шекараны білмейді. Осының барлығы бір жағынан нарықтық және тауарлық қатынастарды дамытатын, екінші жағынан, экология мен қоршаған орта жағдайының нашарлауына әкелетін өндіріс шегінің ұлғаюына әкеліп соғады.

Жасыл экономика – бұл қоршаған орта мен планетаның экологиясын сақтай отырып, өндірісті дамытуды басты мақсат ететін экономикалық жүйе.

Бүгінгі таңда барлық елдер салауатты экономикалық жүйе туралы айта алмайды, өйткені салауатты экономика тек экономикалық, әлеуметтік емес, сонымен қатар, экологиялық құрамдастарды біріктіреді. Яғни, бұл компоненттердің барлығын біртұтас ретінде қарастыру керек. Осылайша, ірі қалаларда қоршаған ортаның құрамдас бөлігі үлкен дәрежеде зардап шегеді, ал қалған екеуі айтарлықтай табысты.

Жасыл экономика концепциясының мәні әлемнің қай елінде дамыған немесе дамушы екеніне қарамастан экономиканы, әлеуметтік саясатты және экологияны ұтымды ету және үйлесімділік құру болып табылады.

Бірақ, жасыл экономикаға көшіп жатсақ та, Қазақстан экологиялық рейтинг бойынша өз деңгейлерін жоғалтуда. Мысалы, басқа мемлекеттермен салыстырғанда, ССРІ (Climate Change Performance Index) 2022 рейтингінде Қазақстан небәрі 20 ұпай жинап, 64-орынға орналасты. Өткен жылмен салыстырғанда еліміз 9 қатарға төмендеді (1-сурет). Сауд Арабиясы жоғарырақ орналасқан [6].

Кесте 1 – Мемлекеттер бойынша климаттың өзгеруінің тиімділік индексі


| Мемлекет | 2021 ж. | 2022 ж. | Рейтинг | Өзгеріс (салыстырмалы түрде) |
|----------|---------|---------|---------|------------------------------|
| Дания    | 6       | 4       | Жоғары  | 2                            |
| Швеция   | 4       | 5       | Жоғары  | -1                           |
| Норвегия | 8       | 6       | Жоғары  | 2                            |
| Үндістан | 10      | 10      | Жоғары  | 0                            |
| Украина  | 20      | 20      | Орташа  | 0                            |

1-кесте жалғасы

|               |    |    |           |     |
|---------------|----|----|-----------|-----|
| Еуроодақ      | 16 | 22 | Орташа    | -6  |
| Қытай         | 33 | 37 | Төмен     | -4  |
| Беларусь      | 36 | 48 | Төмен     | -12 |
| Ресей         | 52 | 56 | Өте төмен | -4  |
| Иран          | 59 | 62 | Өте төмен | -3  |
| Сауд Арабиясы | 60 | 63 | Өте төмен | -3  |
| Қазақстан     | 55 | 64 | Өте төмен | -9  |

Ескертпе: [6] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Жасыл экономиканы құруда әр кәсіпорынның алатын орны бөлек, барлық кәсіпорын мененджмент тұрғысынан экологиялық комплаенстың тиімді үдерісіне көшетін болса, жалпы экологиялық индексті көтере алатынымыз анық.



Сурет 1 – Елдер бойынша климаттың өзгеруінің тиімділік индексі

Ескертпе: [6] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Экология тұрғысынан тиімділік рейтингісін жоғалту, ол экономика шеңберінде қызмет ететін әр кәсіпорынның іс-әрекетінің нәтижесі деп білуіміз керек. Себебі, экологиялық тиімділік экономикаға ғана емес, халықтың тұрмыс-тіршілігіне де әсер етеді. Екеуі тығыз байланыста, экология мен экономика синергиялық эффект арқылы жұмыс істеу қажет. Сол себепті, экологиялық тиімділікті оңтайландыру арқылы, экологиялық тәуекелдерді, ең алдымен кәсіпорындарда төмендету арқылы, біз жалпы экономиканы тиімді ете аламыз және жасыл экономиканы жетілдіруге жол ашамыз.

Климаттың өзгеруінің тиімділік индексі төрт санат бойынша бағаланады:

- ◆ парниктік газдар шығарындылары;
- ◆ жаңартылатын энергия;
- ◆ энергияны пайдалану;
- ◆ климаттық саясат.

Барлық категориялар бойынша еліміздің рейтингісі төмен:

- ◆ парниктік газдар шығарындылары – 7,18 балл (63-орын);
- ◆ жаңартылатын энергия – 2,54 балл (59-орын);
- ◆ энергияны пайдалану – 5,06 балл (63-орын);
- ◆ климаттық саясат – 5,03 балл (54-орын).

Барлық категориялар жиынтығы бойынша, Қазақстанның алған балы 19,81. Бірінші суретте көрсетілгендей, біздің мемлекет ең соңғы орында жайғасқан [6].

Осылайша, жасыл экономика тұжырымдамасы қоғамның және әлемнің көптеген елдерінің экологиялық проблемаларына жаңа көзқарас болып табылады және ол бүкіл әлемдегі экономикалық қатынастарды дамыту үшін айтарлықтай маңызды [7].

Қазақстан экономикасы энергияны қажет етеді, ол ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы) елдеріне қарағанда орта есеппен екі-үш есе көп энергияны қажет етеді.

Энергетикалық жабдықтың басым бөлігі – 65%, 20 жылдан астам жұмыс істейді, оның ішінде шамамен – 31%, 30 жылдан астам пайдаланылған. Энергия өндіруші жабдықтар мен желінің тозуы сәйкесінше 70% және 65% құрайды. Осылайша, 2022 жылғы жағдай бойынша электр энергиясын жеткізу және таратудың жалпы жүйелері бойынша электр энергиясын жеткізудегі ысыраптар 6,7% құрайды (2-сурет).



Сурет 2 – Электр энергиясын өндіру және тарату тиімділігі (2022 ж.)

Ескертпе: Статистикалық дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Қазақстан орта мерзімді перспективада тұрақты өсуді қамтамасыз ету үшін баламалы энергия көздерін дамытуға ұмтылады.

Қазақстан және ЕАЭО (Еуразиялық Экономикалық Одақ) басқа елдері үшін жасыл экономика стандарттарына көшу осы ЕАЭО елдерінің ұлттық экономикаларының ерекшелігі тау-кен өнеркәсібі мен өңдеу өнеркәсібінің экономиканың өсуіне негізгі үлес қосатындығымен қиындайды. Бірақ жоғары технологиямен емес. Бұл елдер блогы айқын шикізаттық бағытқа ие. Және сәйкесінше, қоршаған ортаға әсері айтарлықтай үлкен болып қалады.

Бүкіл әлемде елдердің өз қарқынымен және ұлттық даму мақсаттары мен басымдықтары контекстінде жасыл экономикаға қарай жылжып келе жатқанын көрсететін ұлттық деңгейде бастамалар бар.

Мысалы, Германияда жасыл энергияны пайдалану үшін бірқатар қосымша ынталандырулар бар. Олардың қатарында нарыққа баламалы энергетика саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды енгізу бойынша экономикалық көмек көрсетудің мақсатты бағдарламалары, сондай-ақ, федералды штаттар мен муниципалитеттердің көптеген іс-шаралары бар. Мысалы, Баварияда қоғамдық ғимараттарды энергетикалық қалпына келтіруге арналған құны 150 млн еуроны құрайтын арнайы бағдарлама бар. Сонымен қатар, Бавария ақпараттық және кеңес беру ұсыныстарын қатты қолдайды. Мысалы, Гамбург Еуропаның «жасыл астанасы» болып саналады. Гамбург қоршаған ортаны қорғаудағы үлгілі міндеттемесі үшін бұл атаққа ие болған Стокгольмнен кейінгі екінші қала. Соңғы 12 жылда бұл қала жаңартылатын энергия көлемін үш есе дерлік арттырды. HafenCity, Еуропадағы ең ірі қалалық жоба, экологиялық өмір салтының үлгісі болып табылады.


«Жасыл» өсу концепциясын ұлттық стратегия ретінде таңдаған Оңтүстік Корея «жасыл» индустрияға, энергетика мен инвестицияға, көліктің «жасыл» түрлеріне, тұщы судың баламалы көздеріне, қалдықтарды қайта өңдеу технологияларына, саябақтарды дамытуға, «жасыл» өсу концепциясын «жасыл» индустрияға, энергетика мен инвестицияға және қала ішіндегі өзендерді абаттандыруға жұмсауда.

Бразилия жасыл экономиканы ілгерілету үшін ұлттық және мемлекеттік деңгейде көптеген бастамаларды қолға алды. Соның бір мысалы ретінде Сан-Паулу штаты қабылдаған, жасыл экономикаға көшу үшін экономикалық секторлар мен маңызды аймақтарды қамтитын жан-жақты жасыл экономика бастамасы болып табылады. Бразилия баламалы энергетиканы дамытудың ауқымды бағдарламасын қабылдады, оған сәйкес ел 2030 жылға қарай электр энергиясының 75%-ын баламалы энергия көздерінен алуы тиіс.

Осылайша, соңғы кездері әлем елдерінің көпшілігі қоршаған ортаны қорғау экономикаға ауыртпалық деп есептелетін дәстүрлі үлгіден экологияның қозғаушы күші деп танылатын үлгіге көшу үшін қоршаған ортаны қорғау саясатын күшейткенін көреміз. Көптеген дамыған және дамушы елдер таза технологияларды енгізу және жасыл инфрақұрылымды жақсарту үшін ынталандырулар жасауда.

Айта кетсек, еліміз бойынша қоршаған ортаны қорғау бойынша инвестициялар көлемі жылдан жылға өсіп келеді. Сол инвестициялар тартымдылығын одан ары арттыру мақсатында экологиялық комплаенстың алатын орны ерекше.

2021 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында Қазақстанда қоршаған ортаны қорғауға инвестиция 118,9 млрд теңгені құрады. Өткен жылы осы қажеттіліктерге осы кезеңде 115,9 млрд жұмсалды.



Сурет 3 – Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған негізгі капиталға инвестициялау

Ескертпе: [6] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Сол себепті экологиялық комплаенсқа ерекше назар аудару керек, өйткені экологиялық заңнамамен байланысты тәуекелдер бизнес үшін өте қауіпті болуы мүмкін. «Жасыл экономикаға» көшу барысында қоршаған ортаны сақтау кәсіпорындарға жаңа нарық жағдайларына бейімделуге мүмкіндік береді. Экологиялық нормалар мен заңдарды, ережелерді сақтау бизнестің инвестициялық тартымдылығын арттыру жолында оң нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

Жасыл экономика концепциясы «қоршаған орта комплаенсы» сияқты бағдарламаларды заң аясында (мысалы, нормативтік актілер арқылы) қамтуы керек және барлық ұйымдар ол бағдарламаны толық түсінетіндей, пайдалана алатындай ақпаратпен қамтамасыз етілуі қажет.

Қазіргі уақытта Қазақстанда экологиялық комплаенс реттелмейді: заңнамада оның анықтамасы да, іске асыру ережелері де жоқ. Оның қолданбасы табиғи ресурстарды пайдаланушыларға ешқандай артықшылықтарды бермейді.

Дегенмен, қазірдің өзінде мемлекеттік экологиялық саясатқа экологиялық комплаенсты енгізу және комплаенсты болашақта ынталандыру үшін негіз жасау қажет.

Нақты берілген преференциялардың жоқтығына қарамастан, компаниялар экологиялық комплаенсты қолдануға мүдделі, өйткені ол болашаққа бағытталған заңды негізделген шешімдердің қабылдануын қамтамасыз етеді. Ол компанияның қызметіне енуді және экологиялық, құқықтық тәуекелдердің алдын алатын және кәсіпорындарға қолданылатын экологиялық санкцияларды іс жүзінде азайтатын, қолданыстағы басқару тәртібін сапалы өзгертуді (жетілдіруді) қамтиды.

Экологиялық комплаенс – бұл қоршаған ортаны басқаруды толықтыратын жүйелік құрал. Экологиялық талаптарға сәйкестік экологиялық қызметтің құқықтық аспектісіне назар аудару және жүйені енгізу кезінде әлеуметтік факторларын (ішкі, мысалы, корпоративтік мәдениет, адам ресурстарын басқару және сыртқы, атап айтқанда, бедел мен қоғаммен байланыс) ескере отырып, басқару тиімділігін арттырады [8].



Сурет 4 – Экологиялық комплаенсты қолданудағы артықшылықтар

Ескерту: [8] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Комплаенс белгілі бір кәсіпорынның сипаттамаларын ескере отырып, экологиялық тәуекелдерді басқару жүйесін бейімдеу және құруды қамтиды.

Экологиялық жобаларды, оның ішінде бақылау шараларын және қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің маңызды кешенін құқықтық қамтамасыз етуде терең білім мен тәжірибе қажет. Сонымен қатар, басқару және жалпы сәйкестік сияқты экологиялық емес және құқықтық емес құзыреттер қажет. Саясатты әзірлеу кезінде өндіріс құрылымы, мәдени ерекшеліктері, көш-басшылық стилі, компанияның әлеуметтік имиджі және т.б. ескерген жөн.

Сондықтан, шын мәнінде тиімді комплаенс оны жүзеге асыруға қатысатын мамандардың жоғары біліктілігін талап етеді. Дегенмен, белгілі бір дәрежеде комплаенсті кәсіпорынның өзі жүзеге асыра алады [9].

«Жасыл экономика» терминінің халықаралық деңгейде нақты келісілген анықтамасы әлі де жасалған жоқ. Жасыл экономика аясында біз жанама экономикалық тиімділікті, кедейлікті азайтуды және халықтың экологиялық ресурстарға қолжетімділігін ауқымды қамтамасыз етуді қоса алғанда, экономикалық тиімді және ұзақ мерзімді негізде қоршаған ортаны, экожүйелердің өнімділігін және өмірдің экологиялық сапасын жақсартатын экономика секторлары мен институционалдық тетіктерді түсінеміз. Табиғи ортаны жақсартуға жұмсалған шығындар қазір экожүйені қалпына келтіретін және олардың экономикалық өнімділігін арттыратын көптеген үнемді технологиялардың пайда болуының арқасында өзін-өзі ақтауда.

Сәйкестік тәуекелдерін бағалау мыналарды ескере отырып жүргізілуі тиіс:

- ◆ бақылау функцияларын жүзеге асыратын бөлімше қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігі;
- ◆ ұйым қызметінің көлемі мен түрлері;
- ◆ тұтынушы базасы (жеткізушілер, сатып алушылар, басқа мердігерлер контекстінде);
- ◆ құрылымдық бөлімшелердің, оның ішінде басқа аймақтарда болуы;
- ◆ бухгалтерлік есеп және салық салу саласындағы заңнама және нормативтік құқықтық актілер.

Сәйкестікті бақылауды жүзеге асыру кезінде осы жүйені енгізуді қалайтын белгілі бір объектінің стандарттарына бағытталған сәйкестік бағдарламаларын, сәйкестік стратегияларын және сәйкестік жоспарларын әзірлеу қажет.

Комплаенс-бақылау комплаенс-тәуекелдерді азайтудың перспективті құралы ретінде тек қаржылық институттарды ғана емес, экономиканың нақты секторындағы ұйымдарды да қоршаған ортаны қорғау бойынша мәселелерде шаруашылық жүргізуші субъектілерді басқарудағы негізгі ұстанымдарға сенімді түрде жету болып табылады [10].



Тәуекелдерді басқару процесі үш негізгі кіші процесті қамтиды: профилактикалық басқару (тәуекелдердің алдын алу және анықтау); тәуекелдің ысыраптары мен жағымсыз салдарын барынша азайту; тәуекелді жүзеге асырудан қосымша пайда алу [11].

Экологиялық тәуекелдерге келетін болсақ, олар бір қарағанда барлығына түсінікті және айқын, бірақ іс жүзінде оларды бағалау және басқару қиынырақ. Экологиялық тәуекелдер – бұл қоршаған ортаға әсер ету нәтижесінде пайда болуы мүмкін өзгерістердің экологиялық ортада кез келген жағымсыз өзгерістердің немесе ұзақ мерзімді зиянды зардаптардың барлық түрлерінің туындау ықтималдығы. Бұл сипатталған тәуекел табиғи зардаптардың өткір, қауіпті және төтенше жағдайларда және антропогендік, техногендік апаттарда көрсетілуі мүмкін [12, 13]. Табиғи және антропогендік әсерлердің зияны болмай қоймайтыны анық, шаруашылық жүргізуші субъектінің міндеті осы зиянды барынша азайту болып табылады. Табиғат жүктемеге төтеп бермеуі мүмкін, қоршаған орта өмір сүруге жарамсыз болады. Шаруашылық субъектісі осылайша осы әсердің жағымсыз салдарын жою үшін қоршаған ортаға зиянды әсер ету мүмкіндігін есептеуі керек. Бұл шектеулерді есептеу өте қиын, өйткені техногендік және антропогендік әсерлердің одан әрі дамуының көптеген шектері белгісіз. Осыған байланысты мүмкін болатын есептеулер экологиялық тәуекелдер ықтималды және өте көп нұсқалы деп болжайды. Табиғи апаттарды болжау өте қиын болса, техногендік қауіптерді азайту әр шаруашылық субъектісінің міндеті.

- 15 Al'zhanova N.Sh., Səyirbaeva Ə.T. (2018) Social'noe predprinimatel'stvo v Kazahstane kak novaja model' ustojchivogo social'nogo izmenenija: trendy, vyzovy i perspektivy razvitija // The Journal of Economic Research & Business Administration. No. 4(126). P. 60–67. URL: <https://be.kaznu.kz/index.php/math/article/view/2028>. (In Russian).

**С.Т. ОКУТАЕВА,\*<sup>1</sup>**

PhD, доцент.

\*e-mail: [saulesha\\_okutaeva@mail.ru](mailto:saulesha_okutaeva@mail.ru)

ORCHID ID: 0000-0002-9442-8416

<sup>1</sup>Astana International University,

Астана қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚСТАНДА ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУҒА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Андатпа

Экономика дамуының қазіргі кезеңінде қоғамдық сектордың мақсаттарына жету үшін жеке, коммерциялық емес және мемлекеттік секторлардың серіктестігінің мысалдарын жиі байқауға болады. Коммерциялық емес ұйымдар коммерциялық емес кәсіпорындарды дамытуға және қолдауға қолайлы жағдай туғыза отырып, мемлекеттің әлеуметтік мәселелерді шешуге жеткілікті ресурстарының болмауына байланысты қоғамның

әлеуметтік мәселелерін шешеді. Осыған орай соңғы жылдары дамыған елдерде ерекше көңіл бөлініп отырған әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудың маңызы ерекше. Әлеуметтік кәсіпкерлік – қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешу немесе жеңілдету үшін инновациялық технологияларды пайдаланатын инновациялық кәсіпкерлік қызмет. Мұндай мәселелер ерекше қажеттіліктері бар адамдарды, әлеуметтік осал санаттағы адамдарды жұмыспен қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, білім беру, денсаулық сақтау және т.б. болуы мүмкін. Әдетте, әлеуметтік кәсіпорын оны құрудың бастамашысы өзі тап болған мәселені шешуге тырысқанда қалыптасады. Мақаланы жазудағы мақсат – Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің даму жағдайын зерттеу, оның қазіргі кезеңдегі дамуына байланысты мәселелерді анықтау, сонымен қатар осы мәселелерді шешуге өзіндік көзқарасын ұсыну. Әлеуметтік кәсіпкерлік Қазақстан экономикасындағы жаңа құбылыс болғандықтан, бұл тақырып зерттелмеген, зерттелетін тақырып бойынша әлі күнге дейін ғылыми еңбектер жеткіліксіз, осыған байланысты Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту және оның ерекшеліктерін зерттеу ғылыми тұрғыдан қызықты болып көрінеді. Мақаланың практикалық маңыздылығы квазимемлекеттік органдардың әлеуметтік кәсіпкерлік тақырыбына қызығушылығымен расталады.

**Тірек сөздер:** экономика, әлеуметтік кәсіпкерлік, мүгедектер, Жұмыспен қамту, заң, SWOT талдау, әлеуметтік мәселелер.

**S.T. OKUTAYEVA,\*<sup>1</sup>**

PhD, associate professor.

\*e-mail: saulesha\_okutaeva@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-9442-8416

<sup>1</sup>Astana International University,  
Astana, Kazakhstan

## **PECULIARITIES OF SOCIAL ENTREPRENEURSHIP DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN**

### **Abstract**

At the current stage of economic development, we can increasingly see examples of partnerships between the private, non-profit and public sectors to achieve public sector goals. Non-profit organizations solve social problems of society due to the fact that the state does not have enough resources to solve social problems. In this regard, the development of social entrepreneurship, which has received special attention in developed countries in recent years, is of particular importance. Social entrepreneurship is an innovative entrepreneurial activity using innovative technologies to solve or mitigate social problems in society. Such problems can be – providing employment for people with special needs, people from socially vulnerable categories, environmental protection, education, health care, etc. As a rule, a social enterprise is formed when the initiator of its creation tries to solve a problem that he or she has faced personally. The purpose of this article is to study the state of development of social entrepreneurship in Kazakhstan, to identify the problems associated with its development at the present stage, as well as to offer its vision of solving these problems. Due to the fact that social entrepreneurship is a new phenomenon in the economy of Kazakhstan, this topic is unstudied, there are not enough scientific works on the topic of research, in this connection we find it interesting to study the features of social entrepreneurship development in the Republic of Kazakhstan from the scientific point of view. The practical relevance of the article is confirmed by the interest of quasi-governmental bodies in the topic of social entrepreneurship.

**Key words:** economy, social entrepreneurship, persons with disabilities, employment security, law, SWOT analysis, social problem.

FTAXP 81.93.25  
ӘОЖ 304.44  
JEL I3, J16, J30, J40

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-3-48-62>

**Д.Х. БАСТЫКОВ,\*<sup>1</sup>**

докторант.

\*e-mail: dostiyar.bastykov@narxoz.kz

ORCID ID: 0000-0001-6735-352X

**Я.А. ЕРАЛИЕВА,<sup>1</sup>**

PhD, профессор.

e-mail: yana.yeralyeva@narxoz.kz

ORCID ID: 0000-0002-2318-5920

**М.А. АЙТҚАЗИНА,<sup>2</sup>**

PhD, профессор.

e-mail: m.aitkazina@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-8410-0900

<sup>1</sup>Нархоз университеті,

Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Алматы технологиялық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

## МЕМЛЕКЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ДЕҢГЕЙІНЕ ӘСЕРІ

### Андатпа

Қазақстанда халықты әлеуметтік қолдау жүйесінің қалыптасу процесі терең әлеуметтік-экономикалық реформалармен байланысты. ҚР-да қабылданған соңғы бағдарламалық құжаттар адами капиталды дамытуға, халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін арттыруға ғана емес, қоғам мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық қорғалуын күшейтуге бағытталған. Халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған барабар әлеуметтік саясатты жүргізу мемлекеттің маңызды функцияларының бірі болып табылады. Бұл зерттеудің мақсаты жұмыссыздық пен халықтың кедейлігі, әлеуметтік теңсіздік мәселелерін, сондай-ақ оңтайландыруға байланысты мемлекеттік саясаттың шараларының әсерін қарастыру болып табылады. Зерттеу әдістері шолу, жалпылау, статистикалық және сандық талдау болды. Зерттеудің ақпараттық базасы отандық әлеуметтік қамсыздандырудың негізгі проблемаларын көрсететін Ұлттық статистикалық бюросының деректерін қамтыды. Зерттеу барысында халықтың табысын арттыру бойынша мемлекеттің бағдарламаларын іске асыру толық нәтиже бермегені анықталды. Жүргізілген зерттеу номиналды табыс динамикасының өсуімен халықтың нақты табысының төмендеуін, ауыл және қала тұрғындарының табыс теңсіздігінің жоғары үлесін көрсетті, бұл жалпы экономикалық өсудің баяулауымен және инфляцияның өсуімен байланысты. Сонымен қатар, зерттеу өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың жоғары үлесін анықтады, олар өкінішке орай өнімсіз жұмыстармен айналысады, нәтижесінде кедейліктің өсуіне әкеледі. Осы жағдайларды ескеріп халықты әлеуметтік қолдау шараларын жүйелендіру үшін халықтың табысын теңестіретін мемлекеттік жобаларды іске асыру қажет.

**Тірек сөздер:** әлеуметтік саясат, оңтайландыру, кедейлік, жұмыссыздық, табыс, өмір сүру құралдары.

### Кіріспе

Кез келген елдің әлеуметтік жағдайы арқылы сол елдің даму болмысын және бет бейнесін көре аламыз. Бұл сол елдегі жүргізілген саясаттың қаншалықты қалай іске асырылуынан байқауға болады. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері саяси даму жолында көптеген әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруда. Қазақстан 30 жылдық тарихи даму жылдарында еліміздің даму мүмкіндіктерінің жаңа преспективалары ашылды. Дегенмен соңғы жылдары әлемдегі саяси ахуалдың шиленісі кесірінен әлем мазасыз күй кешуде.



Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев 2020 жылғы қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында қазіргі саяси қиын, ахуалды жағдайда бірінші тұрған басты міндет әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты, жұмыс орындарын және халықтың табысын сақтап қалу деген болатын [1].

Соңғы жылдары елімізде орын алған саяси және әлеуметтік экономикалық мәселелер реформалау арқылы шешіледі көздейді. Демек жаңа басқару реформалары мен қоғамдағы өзгерістерді жалғастыру қажеттілігі туындады. Ең бастысы реформалауда халық игілігі үшін адал бәсекелестік ортаны құру арқылы бизнесті жүргізу, жоғары білім мен біліктің арқасында өнеркәсіп саласын инновациялық дамытуға назар аударған жөн. Әлеуметтік қызметтің ең негізгі проблемаларының бірі кедейшілікпен күрес, халықтың денсаулығын жақсарту, жұмыссыздық, қоршаған ортаның ластануы, сыбайлас жемқорлық, ана мен бала өлімі және тағы басқалар.

Әлеуметтік саясат – бұл елдің әр бір тұрғындарының лайықты өмір сүру мақсатындағы материалдық игіліктерді бөлу мен қайта бөлудегі мемлекеттік институттардың қызметі. Әлеуметтік объектіге – ел ішіндегі азаматтар мен топтар ажатады, яғни ол елдің халқы болып табылады. Әлеуметтік субъектіге – заңдар мен нормативтік-құқықтық база мен мемлекеттік саясаттың мақсат міндеттерін іске асыратын адамдар жатады.

Қазіргі таңда әрбір мемлекет әр түрлі жобалар мен іс-шаралар арқылы халықтың табысын, әл-ауқатын арттыру мен қатар азаматтардың лайықты өмір сүруі үшін жағдайлар жасауға тырысады. Осындай жобаларға Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын жатқыза аламыз. Оның бірінші басым бағыттарының бірі «Әділ әлеуметтік саясат» тұрғындарды жұмыспен қамту, әлеуметтік жағдайы төмен және аз қамтылған азаматтарға әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақылар бойынша жәрдемдесу, ел азаматтарының әл-ауқатына әсер ететін денсаулық жүйесін дамытуға бағытталған [2].

Қазіргі кезде Қазақстандағы саясаттың мақсаты – ұлт қауіпсіздігін сақтау, азаматтардың табысын арттыру мен тұрмыс тіршілігін жақсарту болып табылады. Бұл жөнінде президентіміз Қ.К. Тоқаев өзінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында «Әр азаматтың тәуелсіздік жетістігін сезіне алуы біз үшін өте маңызды. Оның басты көрнісі ретінде еліміздегі бейбіт өмір, тұрақтылық пен тыныштықты айта аламыз. Онымен қоса азаматтардың тұрмыс деңгейінің жақсаруы мен болашаққа сеніммен қарауы оның негізі», – деген болатын [3].

Қазақстанның дамуындағы тәжірибеден байқайтынымыз мемлекеттік қызметтегі кемшіліктерді тек реформалау арқылы түзетуге болатынын көрсетті. Осы мақсатта ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі кезекті жолдауында «Әділетті мемлекет» құру керектігін атап өтті [4]. Жолдауда мемлекеттік басқару ісін оңтайландырумен қоса саяси қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру арқылы мемлекеттік басқару ісін қайта жаңғыртуды мақсат тұтты. Мұндай әкімшілік реформалардың сәтті жүргізілуі мемлекеттік басқару қызметін дамытуға кепіл бола алады.

Зерттеуіміздің негізгі мақсаты еліміздегі халықтың әлеуметтік қорғалуы мен тұрғындардың лайықты өмір сүруіне табысқа талдау жасап қысқартулар есебінен туындаған жұмыссыздықтың рөлін анықтау.

## **Материалдар мен әдістер**

Біздің зерттеуіміз құрылымдық тәсіл негізінде жүргізілді. Зерттеу барысында әртүрлі ғылыми әдістер қолданылды. Олардың негізгілері әлеуметтік мәдени және салыстырмалы талдау әдісі болды, дереккөздерді, құжаттарды, оның ішінде заңдар мен басқада нормативтік ережелерді жалпылау, талдау жасалды, бұл бізге қарастырылған мәселелерді жан жақты зерттеуге мүмкіндік берді және статистикалық әдіс арқылы зерттелетін құбылысты сипаттайтын сандық деректерді алуға мүмкіндік берді. Зерттеудің ақпараттық базасы ретінде отандық әлеуметтік қамсыздандырудың негізгі проблемалары көрсетілген ғылыми ақпараттар мен Қазақстанның Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының 2018–2022 жж. дерекқорлары құрады. Қазақстандағы орташа жалақы динамикасы, халықтың ақшалай табыстары мен шығыстар құрылымы, ерлер мен әйелдердің жұмыспен қамту сапасын өлшеу көрсеткіштері, өңірлер бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халықтың үлесі секілді көрсеткіштер қаралды.

## Негізгі ережелер

Әлеуметтік реформаларды тиімді жүргізу мемлекеттік басқару институттарының басты міндеті болып табылады. Елімізде әлеуметтік сақтандырудың және әлеуметтік қамсыздандырудың аралас моделі қалыптасқан.

Мемлекетіміздегі жүргізіліп жатқан әлеуметтік саясаттың мақсаты халықты жұмыспен қамту кезіндегі мәселелерді жүйелі түрде іс-шаралар арқылы шешуді талап ететіні сөзсіз. Мемлекеттің әлеуметтік саясатын орындау мақсатында, тиісті министрліктердің басым бағыты ретінде: халықтың жұмысынан айырылуы мен болмауын, еңбек заңына сәйкес азаматтардың құқықтарының бұзылуын, асыраушысынан айырылуын, қарттықтың, мүгедектіктің салдарын, табыстың ең төменгі шекті деңгейінен төмен болмауын басқару.

Халықтың кедей топтарын азайту, жұмыспен қамту арқылы халықтың табысын арттыру еліміздің азаматтарының сапалы медициналық қызметке қол жетімділігі және халықты әлеуметтік қорғауды жетілдіру еліміздегі қоғамдық институттардың көмегімен мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырады.

## Әдебиетке шолу

Әлеуметтік саясат – мемлекеттің ішкі саясатының ажырамас бөлігі болып табылады және әлеуметтік экономикалық жағдайларға байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Халықты әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерінің бірі ретінде жұмыссыздық пен тұрғындардың табысы бұл халықтың осал топтарына әсер еткен саяси-экономикалық ахуалдың жағдайында өзекті болып отыр. Еліміздегі саяси жағдайдағы экономикалық қатынастардың өзгеруі әлеуметтік саланың одан әрі реформалануына әкелді. Мемлекеттің экономикалық және саяси құрылым ретінде қалыптасуы оның өз азаматтарының мүдделерін қаншалықты толық қанағаттандыруына байланысты екенін көрсетті.

Халықты әлеуметтік қолдау мәселелері төмендегі тиісті халықаралық актілердегі құжаттарда көрініс тапты. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (1948 ж.), Халықаралық еңбек ұйымының № 102 «Әлеуметтік қамсыздандырудың ең төменгі нормалары туралы» конвенциясы (1952 ж.), Халықаралық еңбек ұйымының № 128 «Мүгедектігі қарттығы және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша жәрдемақылар туралы» конвенциясы (1967 ж.), Халықаралық еңбек ұйымының № 157 «Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтарды сақтаудың халықаралық жүйесін белгілеу туралы» конвенциясы (1982 ж.), Еуропалық әлеуметтік хартия (1996 ж. қайта қаралды) Еуропалық әлеуметтік қауіпсіздік кодексі (1990 ж. қайта қаралды), Қазіргі заманғы әлеуметтік қорғау институттарының қалыптасуына қатысты 1952 ж. қабылданған Халықаралық еңбек ұйымының № 102 «Әлеуметтік қамсыздандырудың ең төменгі нормалары туралы» конвенциясы үлкен әсер етті. Роберт Пинкер (1958 ж.), Ричард Титмус (1974 ж.) [5], және Н. Менинг, Госта Эспинг-Андерсон (1990 ж.), халықты әлеуметтік қамсыздандырудың негізгі модельдерін өз еңбектерінде қарастырды [6]. Сонымен қатар өткен ғасырдың 70–80-ші жж. Р. Пинкер, Р. Титмус, және Эспинг-Андерсон, батыстың экономикалық дамыған елдеріндегі әлеуметтік саясат модельдерінің типологиясын жасады. Бұл модельдердің ерекшелігі мемлекеттің әл-ауқаттық теориясына негізделген. А.А. Дробозинаның пікірі бойынша әдебиеттерде «Әлеуметтік қамсыздандыру» әр түрлі көзқарастар тұрғысынан қарастырылады [7].

Бұл мәселе бойынша бір жақты туындайтын ойлар жоқ. Өйткені әр түрлі көзқарастарды қарастыра отырып «әлеуметтік қамсыздандыруды» зерттеушілер кең мағынада қарастырды, оған ана мен баланы әлеуметтік қамтамасыз етуге байланысты, қартайған шағында ақысыз медициналық көмек секілді әр түрлі іс шаралар жатады.

Зерттеушілердің келесі тобы «Әлеуметтік қамсыздандыруды» тар мағынада қарастырды және оған әлеуметтік сақтандырумен қамтылған қамсыздандыру түрлерін жатқызды. Зерттеушілердің тағы бір тобы еңбекке жарамсыздарды қамтамасыз етудің әртүрлі түрлері мен нысандарын, соның ішінде әлеуметтік сақтандыруды қамтитын «әлеуметтік қамсыздандыру» деген біртұтас ұғым бар деп санайды.


Шетелдің авторлары арасында R. Bénabou (2000 ж.) теңсіздік теориясын дамыту мен Америка Құрама Штаттары мен Батыс Еуропадағы әлеуметтік сақтандыру мен қаржыны қайта бөлудің әртүрлі жүйелерін түсіндірді [8], R. Holzmann (2001 ж.) өз жұмысында тәуекелдерді әлеуметтік басқаруға негізделген әлеуметтік қорғаудың жаңа анықтамасы мен тұжырымдамалық негіздерін анықтады [9], M. Huggett (2010 ж.) әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін реформалауды қарастырды [10], Wonik Kim (2014 ж.) әлеуметтік сақтандыруды мемлекеттік қолдау жүйесін талдайды [11], Ehtisham Ahmad (2014 ж.) дамушы елдердегі әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін, әсіресе оның мақсатты топтарды қорғаудағы тиімділігін қарастырды [12], Пандемияның әлеуметтік саясатқа әсерін зерттеген авторлар: D. Béland (2021) [13], D. Zhang (2021 ж.) [14], U. Gentilini (2020 ж.) [15], C. Wong (2020 ж.) [16], Н. Яшиной (2020 ж.) [17].

Ресей ғалымдары Т.М. Малеева (2010 ж.) [18], С.Г. Мисихина (2011 ж.) [19], Б. Ракитский (1993 ж.) [20], Г.В. Сулейманова (1997 ж.) [21], В.П. Юдина (1995 ж.) [22], нарықтық экономика жағдайында халықтың әлеуметтік қорғау жүйесін дамытудың әртүрлі аспектілерін зерттеген. Қазақстан экономикасының әлеуметтік бағдарын дамытудың стратегиялық мәселелерінің зерттеулері белгілі ғалымдар: А. Әлімбаев, Ө. Баймұратов, А. Қошанов, М. Мелдеханов, Б. Тәттібеков (2006 ж.) [23], және т.б. еңбектерінде көрініс тапты.

Мемлекеттік секторды реформалау мемлекеттің кейбір функцияларын жеке секторға берудің перспективасын Sato (2007 ж.) ұсынды [24]. Яғни жергілікті өзін-өзі басқарудың жобаларын бағалау, жеке секторларды анықтап сипаттау және болжамды нақтылау арқылы. Зерттеу нәтижесі арқылы жобаларды бағалаудың тиімділігін, секторлардың сандық түрде нақтылануын және жергілікті өзін-өзі басқару жобаларының 35% мемлекеттік сектордан жеке секторларға ауыстыру тиімділігін анықтады.

### Нәтижелер мен талқылау

Әлеуметтік теңсіздікті теңестіру мен халықтың әлеуметтік қорғалуы және азаматтардың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ету қазақстандық әрбір жанұяның ақшалай табыстарын қысқарту жағдайында өзекті мәселеге айналып отыр. Бүгінгі елдегі жағдайда әрбір азамат тапқан табысының басым бөлігін азық-түлік тауарын алуға сондай-ақ қызметтерді төлеуге жұмсайды. Демек, мұндай жағдайдан халықтың өмір сүру сапасының жеткіліксіз екенін байқаймыз.



Сурет 1 – Қазақстанның 2018–2022 жж. орташа жалақы динамикасы, мың теңге

Ескертпе: [25] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

1-суреттен байқайтынымыз 2018–2022 жж. аралығында орташа жалақының өсуі байқалуда. Сонымен экономикалық өсім кезінде орташа кіріс пен жалақы арасындағы алшақтық

қысқаруда. Есесіне зейнетақының орташа мөлшері (109 224 теңге) мен орта жалақының (338 715 теңге) алшақтығын байқаймыз. 2022 жылдың мәліметі бойынша орташа зейнет ақы мөлшері 109 224 теңге, ал орташа жалақы 338 715 теңгені құрады. Қазақстанда 2022 жылда атаулы жалақының орташа мәні 338,7 мың теңге болды. 2021 жылмен салыстырғанда 22,9%-ға өсіп нақты мәні 2,8 пайызды құрады [26].


Президентіміз Қ.К. Тоқаев Үкімет отырысында орташа жалақы бойынша: «Жалпы халықтың табысын арттырып, тұрғындарымыздың арасындағы табыстық теңсіздіктерді қысқарту қажет», – деген болатын. Табыс – халқымыздың әл-ауқатын тұрмыс тіршілігін және болашаққа сенімін нығайтудың басты факторы. Өкінішке орай, соңғы кезеңде халқымыздың табысы әлеуметтік трансферттер есебінен өсіп отыр, негізінен экономикалық жақсару есебіне болуы керек. Бес жылда әлеуметтік трансферттер 17%-дан 29%-ға, тұрғындардың табыстарында еңбек қатынасының үлесі 80%-дан 67%-ға дейін қысқарды. Бұл халықтың табысы жалақыға емес бюджетке тәуелділігін байқатады. Қазір елімізде қарызға батқан адамдар саны күрт өсіп жатыр. Елімізде азаматтарымыздың ең төменгі күн көріс деңгейіне жетпейтіндер саны 1 миллионға жуықтады. Бұл соңғы жылдардағы ең төмен көрсеткіш болатын.

Мемлекет басшысының айтуынша, тұрғындарымызды бюджетке тәуелді етпей, халықтың табысын арттырып, өмір сүруін жақсарту жолдарын қарастыру керек. 2022 жылдың 5 қаңтарында мемлекет басшысы жеке тұлғаларды банкрот деп тану туралы заң жобасын әзірлеуді тапсырған болатын және сол жылдың 30 желтоқсанында «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» Заңға қол қойды [27].

Қазақстандықтардың банкке берешегін өтей алмай отырғандарға 2023 жылдың 3 наурызынан бастап банкроттыққа өтініш беруі жүріп жатыр. Еліміз бойынша 1 миллион 180 мың адам қарызын өтей алмай жүр. Қарызы 1 триллион 100 миллиард теңгеге жуықтайды. Бұл мәлімет бір миллионнан астам қазақстандықтардың өмір сүру деңгейінің төмендігін байқатты. Қазақстанда миллиондаған азамат ең төменгі жалақымен өмір сүреді. Төменгі жалақы көлемі орташа жалақының 19%-ын құрайды. Дамыған мемлекеттерде мұндай көрсеткіш 50%-ды құрайды. Елімізде ең төменгі жалақы ЕАЭО елдерінен 34 мың, Әзірбайжаннан 16 мың, Молдавадан 25 мың, Армениядан 13 мың, Беларусьиядан 22 мыңға төмен. Сондықтан халқымыздың нашар өмір сүру анықталып отыр, оны жою үшін біз төменгі еңбекақыны қазіргі дамыған ғасырдағы өмір сүру талаптарына сай етуіміз керек.

Бұл кедейшілік әлем жұртшылығын толғандыратын үлкен мәселенің бірі болып табылады. Жер бетіндегі тұрғындардың тең жартысына жуығының бір күндік табысы 1 АҚШ долларына жуық болса, қалған жер шарының бестен бір бөлігінің күн көрісі 1 АҚШ долларына жетпейді. Кедейшілікті бағалаудың бірнеше түрлері бар. Бірінші кезекте табыс деңгейі, күнкөріс минимумы, сатып алу қабілеті мен адам дамуының индекаторларын қолданады. Қазақстан үшін кедейшілікті өлшеу индекаторы ретінде күнкөріс минимумы – 40 567 теңгені құрайды. Ең төменгі күн көріс деңгейі – мемлекеттік саясаттың маңызды құралы болып табылады.

Биыл елімізде кедейшілік шегі артты. 2017–2022 жж. салыстырғанда 10%-ға артты, яғни 2017 ж. 40%-ды құраса 2022 ж. 50%-ды құрап отыр. Жалақының жеткіліксіз деңгейі халықтың төмен табысы және адамдардың өмір сүру деңгейінің төмендеуіне әкеледі. Қазақстанда кедейшіліктің деңгейін төмендетуге бағытталған саясат тек кедей адамдардың өзіне ғана емес кедейшілікке апаратын тәуекелдерді болдырмауға бағытталған жөн. Табыстың деңгейі күн көріс деңгейінен жоғары болса өмір сүруге қажетті физикалық және ойлау қабілетін қамтамасыз етпейді. Табыс бойынша негізгі көрсеткіштер күн көрістің төменгі шегі мен кедейшілік минимумды қоржын негізінде анықталады. Табыстық емес кедейшіліктің критеріі әлеуметтік игіліктер мен қызметтердің қол жетімді төменгі деңгейі. Халықтың тұрмыс деңгейі әлеуметтік-экономикалық дамудың жағдайында адамдардың тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге әр түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру мен сипатталады. Жалпы тұрмыс деңгейін халықтың әл-ауқатын материалдық, әлеуметтік, мәдени игіліктерді тұтынудағы әлеуметтік экономикалық санаты ретінде айқындауға болады.



Сурет 2 – Қазақстанның 2022 жылғы төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы өңірлер бойынша халықтың үлесі, пайызбен

Ескертпе: [28] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

2-суреттен көріп отырғанымыздай кедейлік деңгейі бойынша төмен халықтың үлесі, үй шаруашылықтарын зерттеу нәтижелері бойынша 2022 ж. 5%-ды құрады. Кедейліктің тереңдігі мен өткір көрсеткіштерінің мәндері 0,8 және 0,2%-ды құрады.

Кесте 1 – Қазақстанның 2022 жылғы халықының ақшалай табыстары мен шығыстарының құрылымы

| №  | Табыстар   |      | Шығыстар |  |      |      |
|----|--|------|----------|--|------|------|
|    | Ақшалай табыстардың барлығы  |      | 100%     | Ақшалай шығыстардың барлығы            |      |      |
| 1  | Еңбек қызметінен түскен табыстар   |      | 73,5     | Тұтыну шығыстары                       |      |      |
| 2  | Жалдамалы жұмыстан түскен табыс  | 64,0 |          | Азық-түлік тауарлары                   | 50,8 | 92,7 |
| 3  | Жалдамалы емес жұмыстан түскен табыс және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс | 9,5  |          | Азық-түлік емес тауарлар               | 25,4 |      |
| 4  | Зейнетақы  |      | 18,3     | Ақылы қызметтер                        | 16,5 |      |
| 5  | Жәрдемақы  |      | 3,7      | Алименттер, материалдық көмек          |      | 1,7  |
| 6  | Тұрғын үйлік көмек және АӘК  |      | 0,1      | Салықтар, төлемдер және басқа төлемдер |      | 0,2  |
| 7  | Стипендиялар   |      | 0,4      | Кредит пен қарызды өтеу                |      | 5,4  |
| 8  | Туыстары мен таныстарынан материалдық көмек, алименттер                      |      | 2,2      |  |      |      |
| 9  | Меншіктен түскен табыстар  |      | 0,4      |  |      |      |
| 10 | Өзгеде ақшалай табыстар  |      | 1,4      |  |      |      |

Ескертпе: [25] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

1-кестеде еліміздегі азаматтардың табыстары мен шығыстарын салыстырмалы түрде пайыздық өлшем бойынша талдау жасаймыз. Халқымыздың еңбек нарығындағы табыс үлесі 73,5%, оның ішіндегі 64,0%-ы, яғни басым көпшілігі жалдамалы жұмыстан түсетін табысты құрайды, 9,5%-ы кәсіпкерлік табыс пен өзгеде жұмыстар. Демек, елімізде азаматтардың басым көпшілігі жұмыс бастылығын байқатады. Кестеде әлеуметтік топтардың (зейнетақы, жәрдемақы, АӘК тұрғын үйлік көмек, стипендия) жалпы табыс үлесі 22,5%-ды құрап отыр.

Азаматтарымыздың көпшілігі тапқан табыстарының 92,7% тұтыну шығыстарына жұмсайды. Соның ішінде жалақыларының 50,8%-ы азық-түлік тауарларына кетеді. Соңғы жылдарда елдегі саяси ахуалға байланысты азық-түлік тауарларының бағасының күрт өсуі байқалуда, тұрғындардың табысының 50% өмір сүрудің ең қажетті азық-түлігіне жұмсалады деген сөз. Шетелдің дамыған елдерінде бұл көрсеткіш басқаша табыстың тек 10% азық-түлікке жұмсайды. Көршілес Ресей елінде бұл көрсеткіш табыстың үштен бірін құрайды. Халықтың көбісі табысын күн көріске яғни азық-түлік сатып алуға жұмсайды. Қалған тұрмыс деңгейіне қажеттіліктерді (көлік, тұрмыстық техника) несие есебінен қамтамасыз етіп жатыр. Халықтың қарызға белшесінен батуы үлкен әлеуметтік мәселелерге әкеліп соқтырады.

Барлық елдерде жалақы халық табысының теңсіздігіне себеп болады. Мұндай жағдай сұраныс пен ұсыныс заңдылықтарымен анықталады. Демек ұсынысқа қарағанда сұраныс жоғары болса әрине еңбекақы төмен болады. Есесіне мұндай төмен жалақыдағы жұмысқа баратындар өмірлік қажеттіліктерін өтеу мақсатында тәуекелге барады. Еңбек нарығы мен еңбекақы төлеу саясаты, экономикалық өсім, инфляция, халықтың табысқа әсер ететін факторлар ретінде қарастырылады. Еліміздегі демографиялық факторлар еңбек нарығындағы көрсеткіштердің өзгеруіне алып келеді. Өйткені елімізде жылдан жылға демографиялық өсім байқалуда. Нәтижесінде қосымша жұмысқа сұраныс артып, жұмыссыздар санының көрсеткішін жоғарлату ықтималдығы басым болады.


Кесте 2 – Қазақстандағы 2018–2022 жж. еңбек нарығының көрсеткіштері

| Көрсеткіш түрі   | 15 жас және одан жоғары жастағы халыққа шаққанда |           |           |           |           |
|--|--|-----------|-----------|-----------|-----------|
|  | 2018 ж.  | 2019 ж.   | 2020 ж.   | 2021 ж.   | 2022 ж.   |
| Жұмыс күші, адам   | 9 138 600  | 9 221 500 | 9 236 463 | 9 262 301 | 9 421 585 |
| Жұмыспен қамтылған халық, адам                               | 8 695 000  | 8 780,800 | 8 744 477 | 8 811 894 | 8 965 536 |
| Жалдамалы қызметкерлер                                       | 6 612 500  | 6 681 300 | 6 675 519 | 6 717 036 | 6 830 886 |
| Өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлер                      | 2 082 500  | 2 099 200 | 2 068 958 | 2 094 858 | 2 134 650 |
| Жұмыссыз халық, адам   | 443 600  | 440 700   | 452 986   | 450 407   | 456 049   |
| Жұмыссыздық деңгейі, %                                       | 4,9  | 4,8       | 4,9       | 4,9       | 4,8       |
| Жастар (15–28 жаста) жұмыссыздығы деңгейі, %                 | 3,6  | 3,8       | 3,6       | 3,7       | 3,8       |
| Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар, адам                  | 3 907 300  | 3 934 000 | 4 045 322 | 4 058 508 | 4 268 903 |
| Ескертпе: [25] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған. |  |           |           |           |           |

2-кестеде 2018–2022 жж. аралығында жұмыс күшінің артқанын байқауға болады. Еліміздегі жұмыспен қамту бойынша статистикалық деректерге жүгінетін болсақ 2022 ж. экономикамыздың түрлі салаларына 8 965 536 адам жұмыспен қамтылған. Оның ішінде 6 830 886, адам яғни 76,7% жалдамалы жұмыспен, өзін өзі жұмыспен қамтыған 2 134 650 азаматтар 23,3%-ды құрады.

2020–2022 жж. аралығында өзін-өзі жұмыспен қамтығандар өсімі байқалуда. Статистикалық деректерге сәйкес 2022 ж. еліміздегі жұмыс күші 9,421 млн азаматты құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 159 284 адамға артық. Онымен қоса 15–28 жастағы азаматтардың жұмыссыздық деңгейі 0,1 пайыз артып, 3,8%-ды құрады. Жұмыссыздық бойынша бес жылдың көрсеткіштерін салыстыру нәтижесінде басым өзгерістерді байқамаймыз. Мысалы, 2020–2021 жж. жұмыссыздық деңгейі 4,9%-ды құраса, 2019 жылмен салыстырғанда 0,1%-ға жоғарлаған. Бұған әсер еткен негізгі фактор «COVID-19» індеті еді. Бүкіл әлемді шарпыған індет еліміздің

экономикасына кері әсерін тигізбей қоймады. Мұндай жағдай елімізде жұмыссыздар саны күрт артып, халықтың табысы мен тұрмыс сапасын арттыруға кедергі болды. Тек 2021 жылдың аяқ кезі мен 2022 жылдың басында елдің саяси экономикалық бағытын өзгертуден кейін біршама жақсара түсті.



Сурет 3 – Қазақстанның еңбек нарығының динамикасы

Ескертпе: [25] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

3-суретте 2022–2021 жж. айырмасын салыстыратын болсақ жұмыспен қамту бойынша 153,6 мың адамға, жалдамалы қызметкерлердің 113,9 мың адам есебінен өскенін байқаймыз. Онымен қоса өзін жұмыспен қамтитындар 39,9 мың адамға жетті. Білім беру 12,9%, саудада 16,8%, өнеркәсіп саласында 12,4%, ауыл шаруашылығында 12% жұмыспен қамтылғандар үлесін құрады. Толығымен жұмыспен қамтылмағандар санын салыстыратын болсақ 9,9% өсіп, 268,9 мың адамды құрады. Бұған жұмыс кестесінің сырғымалы ауысымға ауысуы, жұмыс көлемінің төмендеуі себеп болды. Негізінен еліміздегі еңбек нарығына сәйкес жұмыспен қамтылған халық аптасындағы сағат саны 39, жалдамалы жұмыста 41 сағат, өзін жұмыспен қамтитындар үшін 34 сағатты құрады. Жұмыс іздеуге ынта жігері жоқ жұмысқа дайын емес азаматтар 39,5 мың адамды құрады.

Динамикада жұмыспен қамтылғандар 2022 ж. 8,881 миллионнан 8,895 млн азаматқа дейін өсуін сипаттайды, бұл жеке өзінің есебінен жұмыспен қамтығандар санының өсуімен байқалады. Бір жылда олардың саны жоғарылап, 153 642 адамға артып 23,3% құрады. Соңғы жылда жалпы жұмыс күші 9 421,5 млн халықтың жұмыспен қамтылғандары 8 965,5 млн, нәтижесінде 456 049 адамға өсімі байқалды. Бұл өз кезегінде өзін-өзі жұмыспен қамтитындардың оң өзгерісін байқаймыз. Халықтың тұрмыс деңгейінің жақсаруындағы бірден бір фактор әлеуметтік интеграция саясаты. Еліміз көпұлтты азаматтардан тұрады. Барлық елдерде гендерлік теңдіктің болғаны дұрыс әрине. Дегенмен дүние жүзінде ерлер мен әйелдер арасында теңдік жоқ. Осыған байланысты Қазақстандағы гендерлік айырмашылықты талдап көрейік.

Кесте 3 – Қазақстандағы 2020–2021 жж. жалақыдағы гендерлік саясат

| № | Қазақстандық ерлер мен әйел азаматтардың арасындағы орташа айлық жалақы | Ерлер   | Әйелдер |
|---|---|---------|---------|
| 1 | 2020 ж.   | 281 239 | 220 160 |
| 2 | 2021 ж.   | 243 524 | 182 679 |

Ескертпе: [30] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

3-кестеде 2021 ж. әйел азаматшалардың орташа еңбек ақысы 220 160 теңге, бұл 2020 жылға қарағанда 37 871 тг өсім байқалды. Ер азаматтарымызда бұл көрсеткіш басқаша 2021 ж. 281 239 теңге, 2020 жылға қарағанда 37 715 теңгеге тең айырмашылықты құрады. 2021 ж. айырмашылықтың абсолюттік мәнінің орта есебі 61 079 теңгені құрап, гендерлік алшақтық 21,7%-ды, 2020 ж. 25%-ды құрап отыр. Сонымен қатар ерлер мен әйелдердің арақатынасындағы айырмасын Ұлттық статистика бюросы салыстырған.

Кесте 4 – 2018–2021 жж. қазақстандық ерлер мен әйелдердің жұмыспен қамту сапасын өлшеу көрсеткіштері

| Жынысы  | 2018 ж. | 2019 ж. | 2020 ж. | 2021 ж. |
|---|---------|---------|---------|---------|
| Басшылар және мемлекеттік қызметшілер   |         |         |         |         |
| Ерлер (%)   | 58,8    | 57,0    | 58,9    | 61,0    |
| Әйелдер (%)   | 41,2    | 43,0    | 41,1    | 39,0    |
| Кәсіби мамандар   |         |         |         |         |
| Ерлер (%)   | 35,9    | 35,3    | 35,2    | 35,7    |
| Әйелдер (%)   | 64,1    | 64,5    | 64,8    | 64,3    |
| Техник мамандар және басқа да кәсіби көмекші персонал   |         |         |         |         |
| Ерлер (%)   | 45,8    | 44,9    | 45,6    | 45,7    |
| Әйелдер (%)   | 54,2    | 55,1    | 54,1    | 54,3    |
| Әкімшілендіру саласындағы қызметшілерайналысатын қызметшілер                                    |         |         |         |         |
| Ерлер (%)   | 37,0    | 36,9    | 37,0    | 36,1    |
| Әйелдер (%)   | 63,0    | 63,1    | 63,0    | 63,9    |
| Қызмет көрсету және сауда саласының жұмыскерлері  |         |         |         |         |
| Ерлер (%)   | 39,4    | 40,3    | 41,2    | 40,8    |
| Әйелдер (%)   | 60,6    | 59,7    | 58,8    | 59,2    |
| Фермерлер және ауыл мен орман шаруашылығының, балық шаруашылығының және балық аулау жұмысшылары |         |         |         |         |
| Ерлер (%)   | 56,2    | 57,9    | 58,5    | 58,0    |
| Әйелдер (%)   | 43,8    | 42,1    | 41,5    | 42,0    |
| Өнеркәсіп, құрылыс, көлік және басқа тектес қызметтердің жұмысшылары                            |         |         |         |         |
| Ерлер (%)   | 87,6    | 89,0    | 88,6    | 88,4    |
| Әйелдер (%)   | 12,4    | 11,0    | 11,4    | 11,6    |
| Біліктілігі жоқ жұмысшылар  |         |         |         |         |
| Ерлер (%)   | 45,3    | 46,0    | 46,3    | 45,8    |
| Әйелдер (%)   | 54,7    | 54,0    | 53,7    | 54,2    |
| Басқа топтарға кірмейтін жұмыскерлер  |         |         |         |         |
| Ерлер (%)   | 80,1    | 77,1    | 78,9    | 83,4    |
| Әйелдер (%)   | 19,9    | 22,9    | 21,1    | 16,6    |
| Ескертпе: [30] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.                                    |         |         |         |         |

4-кестеден еліміздегі ер азаматтарымыз бен әйел азаматшаларымыздың жұмыспен қамту көрсеткішінде біршама айырмашылықтарды байқаймыз. 2021 ж. ер азаматтардың үлесіне тән салалары: басшылық саласы 61,0% (2018 ж. – 58,8%), кәсіби мамандар 35,7% (2018 ж. – 35,9%), техникалық мамандықтар иесі 45,7% (2018 ж. – 45,8%), әкімшілік сала қызметкерлері 36,1% (2018 ж. – 37,0%), қызмет көрсету мен саудада 77,2% (2020 ж. – 39,4%), ауыл шаруашылығының мамандары 58,0% (2018 ж. – 56,2%), өнеркәсіп пен құрылыста 88,4% (2018 ж. – 87,6%), біліктілігі жоқ қызметкерлер 45,8% (2018 ж. – 45,3%), басқада топтағы қызметкерлер 83,4% (2018 ж. – 80,1%). Кестеден көріп отырғанымыздай жоғары үлесті қызмет көрсету мен сауда, өнеркәсіп пен құрылысты, сонымен қатар ерекше атап өту керектігі ол басшылықта ер азаматтарымыз жұмыспен қамтылған. Әйел азаматшаларымыздың үлесі: өздерінің кәсіп саласында 64,3% (2018 ж. – 64,1%), әкімшілік саласында ерлерге қарағанда басымдығы 63,9% (2018 ж. – 63,0%), денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету сияқты салаларда 59,2% (2018 ж. – 60,6%) құрайды. Нәтижесінде байқайтынымыз ер азаматтарға қарғанда әйел



азаматшаларымызды жұмыспен қамту денгейі төмен. 2018–2021 жж. аралығындағы өзгеріс шамасы аса көп емес.

2019–2020 жж. әлемді шарпыған «COVID-19» пандемиясы әрбір елдің ішкі проблемаларын ашып көрсетті. Азаматтарымыздың қашықтықтан жұмыс жасауы мемлекеттік сала қызметкерлерінің ішінен яғни мемлекеттік аппаратты қысқартуға болатынын байқатты. Мұндай жағдай мемлекеттік қызмет саласының даму тарихындағы алғашқы құбылыс еді. Осы тұрғыда ел Президенті 2020 жылдың көктеміндегі жолдауында 2 жыл ішінде мемлекеттік аппаратты 25 пайызға қысқартуды тапсырған болатын.

Кесте 5 – Қазақстанның 2022 жылғы мемлекеттік қызметкерлердің штаттық саны мен нақты санының айырмасы

| Негізгі көрсеткіштер                 | 2022 ж. | Негізгі көрсеткіштер                  | 2022 ж. |
|--------------------------------------|---------|---------------------------------------|---------|
| Мемлекеттік қызметшілердің штат саны | 88321   | Мемлекеттік қызметшілердің нақты саны | 82793   |
| Әкімшілік мемлекеттік қызметкерлер   | 87567   | Әкімшілік мемлекеттік қызметкерлер    | 82056   |
| Саяси мемлекеттік қызметкерлер       | 754     | Саяси мемлекеттік қызметкерлер        | 737     |

Ескертпе: [31] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

5-кестеден көріп отырғанымыздай 2022 ж. мемлекеттік қызметшілердің штаттық саны 88321 адам санын құрады. Бұл өз кезегінде қызметкерлердің нақты саны штат санынан 5528 бірлікке кем, яғни 6,4 % қысқарғанын байқауға болады. 2021 ж. мемлекеттік штат санының қысқаруы мемлекет басшысының тапсырмасына сай 15 % немесе 9589 адам саны қысқарды. Жұмыстан босаған мемлекеттік қызметкерлерді әлеуметтік қорғау шаралары, яғни жәрдемақысы 1720 қызметкерге 4 айлық жалақы мөлшерінде төленді.

Сарапшылар екі жыл ішіндегі мемлекеттік қызметкерлердің төрттен бірі жұмыссыз қалады деген болжам жасады. Бұл қазіргі мемлекеттің саяси әлеуметтік жағдайында қауіпті болуы мүмкін. Мемлекеттік аппаратты оңтайландыру тиімді екеніне сөз жоқ. Бірақ адам санын қысқарту жұмыссыздықтың санының жоғарылауымен сипатталатын заңдылық. Әлемдік тәжірибеден байқайтынымыз мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы нарықтан төмен төленетіні рас, дегенмен уақытылы тұрақты түрде төленіп отырады. Сол үшін азаматтар тұрақтылық үшін қызығады. Мемлекет кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыс орындарын ашуды көздесе, екінші жағынан жасанды түрде жұмыссыздық тудырып отырмаймызба деген ой қалыптасады. Мемлекеттік қызметкерлерді қысқарту нәтижесінде мыңдаған азаматтарымыздың жұмыссыз қалу ықтималдығы өте жоғары. Егер әкімшілік мемлекеттік қызметкерлерден көрі, саяси қызметкерлерді қысқартсақ экономикамызға зияны шамалы болары сөзсіз. Егер жалғыз табысы мен отбасын асырап отырған қатардағы әкімшілік қызметкерлерді қысқартсақ экономиканың қиын жағдайда қалуымен қатар еліміздегі үлкен әлеуметтік негізгі проблемаға тап боламыз ба деген тұжырым қалыптасады.

## Қорытынды

Жалпы зерттеуімізден байқайтынымыз елімізде халықтың табысын арттыру мақсатында қабылданған бағдарламалар жеткілікті. Дегенмен тұрғындарымыздың табысының қазіргі жағдайы көңіл көншітетін жағдайда емес екенін байқаймыз. Соңғы он жылдықта номиналды табысы тұрақты оң динамикасына қарамастан халықтың нақты табысының төмендеуін көріп отырмыз (2019 ж. халықтың табысы 6,4%, 2022 ж. 3,5%) бұны мамандар экономикалық өсімнің тежелуімен және жоғары инфляциямен байланыстырады. Мысалы еліміздің экономикалық өсімі 2020 ж. 2,5% болса, 2022 ж. 2,7% құрап отыр. Инфляция 2020 ж. 7,5%, 2021 ж. 8,4% құрағанымен 2022 ж. азық түлік инфляциясы 25,3 % құрады [32].

Бұл өз кезегінде халықтың төмен аз қамтылған топтарына кері әсер етті. Сонымен қатар еліміздегі халықтың нақты табысының негізгі мәселесі ретінде тұрғындардың өзін-өзі жұмыспен қамтудың жоғарғы үлесін байқаймыз. Зерттеуімізде халық табысының біркелкі бөлінбеуі байқалды. Ауыл мен қала және ерлер мен әйелдер арасындағы теңсіздіктің жоғары денгейі

көрніс тапты. Елімізде халықтың басым көпшілігі өзін-өзі жұмыспен қамту есебінен жұмыс істейтін кедейліктің өсуіне алып келуде яғни өнімсіз жұмыспен айналысатын тұлғалардың көпшілігі байқалуда. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар жеткілікті табыс ала алмайды.

Мемлекеттік аппараттың штаттық бірлігін қысқарту (8000 мың) көзделген. Жұмыс орындарының үлесі 2021 ж. 8% құрады. Сонымен қатар саяси қызметкерлердің зейнетке шығу есебінен 1000-нан астам азаматтарымыз босатылды. 6000-ға жуық мемлекеттік қызметкерлер әр түрлі себептермен басқа жеке құрылымға ауысады екен. Еңбек кодексіне сәйкес қысқартуға жатпайтын тұлғалар 3 жасқа дейінгі бала тәрбиесіндегі аналар, жүкті әйелдер, сонымен қатар зейнеткерлікке 2 жылдан аз қалған азаматтар болып табылады.

Зерттеуімізді қорытындылай келе келесідей ұсыныстар берілді:

- ◆ мемлекет жергілікті өзін-өзі басқару саясатын жүзеге асыру барысында әрбір аумақтың өңірлік жұмыспен қамту жоспарын жасау;

- ◆ оңтайландыру мәселесін қайта қарап жаңадан қабылданған қызметкерлерді моратори жасау;

- ◆ ауыл мен қала және ерлер мен әйел азаматтардың табыстарын теңестіруде үкіметтік жобалар жасау;

- ◆ халықты әлеуметтік қолдау аясында табыс денгейін арттыратын шараларды жүйелеу қажет.

Жалпы мақаланы зерттеп қорытындылай келе, халықты әлеуметтік қамсыздандыру бойынша шаралардың орындалуын қамтамасыз етпесе, еліміздегі тұрғындардың аз қамтылған топтары қатарының үлесін жылдан жылға толықтыра беретіні анық. Халықтың нақты табысының төмендігі, өзін-өзі қамтитындар санының өсуі, мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізбеу тәуекелінің жоғарылауына алып келеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған жолдауы Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі 1.09.2022. URL: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek) (өтініш берілген күн: 09.02.2023)

2 Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 жарлығы Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636> (өтініш берілген күн: 01.02.2023)

3 ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған жолдауы Халық бірлігі және жүйелі реформа-ел өркендеуінің берік негізі 01.09.2021. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaev-kazakstan-halkyna-zholdauyn-zhariyalady-181635> (өтініш берілген күн: 10.02.2023)

4 ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған жолдауы Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам. 01.09.2022. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (өтініш берілген күн: 10.02.2023)

5 Titmuss R.M. Social Policy. An introduction // London: George Allen&Unwin, 1974. URL: [wordpress.com](http://wordpress.com)

6 Esping-Andersen G. The Three Worlds of Welfare Capitalism // Princeton: Princeton University Press, 1990. URL: [https://www.researchgate.net/publication/243774920\\_The\\_Three\\_Worlds\\_Of\\_Welfare\\_Capitalism](https://www.researchgate.net/publication/243774920_The_Three_Worlds_Of_Welfare_Capitalism)

7 Дробозина Л.А. Финансы. Денежное обращение. Кредит. Учебник для вузов // М.: Финансы, ЮНИТИ, 2000. – С. 357–360.

8 Benabou R., Ok E.A. Social mobility and the demand for redistribution: The POUM hypothesis // Quarterly Journal of Economics, May 2001. URL: <https://rbenabou.scholar.princeton.edu/sites/g/files/toruqf3331/files/rbenabou/files/d8zkmee3.pdf>

9 Holzmann R., Jorgensen S. Social risk management: A new conceptual framework for social protection, and beyond // International Tax and Public Finance, 2001. URL: [https://www.researchgate.net/publication/5148552\\_Social\\_Risk\\_Management\\_A\\_New\\_Conceptual\\_Framework\\_for\\_Social\\_Protection](https://www.researchgate.net/publication/5148552_Social_Risk_Management_A_New_Conceptual_Framework_for_Social_Protection)

10 Huggett M., Parra J.C. How well does the U.S. social insurance system provide social insurance? // Journal of Political Economy. February 2010. URL: <https://ideas.repec.org/a/ucp/jpolec/v118y2010i1p76-112.html>

- 11 Wonik Kim. Social Risk and Social Insurance Political Demand for Unemployment Insurance // *Rationality and Society*, February 2019. URL: [https://www.researchgate.net/publication/270706254\\_Social\\_Risk\\_and\\_Social\\_Insurance](https://www.researchgate.net/publication/270706254_Social_Risk_and_Social_Insurance)
- 12 Ehtisham Ahmad. SOCIAL SECURITY AND THE POOR: Choices for Developing Countries. URL: <https://www.jstor.org/stable/3986463>
- 13 Béland D., Cantillon B., Hick R., Moreira A. Social policy in the face of a global pandemic: policy responses to the COVID-19 crisis. URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/full/10.1111/spol.12718>
- 14 Cai F., Zhang D., Liu Y. The impact of COVID-19 on the Chinese labor market: a comprehensive analysis based on the individual tracking survey. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2666933121000484>
- 15 Gentilini U., Almenfi M., Dale P. Social protection and jobs responses to COVID-19: a real-time review of country measures. “Living paper” version // Washington DC: World Bank. URL: <https://openknowledge.worldbank.org/handle/10986/33635>
- 16 Wong C., Qian J. COVID-19 highlights need to strengthen China’s social safety net (I): the unemployment insurance scheme. URL: <https://research.nus.edu.sg/eai/wp-content/uploads/sites/2/2020/12/EAIIBB-No.-1572-COVID-19-and-Chinas-social-safety-net-I-2.pdf>
- 17 Яшина Н.И., Рубцова Е.М., Гришунина И.А., Яшин С.Н. Эффективность финансирования государственных программ как инструмент политики финансовой стабилизации территорий // *Региональная экономика и управление*. – 2020. – № 4(64). – С.1–16.
- 18 Малеева Т.М., Овчарова Л.Н., Бркдяк А.Я., Зубаревич Н.В., Пишняк А.И., Попова Д.О., Синявская О.В. Социальная поддержка: уроки кризисов и векторы модернизации // М.: Издательство «Дело» РАНХ. – 2010. – 336 с.
- 19 Мисихина С.Г. Социальная поддержка уязвимых групп населения // М.: Издательство Института Гайдара. – 2011. – 92 с.
- 20 Ракитский Б. Социальная защищенность и ее типы // *Вопросы экономики*. – 1993. – № 7. – С. 5.
- 21 Сулейманова Г.В. Право социального обеспечения. – Москва: Юрайт, 2016. – С. 19–27.
- 22 Юдин В.П. Социальная защита: понятие, сущность, границы // Казань, 1995. – 121 с.
- 23 Татибеков Б. Пути совершенствования системы социального страхования от потери работы // *Труд в Казахстане*. – 2006. – № 6. – С. 16–17.
- 24 Sato Y. Administrative evaluation and public sector reform: an analytic hierarchy process approach. URL: [https://www.researchgate.net/publication/227804902\\_Administrative\\_evaluation\\_and\\_public\\_sector\\_reform\\_An\\_analytic\\_hierarchy\\_process\\_approach](https://www.researchgate.net/publication/227804902_Administrative_evaluation_and_public_sector_reform_An_analytic_hierarchy_process_approach)
- 25 Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің ұлттық статистика бюросы // Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары (2022 ж. IV тоқсан). URL: <https://new.stat.gov.kz/industries/labor-and-income/stat-empt-unempl/publications/9211> (өтініш берілген күн: 01.02.2023)
- 26 Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің ұлттық статистика бюросы // Қазақстан Республикасындағы қызметкерлердің саны және жалақысы (2022 ж. IV тоқсан). URL: <https://new.stat.gov.kz/industries/labor-and-income/stat-wags/publications/9188/> (өтініш берілген күн: 10.02.2023)
- 27 Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң жобасы // URL: <https://www.gov.kz/entities/pavlodar-zhelezinka/press/news/details/485985?lang=kk&ysclid=ley59syhyc665228097> (өтініш берілген күн: 02.02.2023)
- 28 Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің ұлттық статистика бюросы // Тұрмыс деңгейі статистикасы. URL: <https://new.stat.gov.kz/industries/labor-and-income/stat-life/> (өтініш берілген күн: 01.02.2023)
- 29 Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің ұлттық статистика бюросы // Жалақы және еңбек жағдайы. URL: <https://new.stat.gov.kz/industries/labor-and-income/stat-wags/> (өтініш берілген күн: 10.02.2023)
- 30 Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің ұлттық статистика бюросы. URL: <https://stat.gov.kz/industries/labor-and-income/stat-life/publications/9468/> (өтініш берілген күн: 19.02.2023)
- 31 Агентство по делам государственной службы Казахстана. АДГС РК подвело итоги работы за 2022 год. – 2022. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/qyzmet/documents/details/307381?lang=kk&ysclid=lgahao91lw300464852> (өтініш берілген күн: 01.04.2023)
- 32 Халықтың табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасы. Кешенді жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 218 Қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000218#z13> (өтініш берілген күн: 01.03.2023)

## REFERENCES

- 1 QR Prezidenti Q.K. Toqaevtyñ Qazaqstan halqyna arnağan joldaуy Jaña jaǵdaıdaǵy Qazaqstan: 1s-qimyl kezeñi 1.09.2022. URL: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylygy-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylygy-1-kyrkuiek) (ötiniş berilgen kün: 09.02.2023). (In Kazakh).
- 2 Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ 2018 jylǵy 15 aqpandaǵy № 636 jarlyǵy Qazaqstan Respublikasynyñ 2025 jylǵa deingi últtyq damu jospary. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636> (ötiniş berilgen kün: 01.02.2023). (In Kazakh).
- 3 QR Prezidenti Q.K. Toqaevtyñ Qazaqstan halqyna arnağan joldaуy Halyq birligi jáne júieli reforma-el örkendeuiniñ berik negizi 01.09.2021. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaev-kazakstan-halkyna-zholdauyn-zhariyalady-181635> (ötiniş berilgen kün: 10.02.2023). (In Kazakh).
- 4 QR Prezidenti Q.K. Toqaevtyñ Qazaqstan halqyna arnağan joldaуy Ädiletti memleket. Birtütas últ. Berekeli qoǵam. 01.09.2022. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (ötiniş berilgen kün: 10.02.2023). (In Kazakh).
- 5 Titmuss R.M. (1974) Social Policy. An introduction // London: George Allen&Unwin, URL: [wordpress.com](https://www.wordpress.com). (In English).
- 6 Esping-Andersen G. The Three Worlds of Welfare Capitalism // Princeton: Princeton University Press, 1990. URL: [https://www.researchgate.net/publication/243774920\\_The\\_Three\\_Worlds\\_Of\\_Welfare\\_Capitalism](https://www.researchgate.net/publication/243774920_The_Three_Worlds_Of_Welfare_Capitalism)
- 7 Drobozina L.A. (2000) Finansy. Denezhnoe obrashhenie. Kredit. Uchebnik dlja vuzov // M.: Finansy, JuNITI. P. 357–360. (In Russian).
- 8 Benabou R., Ok E.A. Social mobility and the demand for redistribution: The POUM hypothesis // Quarterly Journal of Economics, May 2001. URL: <https://rbenabou.scholar.princeton.edu/sites/g/files/toruqf3331/files/rbenabou/files/d8zkmee3.pdf>. (In English).
3-кестеде көрсетілген деректер астық өндірісінің айтарлықтай ауытқығанын дәлелдейді. Осылайша, 2013 ж. 5366,3 тоннаға немесе 1,42 есе өсім байқалды. 2014 ж. – төмендеу, 2015 ж. – келесі екі жылға созылған өсу, содан кейін қайтадан төмендеу анықталды. Егер 2021 ж. астық өндірісін салыстыратын болсақ, оның көлемі 16375,9 тоннаны құрады, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 10584,6 тоннаға немесе 1,65 есе аз. 2021 жылғы көрсеткіш 2011–2021 жылдардағы астық өндірісінің ең төменгі көлемі бойынша 2012 жылдан кейін төменнен санағанда екінші орында тұр. Астықты қайта өңдеу өнімдерін өндіру көрсеткіші талданатын кезеңде де өзгеріп отырады, бірақ онша маңызды емес. Оның ең төменгі көлемі 2019 ж. – 3533,9 тонна, ал ең жоғары көлемі 2016 ж. – 4205,5, тонна бұл 671,6 мың тоннаға немесе 1,19 есе аз.

Формуламен көрсетілген астық өндірісі көрсеткіштерінің өзгеру сипаттамасы ұсынылды.

$$\tilde{y}(i) = \frac{100y(i+1)}{y(i) + y(i+1)}, \quad (2)$$

мұндағы,  $y(i)$  және  $y(i+1)$  –  $i$  және  $i+1$  дәйекті жылдар көрсеткіштері:

(2) сәйкес астық өндірісі көрсеткіштерінің өзгеру динамикасы 4-кесте түрінде ұсынылады.

Кесте 4 – 2013–2022 жж. астық өнімінің кіші кешені үшін материалдық-техникалық ресурстар өндірісінің өзгеру серпіні

| Жылдар, i    | 2013 ж. | 2014 ж. | 2015 ж. | 2016 ж. | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. | 2020 ж. | 2021 ж. |
|--------------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|
| $\hat{y}(i)$ | 58,63   | 48,49   | 52,11   | 52,49   | 49,94   | 49,62   | 46,23   | 53,52   | 44,94   |

Ескертпе: [14] дереккөз негізінде құрастырылған.

Осылайша, 4-кестеде 2013–2022 жж. Қазақстан Республикасы астық өнімдерінің кіші кешені үшін материалдық-техникалық ресурстар өндірісінің өзгеру серпінін сипаттайтын өңделген статистикалық деректер алынды. Алынған деректер негізінде материалдық-техникалық

ресурстардың екі параметрлі сызықтық емес регрессиялардың аналитикалық түрін алу және зерттеудің статистикалық әдісі жасалынды [11].

Астық өндіру көрсеткіштерінің материалдық-техникалық ресурстар көрсеткіштеріне тәуелділігін регрессиялық талдау. Бұл кезеңнің мақсаты кестеде көрсетілген астық өндірісі көрсеткіштерінің өзгерістерінің жұптасқан регрессиялық тәуелділіктерін талдау алгоритмге сәйкес құрылған  $(i+1)$  – жылғы астық өнімінің кіші кешені үшін материалдық-техникалық ресурстар көрсеткіштерінің өзгеруінен көрсетілген. Астық өндірісі көрсеткіштерінің трактор өндірісі көрсеткіштеріне тәуелділігін регрессиялық талдау. Астық өндірісінің  $f_1(i+1)$  өзгеруінің ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығына арналған трактор өндірісінің  $\hat{x}_1(i)$  өзгеруіне регрессиялық тәуелділігі келесідей:

$$f_1(i+1) = \frac{x_1^2(i)}{0,02\hat{x}_1^2(i) + 0,06}. \quad (3)$$


$f_1(i+1)$  эмпирикалық функциясы  $\hat{x}_1(i)$  бойынша дифференциациялау бойынша икемділік коэффициенті алынады.

$$K_e = \frac{\partial f_1(i+1)}{f_1(i+1)\partial \hat{x}_1(i)} \hat{x}_1(i) = \frac{0,12}{0,02\hat{x}_1(i) + 0,06}.$$

Статистикалық деректер  $\hat{x}_1(i)$  2-кесте негізінде  $K_e$  икемділік коэффициенті 1-ден төмен мағынасын қабылдайды, осыған орай 1%  $\hat{x}_1(i)$  өзгеруі,  $f_1(i+1)$  1%-дан төмен өзгереді.

Вариациялық қатар түріндегі регрессиялық тәуелділіктің графикалық ұсынымы 1-суретте бейнеленген.

2-кестедегі  $\hat{x}_1(i)$  берілімдері вариациялық қатар түріндегі регрессиялық тәуелділікті графикалық тұрғыдан 1-суретте бейнеленген. 1-суреттен ауыл және орман шаруашылығына 15 пайыздық трактор өндірісінің өсімі астық өндірісінің өсіміне ықпалдығы көрсетілген.



Сурет 1 – Астық өндірісінің өзгеруінің  $f_1(i+1)$  ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығына арналған тракторлар өндірісінің өзгеруіне  $\hat{x}_1(i)$  регрессиялық тәуелділігі

Ескертпе: [12] дереккөз негізінде құрастырылған.

3-кестедегі корреляция коэффициентінің мағынасы және жұптық регрессияның аналитикалық мағынасы – 0,0018 құрайды, бұл корреляциясыздық фактісін айқындайды. Корреляциясыздық сызықтық тәуелділіктің болмауына байланысты. Бұл жағдайда ауытқу орташа ауытқу әдіске қатысты қателік 0,238 құрайды, яғни (3) формуламен анықталған мәндерден нақты деректердің шамалы сәйкессіздіктері бар.

4-кестеде нақты астық өндірісінің  $\hat{y}(i)$  берілімдері көрсетілген және (3) формулаға сәйкес  $f_1(i+1)$  есептелген айырмашылықты  $d_1(i)$  қарастырайық:

$$d_1(i) = f_1(i) - \hat{y}(i),$$

Кесте 5 – Нақты астық өндірісінің берілімдері мен эмпирикалық мәндерін  $f_1(i)$  салыстыру

| Жылдар, $i$  | 2013 ж. | 2014 ж. | 2015 ж. | 2016 ж. | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. | 2020 ж. | 2021 ж. |
|--------------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|
| $f_1(i)$     | 50,32   | 50,31   | 50,31   | 50,32   | 50,29   | 50,11   | 50,32   | 50,35   | 50,34   |
| $\hat{y}(i)$ | 58,63   | 48,49   | 52,11   | 52,49   | 49,94   | 49,62   | 46,23   | 53,52   | 44,94   |
| $d_1(i)$     | -8,31   | 1,82    | -1,80   | -2,18   | 0,35    | 0,49    | 4,10    | -3,17   | 5,41    |

Ескертпе: [14] дереккөз негізінде құрастырылған.

Ұсынылған модельді қолданудың сәйкестігі туралы гипотезаны тексеру үшін, математикалық күту  $m=-0,37$  мен орташа квадраттық ауытқу  $s=4,12$  Гаусс үлестіріміне бағынатын айырмашылық мән  $d_1(i)$  кездейсоқ шама болып табылады деп болжанады. Кез келген  $\hat{X}_1(i)$  көрсеткішінің эмпирикалық мәні  $f_1(i)$  (3) формуласына сәйкес есептелген ауытқу ықтималдығы, нақты астық өндірісінің берілімдерінен  $y(i)$  келесі формуламен анықталады:

$$P(d_1) = 1 - \operatorname{erf}\left(\frac{-0,37 + d_1}{4,12}\right) + \operatorname{erf}\left(\frac{-0,37 - d_1}{4,12}\right).$$

Пирсон критерийі негізінде зерттеу барысында, критикалық аймақтың статистикасы оңжақты болады:  $[K_{кр}; +\infty)$  – мұндағы шекара мәні

$$K_{кр} = \chi^2(k-r-1; \alpha).$$

Бөлу таблицасына орай  $\chi^2$  және  $\sigma$ ,  $k=5$ ,  $r=2$  мәндеріне  $K_{кр}(0,05;2)=5,95$  маңыздылық деңгейі үшін  $\alpha=0,05$  сәйкестелген.  $K_{набл}=0,123 < K_{кр}(0,05;2)$  осыған байланысты ұсынылған модельді қолданудың сәйкестігі туралы гипотеза дәлелденді.


Астық өндіру көрсеткіштерінің көшет отырғызу техникасы өндірісінің көрсеткіштеріне тәуелділігін регрессиялық талдау.

Астық өндіру  $f_2(i+1)$  өзгерісі сепкіштер, отырғызғыштар және көшет отырғызу машиналарын өндіру  $\hat{X}_2(i)$  өзгерісінің регрессиялық тәуелділігі келесі түрде болады:

$$f_2(i+1) = \sqrt{\frac{\hat{X}_2(i)}{0,003\hat{X}_2(i) - 0,0008}}. \tag{4}$$

$\hat{X}_2(i)$  бойынша эмпирикалық функциясын  $f_2(i+1)$ , дифференциалау нәтижесінде икемділік коэффициент келесі түрде болады:

$$K_e = \frac{\partial f_2(i+1)}{f_2(i+1) \partial \hat{X}_2(i)} \hat{X}_2(i) = \frac{44,44(0,003\hat{X}_2(i) - 0,0008)}{(\hat{X}_2(i) - 0,27)^2}$$



Сурет 2 – Астық өндіру  $f_2(i+1)$  өзгерісі сепкіштер, отырғызғыштар және көшет отырғызу машиналарын өндіру  $\hat{X}_2(i)$  өзгерісінің регрессиялық тәуелділігі

Ескертпе: [14] дереккөз негізінде құрастырылған.

Статистикалық берілімдер  $\hat{X}_2(i)$  2-кесте негізінде Ке икемділік коэффициенті 1-ден аз мәнді қабылдайды. Сондықтан,  $\hat{X}_2(i)$  1 % өзгеруі,  $f_2(i+1)$  1%-ға төмен мәнге өзгереді.  $\hat{X}_2(i)$  2-кесте берілімдерін вариация қатары ретінде тәуелділіктің графикалық бейнесі 2-сурет түрінде ұсынылды.

Сепкіштер, отырғызғыштар және көшет отырғызу машиналарын өндірудің өзгерісі астық өндірісінің өсуіне ықпал етпейтінін 2-суреттен байқалды. Корреляция коэффициентінің 3-кестедегі мәні және жұптық регрессияның аналитикалық мәндері – 0,503 құрайды, бұл корреляцияланбаған факт екенін дәлелдейді. Корреляцияланбаған сызықтық тәуелділіктің болмауына байланысты. Бұл жағдайда орташа әдіске қатысты қателік 0,373 құрайды. Яғни, (4) формуламен анықталған мәндерден нақты деректердің шамалы сәйкессіздіктері бар.

Динамикаға тәуелділіктің регрессиялық моделінің сәйкестігі туралы гипотезаларды тексеруді өткізуді ұсыну.

6-кестеже ұсынылған нақты астық өндірісінің деректері мен (3) формулаға сәйкес есептелген эмпирикалық мәндердің  $f_2(i)$  айырмашылықтары  $d_2(i)$  қарастырылды:

$$d_2(i) = f_2(i) - \hat{y}(i),$$

Кесте 6 – Нақты астық өндірісінің деректері мен эмпирикалық мәндерін  $f_2(i)$  салыстыру

| Жылдар, i    | 2013 ж. | 2014 ж. | 2015 ж. | 2016 ж. | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. | 2020 ж. | 2021 ж. |
|--------------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|
| $f_2(i)$     | 50,33   | 50,33   | 50,34   | 52,34   | 50,30   | 50,29   | 50,33   | 50,34   | 50,35   |
| $\hat{y}(i)$ | 58,63   | 48,49   | 52,11   | 52,49   | 49,94   | 49,62   | 46,23   | 53,52   | 44,94   |
| $d_2(i)$     | -8,30   | 1,84    | -1,77   | -0,16   | 0,36    | 0,67    | 4,10    | -3,18   | 5,41    |

Ескертпе: [14] дереккөз негізінде құрастырылған.

Ұсынылған модельді қолданудың сәйкестігі туралы гипотезаны тексеру үшін, математикалық күту  $m=-0,11$  мен орташа квадраттық ауытқу  $s=4,06$  Гаусс үлестіріміне бағынатын айырмашылық мән  $d_2(i)$  кездейсоқ шама деп болжанады.

Кез келген  $x_2(i)$  көрсеткішінің эмпирикалық мәні  $f_2(i)$ , (4) формуласына сәйкес есептелген ауытқу ықтималдығы, нақты астық өндірісінің берілімдерінен  $y(i)$  келесі формуламен анықталады:

$$P(d_2) = 1 - \operatorname{erf}\left(\frac{-0.11 + d_2}{4.06}\right) + \operatorname{erf}\left(\frac{-0.11 - d_2}{4.06}\right),$$

Пирсон критерийі негізінде зерттеу барысында, критикалық аймақтың статистикасы оңжақты болды:  $[K_{кр}; +\infty)$  – мұндағы шекара мәні

$$K_{кр} = \chi^2(k-r-1; \alpha).$$

Бөлу таблицасына орай  $\chi^2$  және  $\sigma$ ,  $k=5$ ,  $r=2$  мәндеріне  $K_{кр}(0,05;2)=5,95$  маңыздылық деңгейі үшін  $\alpha=0,05$  сәйкестелген.  $K_{набл}=0,117 < K_{кр}(0,05;2)$  осыған байланысты ұсынылған модельді қолданудың сәйкестігі туралы гипотеза дәлелденді.


Астық өндіру көрсеткіштерінің шөп шабатын машиналар өндірісінің көрсеткіштеріне тәуелділігін регрессиялық талдау. Астық өндіру  $f_3(i+1)$  өзгерісі шөп шабатын машиналар өндірісі, басқа топтамаларға енгізілмеген тракторға орнатылған шөп шабатын машиналарды қоса алғанда,  $\hat{X}_3(i)$  өзгерісінің регрессиялық тәуелділігі келесі түрде болады:

$$f_3(i+1) = \frac{\sqrt{0,002\hat{X}_3(i) + 0,004}}{0,002\hat{X}_3(i) + 0,004}. \quad (5)$$

$\hat{X}_3(i)$  бойынша эмпирикалық функциясын  $f_3(i+1)$ , дифференциялау нәтижесінде икемділік коэффициенті келесі түрде болады:

$$K_e = \frac{\partial f_3(i+1)}{f_3(i+1) \partial \hat{x}_3(i)} \hat{x}_2(i).$$

Статистикалық берілімдер  $\hat{x}_3(i)$  2-кесте негізінде  $K_e$  икемділік коэффициенті 1-ден аз мәнді қабылдайды. Сондықтан,  $\hat{x}_3(i)$  1% өзгеруі,  $f_3(i+1)$  1%-ға төмен мәнге өзгереді.  $\hat{x}_3(i)$  2-кесте берілімдерін вариация қатары ретінде тәуелділіктің графикалық бейнесі 3-сурет түрінде ұсынылды.



Сурет 3 – Астық өндірудің  $f_3(i+1)$  өзгерісі шөп шабатын машиналар өндірісі, басқа топтамаларға енгізілмеген тракторға орнатылған шөп шабатын машиналарды қоса алғанда  $\hat{x}_3(i)$  өзгерісінің регрессиялық тәуелділігі

Ескертпе: [5] дереккөз негізінде құрастырылған.

Шөп шабатын машиналар өндірісі, басқа топтамаларға енгізілмеген тракторға орнатылған шөп шабатын машиналарды қоса алғанда өндірудің өзгерісі астық өндірісінің өсуіне ықпал етпейтіні 3-суреттен байқалды. Корреляция коэффициентінің 3-кестедегі мәні және жұптық регрессияның аналитикалық мәндері  $-0,603$  құрайды, бұл корреляцияланбаған факт екенін дәлелдейді. Корреляцияланбаған сызықтық тәуелділіктің болмауына байланысты. Бұл жағдайда орташа әдіске қатысты қателік  $1,88$  құрайды. Яғни, (5) формуламен анықталған мәндерден нақты деректердің шамалы сәйкессіздіктері бар.

7-кестеде ұсынылған нақты астық өндірісінің  $\hat{y}(i)$  деректері мен (3) формулаға сәйкес есептелген эмпирикалық мәндерінің  $f_3(i)$ , айырмашылықтары  $d_3(i)$  қарастырылды:

$$d_3(i) = f_3(i) - \hat{y}(i),$$

Кесте 7 – Нақты астық өндірісінің деректері мен эмпирикалық мәндерін  $f_3(i)$  салыстыру

| Жылдар, $i$  | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. | 2020 ж. | 2021 ж. | 2022 ж. |
|--------------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|
| $f_3(i)$     | 47,65   | 47,65   | 47,65   | 47,65   | 47,65   | 47,65   |
| $\hat{y}(i)$ | 52,49   | 49,94   | 49,62   | 46,23   | 53,52   | 44,94   |
| $d_3(i)$     | -4,85   | -2,29   | -1,97   | 1,42    | -5,87   | 2,71    |

Ескертпе: [14] дереккөз негізінде құрастырылған.

Ұсынылған модельді қолданудың сәйкестігі туралы гипотезаны тексеру үшін, математикалық күту  $m=-1,81$  мен орташа квадраттық ауытқу  $s=3,37$  Гаусс үлестіріміне бағынатын айырмашылық мән  $d_3(i)$  кездейсоқ шама болып табылады деп болжанады.

Кез келген  $\hat{X}_3(i)$  көрсеткішінің эмпирикалық мәні  $f_3(i)$ , (5) формуласына сәйкес есептелген ауытқу ықтималдығы, нақты астық өндірісінің берілімдерінен  $y(i)$  келесі формуламен анықталады:

$$P(d_3) = 1 - \operatorname{erf}\left(\frac{-0.81 + d_3}{3.37}\right) + \operatorname{erf}\left(\frac{-0.81 - d_3}{3.37}\right).$$

Пирсон критерийі негізінде зерттеу барысында [12], критикалық аймақтың статистикасы оңжақты болады:  $[K_{кр}; +\infty)$  – мұндағы шекара мәні.

$$K_{кр} = \chi^2(k-r-1; \alpha).$$

Бөлу таблицасына орай  $\chi^2$  және  $\sigma$ ,  $k=5$ ,  $r=2$  мәндеріне  $K_{кр}(0,05;2)=5,95$  маңыздылық деңгейі үшін  $\alpha=0,05$  сәйкестелген.  $K_{набл}=0,551 < K_{кр}(0,05;2)$  осыған байланысты ұсынылған модельді қолданудың сәйкестігі туралы гипотеза дәлелді.


Астық өндіру көрсеткіштерінің қатарлы орақтар өндірісінің көрсеткіштеріне тәуелділігін регрессиялық талдау. Астық өндіру  $f_4(i+1)$  өзгерісі қатарлы орақтар өндірісі  $\hat{X}_4(i)$  өзгерісінің регрессиялық тәуелділігі келесі түрде болады:

$$f_4(i+1) = \frac{\sqrt{0,00001\hat{X}_4(i) + 0,0003}}{0,00001\hat{X}_4(i) + 0,0003}. \quad (6)$$

$\hat{X}_4(i)$  бойынша эмпирикалық функциясын  $f_4(i+1)$ , дифференциялау нәтижесінде икемділік коэффициенті келесі түрде болады:

$$K_e = \frac{\partial f_4(i+1)}{f_4(i+1) \partial \hat{X}_4(i)} \hat{X}_4(i).$$

Статистикалық берілімдер  $\hat{X}_4(i)$  2-кесте негізінде  $K_e$  икемділік коэффициенті 1-ден аз мәнді қабылдайды. Сондықтан,  $\hat{X}_4(i)$  1% өзгеруі,  $f_4(i+1)$  1%-ға төмен мәнге өзгереді.  $\hat{X}_4(i)$  2-кесте берілімдерін вариация қатары ретінде тәуелділіктің графикалық бейнесі 4-сурет түрінде ұсынылды.



Сурет 4 – Астық өндірудің  $f_4(i+1)$  өзгерісі қатарлы орақтар өндірісі  $\hat{X}_4(i)$  өзгерісінің регрессиялық тәуелділігі

Ескертпе: [5] дереккөз негізінде құрастырылған.

Қатарлы орақтар өндірісінің өзгерісі астық өндірісінің өсуіне ықпал етпейтіні 3-суреттен байқалды. Корреляция коэффициентінің 3-кестедегі мәні және жұптық регрессияның аналитикалық мәндері 0,11 құрайды, бұл корреляцияланбаған факт екенін дәлелдейді. Корреляцияланбаған сызықтық тәуелділіктің болмауына байланысты. Бұл жағдайда орташа әдіске



қатысты қателік 1,29 құрайды. Яғни, (6) формуламен анықталған мәндерден нақты деректердің шамалы сәйкессіздіктері бар екенін білеміз.

8-кестеде ұсынылған нақты астық өндірісінің  $\hat{y}(i)$  деректері мен (6) формулаға сәйкес есептелген эмпирикалық мәндерінің  $f_4(i)$ , айырмашылықтары  $d_4(i)$  қарастырылды:

$$d_4(i) = f_4(i) - \hat{y}(i).$$

Кесте 8 – Нақты астық өндірісінің деректері мен эмпирикалық мәндерін  $f_4(i)$  салыстыру

| Жылдар, i  | 2014 ж. | 2015 ж. | 2016 ж. | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. | 2020 ж. | 2021 ж. | 2022 ж. |
|--|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|
| $f_4(i)$   | 50,14   | 50,17   | 50,14   | 50,14   | 50,16   | 50,14   | 50,14   | 50,14   | 50,12   |
| $\hat{y}(i)$                                     | 58,63   | 48,49   | 52,11   | 52,49   | 49,94   | 49,62   | 46,23   | 53,52   | 44,94   |
| $d_4(i)$   | -8,49   | 1,68    | -1,97   | -2,35   | 0,22    | 0,52    | 3,92    | -3,37   | 5,18    |
| Ескертпе: [14] дереккөз негізінде құрастырылған. |         |         |         |         |         |         |         |         |         |

Ұсынылған модельді қолданудың сәйкестігі туралы гипотезаны тексеру үшін, математикалық күту  $m=-0,52$  мен орташа квадраттық ауытқу  $s=4,12$  Гаусс үлестіріміне бағынатын айырмашылық мән  $d_4(i)$  кездейсоқ шама деп болжанады.

Кез келген  $\hat{x}_4(i)$  көрсеткішінің эмпирикалық мәні  $f_4(i)$ , (6) формуласына сәйкес есептелген ауытқу ықтималдығы, нақты астық өндірісінің берілімдерінен  $\hat{y}(i)$  келесі формуламен анықталады:

$$P(d_4) = 1 - \operatorname{erf}\left(\frac{-0,52 + d_4}{4,12}\right) + \operatorname{erf}\left(\frac{-0,52 - d_4}{4,12}\right).$$

Пирсон критерийі негізінде зерттеу барысында, критикалық аймақтың статистикасы оңжақты болады:  $[K_{кр}; +\infty)$  – мұндағы шекара мәні

$$K_{кр} = \chi^2(k-r-1; \alpha).$$

Бөлу таблицасына сай  $\chi^2$  және  $\sigma$ ,  $k=5$ ,  $r=2$  мәндеріне  $K_{кр}(0,05;2)=5,95$  маңыздылық деңгейі үшін  $\alpha=0,05$  сәйкестелген.  $K_{набл}=0,134 < K_{кр}(0,05;2)$  осыған байланысты ұсынылған модельді қолданудың сәйкестігі туралы гипотеза дәлелденді.


Астық өндіру көрсеткіштерінің қатарлы орақтар өндірісінің көрсеткіштеріне тәуелділігін регрессиялық талдау. Астық өндіру  $f_5(i+1)$  өзгерісі астық жинайтын комбайндар өндірісі  $\hat{x}_5(i)$  өзгерісінің регрессиялық тәуелділігі келесі түрде болады:

$$f_5(i+1) = \frac{\hat{x}_5 \sqrt{0,0003 \hat{x}_5^2(i) + 0,0055}}{0,0003 \hat{x}_5^2(i) + 0,0055}. \quad (7)$$

$\hat{x}_5(i)$  бойынша эмпирикалық функциясын  $f_5(i+1)$ , дифференциялау нәтижесінде икемділік коэффициенті келесі түрде болады:

$$K_e = \frac{\partial f_5(i+1)}{f_5(i+1) \partial \hat{x}_5(i)} \hat{x}_5(i).$$

Статистикалық берілімдер  $\hat{x}_5(i)$  2-кесте негізінде  $K_e$  икемділік коэффициенті 1-ден аз мәнді қабылдайды. Сондықтан,  $\hat{x}_5(i)$  1% өзгеруі,  $f_5(i+1)$  1%-ға төмен мәнге өзгереді.  $\hat{x}_5(i)$  2-кесте берілімдерін вариация қатары ретінде тәуелділіктің графикалық бейнесі 5-сурет түрінде ұсынылды.



Сурет 5 – Астық өндіру  $f_5(i+1)$  өзгерісі астық жинайтын комбайндар өндірісі  $\hat{x}_5(i)$  өзгерісінің регрессиялық тәуелділігі

Ескертпе: [5] дереккөз негізінде құрастырылған.

Астық жинайтын комбайндар өндірісінің өзгерісі астық өндірісінің өсуіне ықпал етпейтіні 5-суреттен байқалды. Корреляция коэффициентінің 4-кестедегі мәні және жұптық регрессияның аналитикалық мәндері 0,11 құрайды, бұл корреляцияланбаған факт екенін дәлелдейді. Бұл корреляцияланбаған сызықтық тәуелділіктің болмауына байланысты. Бұл жағдайда орташа әдіске қатысты қателік 0,308 құрайды. Яғни, (6) формуламен анықталған мәндерден нақты деректердің шамалы сәйкессіздіктері бар.

9-кестеде ұсынылған нақты астық өндірісінің  $\hat{y}(i)$  деректері мен (6) формулаға сәйкес есептелген эмпирикалық мәндерінің  $f_5(i)$ , айырмашылықтары  $d_5(i)$  қарастырылды:

$$d_5(i) = f_5(i) - \hat{y}(i),$$

Кесте 9 – Нақты астық өндірісінің деректері мен эмпирикалық мәндерін  $f_5(i)$  салыстыру

| Жылдар, i    | 2014 ж. | 2015 ж. | 2016 ж. | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. | 2020 ж. | 2021 ж. | 2022 ж. |
|--------------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|
| $f_5(i)$     | 50,17   | 50,09   | 50,09   | 50,10   | 50,11   | 49,80   | 50,14   | 50,13   | 50,17   |
| $\hat{y}(i)$ | 58,63   | 48,49   | 52,11   | 52,49   | 49,94   | 49,62   | 46,23   | 53,52   | 44,94   |
| $d_5(i)$     | -8,46   | 1,60    | -2,02   | -2,39   | 0,17    | 0,18    | 3,91    | -3,39   | 5,23    |

Ескертпе: [14] дереккөз негізінде құрастырылған.

Ұсынылған модельді қолданудың сәйкестігі туралы гипотезаны тексеру үшін, математикалық күту  $m=-0,57$  мен орташа квадраттық ауытқу  $s=4,11$  Гаусс үлестіріміне бағынатын айырмашылық мән  $d_5(i)$  кездейсоқ шама болады деп болжанады.

Кез келген  $X_5(i)$  көрсеткішінің эмпирикалық мәні  $f_5(i)$ , (7) формуласына сәйкес есептелген ауытқу ықтималдығы, нақты астық өндірісінің берілімдерінен  $\hat{y}(i)$  келесі формуламен анықталады:

$$P(d_5) = 1 - \operatorname{erf}\left(\frac{-0.57 + d_5}{4.11}\right) + \operatorname{erf}\left(\frac{-0.57 - d_5}{4.11}\right).$$

Пирсон критерийі негізінде зерттеу барысында, критикалық аймақтың статистикасы оңжақты болады:  $[K_{кр}; +\infty)$  – мұндағы шекара мәні

$$K_{кр} = \chi^2(k-r-1; \alpha).$$

Бөлу таблицасына сай  $\chi^2$  және  $\sigma$ ,  $k=5$ ,  $r=2$  мәндеріне  $K_{кр}(0,05;2)=5,95$  маңыздылық деңгейі үшін  $\alpha=0,05$  сәйкестелген.  $K_{набл}=0,138 < K_{кр}(0,05;2)$  осыған байланысты ұсынылған модельді қолданудың сәйкестігі туралы гипотеза дәлелденді.

Аналитикалық (3)–(7) функциялардың негізінде астық өнімінің кіші кешені үшін материалдық-техникалық ресурстар көрсеткіштерінің өзгеруі астық өндірісі көрсеткіштерінің өзгерістеріне тәуелділіктерінің жұптасқан сызықтық емес регрессияларын білдіреді [15]. Демек, (3)–(7) функциялары трендтерді анықтап, сол арқылы астық өндірісінің өзгеруін болжау кешенін анықтайды. Осы тұрғыда астық өндірісін болжау моделі құрастырылды.

Материалдық-техникалық ресурстардың бес көрсеткішінің бірлескен ықпалына байланысты [13]:

- ♦ ауыл және орман шаруашылығына арналған тракторлар өндірісінің саны,
- ♦ сепкіштер, отырғызғыштар және көшет отырғызу машиналары өндірісінің саны,
- ♦ басқа топтамаларға енгізілмеген тракторға орнатылған шөп шабатын машиналарды қоса алғанда, шөп шабатын машиналар өндірісінің саны,
- ♦ қатарлы орақ өндірісінің саны,
- ♦ астық жинайтын комбайндар өндірісінің саны.

Қарастырылған (5–9-кесте) деректер негізінде (3)–(7) формулаларға сәйкес есептелген  $f_1(i)$ ,  $f_2(i)$ ,  $f_3(i)$ ,  $f_4(i)$ ,  $f_5(i)$  эмпирикалық мәндер,  $d_1(i)$ ,  $d_2(i)$ ,  $d_3(i)$ ,  $d_4(i)$ ,  $d_5(i)$  айырмашылықтар және нақты астық өндірісінің  $y(i)$  мәндері (10-кестеде) ұсынылды.

Кесте 10 – (3)–(7) формулаларына және астық өндірісінің нақты деректеріне сәйкес есептелетін эмпирикалық мәндердің айырмашылықтары

| Жылдар, $i$ | 2014 ж. | 2015 ж. | 2016 ж. | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. | 2020 ж. | 2021 ж. | 2022 ж. |
|-------------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|
| $d_1(i)$    | -8,31   | 1,82    | -1,80   | -2,18   | 0,35    | 0,49    | 4,10    | -3,17   | 5,41    |
| $d_2(i)$    | -8,30   | 1,84    | -1,77   | -0,16   | 0,36    | 0,67    | 4,10    | -3,18   | 5,41    |
| $d_3(i)$    | -       | -       | -       | -4,85   | -2,29   | -1,97   | 1,42    | -5,87   | 2,71    |
| $d_4(i)$    | -8,49   | 1,68    | -1,97   | -2,35   | 0,22    | 0,52    | 3,92    | -3,37   | 5,18    |
| $d_5(i)$    | -8,46   | 1,60    | -2,02   | -2,39   | 0,17    | 0,18    | 3,91    | -3,39   | 5,23    |

Ескертпе: [10] дереккөз негізінде құрастырылған.

Болжамдардың өте пессимистік және өте оптимистік критерийлерін құру үшін Вальд ережесі қолданылды:

$$\begin{aligned} \min_{2012 \leq i \leq 2020} d_1(i) &= -8,31, & \max_{2012 \leq i \leq 2020} d_1(i) &= 5,41, \\ \min_{2012 \leq i \leq 2020} d_2(i) &= -8,30, & \max_{2012 \leq i \leq 2020} d_2(i) &= 5,41, \\ \min_{2015 \leq i \leq 2020} d_3(i) &= -5,87, & \max_{2015 \leq i \leq 2020} d_3(i) &= 2,71, \\ \min_{2012 \leq i \leq 2020} d_4(i) &= -8,49, & \max_{2012 \leq i \leq 2020} d_4(i) &= 5,18, \\ \min_{2012 \leq i \leq 2020} d_5(i) &= -8,46, & \max_{2012 \leq i \leq 2020} d_5(i) &= 5,23 \\ \max_{1 \leq j \leq 4} \min_{2012 \leq i \leq 2020} d_j(i) &= -5,87 & \min_{1 \leq j \leq 4} \max_{2012 \leq i \leq 2020} d_j(i) &= 2,71 \end{aligned}$$

Осылайша, астық өндірісінің өте пессимистік болжамы және өте оптимистік болжамы келесі түрде болады:

$$f_-(x_1, x_2, x_3, x_4, x_5) = \sqrt[5]{\prod_{i=1}^5 f_i(x_i) - 5,87}$$

$$f_+(x_1, x_2, x_3, x_4, x_5) = \sqrt[5]{\prod_{i=1}^5 f_i(x_i)} + 2,71$$

мұндағы

$x_1$  – ауыл және орман шаруашылығына арналған тракторлар өндірісінің саны;


$x_2$  – сепкіштер, отырғызғыштар және көшет отырғызу машиналары өндірісінің саны;

$x_3$  – басқа топтамаларға енгізілмеген тракторға орнатылған шөп шабатын машиналарды қоса алғанда, шөп шабатын машиналар өндірісінің саны,

$x_4$  – қатарлы орақ өндірісінің саны;

$x_5$  – астық жинайтын комбайндар өндірісінің саны.

$f_1(x_1), f_2(x_2), f_3(x_3), f_4(x_4), f_5(x_5)$  мәндер (3)–(7) формулаларына сәйкес есептелді.



Сурет 6 – Астық өндіру өзгерісі материалдық-техникалық ресурстарды өндіру көрсеткіштердің өзгерісіне тәуелділігі

Ескертпе: [5] дереккөз негізінде құрастырылған.

Графикалық тұрғыда көрсетілетін болса, астық өндіру өзгерісі материалдық-техникалық өндіру көрсеткіштердің өзгерісіне тәуелділігі 6-суретте бейнеленді. Материалдық-техникалық ресурстардың көрсеткіштерін есептеу нәтижесі көрсетілген.

### Қорытынды

Осылайша, әзірленген әдістеме – Қазақстандағы астық өнімдерінің кіші кешенінің жұмысын бағалаудың жұмыс құралы. Математикалық модельдеу технологияларын қолдана отырып, ол барлық құрамдас бөліктерін ескере отырып, астық өнімінің кіші кешенінің жұмыс істеу қарқынын анықтауға мүмкіндік береді: материалдық-техникалық ресурстарды өндірудің өзгерісі астық өндіру өзгерісінің өсуіне ықпалы қарастырылды. Зерттелетін жұмыстың кемшілігі ретінде статистикалық мәліметтердің негізгі қиындығы мен толық еместігін атап өтуге болады. Бұл кемшілік болжамдардың статистикалық бағаларын шатастырады.

Астық өнімдері кіші кешенінің жұмыс істеуін бағалау үшін материалдық-техникалық көрсеткіштер анықталды. 2013–2022 жж. астық өнімдері кешенінің көрсеткіштері бойынша статистикалық өңдеу жүргізілді. Олардың әрқайсысын астық өндірісі мен материалдық-техникалық ресурстар өндірісінің өсу тәуелділігіне ықпалы есептелінді.

Алгоритмге сәйкес құрылған астық өндірісі көрсеткіштерінің жылдар бойынша өзгеруінің астық өнімі кіші кешені үшін ресурстар көрсеткіштерінің өзгеруіне жұптық регрессиялық тәуелділіктерін қарастырдық. Формула бойынша есептелген эмпирикалық мәндердің айырмашылықтары және астық өндірісінің нақты деректері эмпирикалық мәндер мен астық өндірісінің нақты деректерін салыстырды.

Ұсынылған модельді қолданудың сәйкестігі туралы гипотезаны тексеру үшін айырмашылық мәні кездейсоқ шама болып, математикалық күтумен және орташа квадраттық ауытқумен Гаусс үлестіріміне бағындырылды. Кез-келген көрсеткіш үшін эмпирикалық мәндердің ауытқу ықтималдығы ұсынылған модельді қолдану гипотезасының сәйкестігін растайтын формуланы есептеді. Астық өндірісі көрсеткіштерінің өзгеруіне және материалдық-техникалық ресурстар көрсеткіштерінің өзгеруіне байланысты астық өнімінің кіші кешенін дамыту сценарийі үшін астық болжамының моделі ұсынылған. Әдістеме келесі кезеңге болжаудың әмбебап құралы болып табылады және одан әрі зерттеу үшін үлкен әлеуетке ие. Оның көмегімен астық өнімдерінің кіші кешенінің жұмысына белгілі бір көрсеткіштердің әсерін ғана емес, сонымен қатар оны елдің және оның аймақтарының тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында кез-келген факторлар тобының әсерін бағалай отырып, басқа салалар мен қызмет салаларында қолдануға болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Государственная программа развития АПК РК на 2017–2021 гг. – 2017. URL: <http://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000423>

2 Нурсапина К.У., Кенжин Ж.Б. Материально-техническая база зернового производства Республики Казахстан: современное состояние и перспективы // Проблемы агрорынка. – 2021. – № 4. – С. 200–207. DOI: 10.46666/2021-4.2708-9991.22

3 Юксел К., Нурсой М., Жумаксанова К.М. Оценка эффективности агропромышленного комплекса в экономике страны // Вестник университета «Туран». – 2023. – № 1. – С. 196–211. DOI: 10.46914/1562-2959-2023-1-1-196-211

4 Verkhovtsev A.A. Priority directions of strategic development of the grain market / A.A. Verkhovtsev // International Agricultural Journal. 2019. No. 1. P. 367.

5 Бейсекова П.Д., Сауранова М.М., Ильяс А., Есахметова Л.М. Оценка функционирования отраслевых сегментов зернопродуктового подкомплекса // Вестник университета «Туран». – 2023. – № 1. – С. 336–348. DOI: 10.46914/1562-2959-2023-1-1-336-348

6 Gungor A., Akyuz A.O., Şirin C., Tuncer A.D., Zaman M., Gungor C. Importance of mathematical modeling in innovation // Mathematical Modeling. 2019. No. 3(1). P. 32–34. URL: <https://stumejournals.com/journals/mm/2019/1/32>

7 Рахимбердинова М.У., Закимова А.М., Кабиева А.Т., Бюлент Ш. Приоритеты развития производственной инфраструктуры агропромышленного комплекса // Вестник университета «Туран». – 2022. – № 4. – С. 64–75. DOI: 10.46914/1562-2959-2022-1-4-64-75

8 Дабылтаева Н.Е., Нуртаева А. Состояние и перспективы развития сельскохозяйственной кооперации Казахстана // Вестник университета «Туран». – 2022. – № 1. – С. 36–41. DOI: 10.46914/1562-2959-2022-1-1-36-41

9 Смагулова Ш.А., Кожаметова Д.Ш., Жакупова С.Т. Зерновой рынок Казахстана: анализ конъюнктуры, конкурентные преимущества // Проблемы агрорынка. – 2022. – № 3. – С. 98–106. DOI: 10.46666/2022-3.2708-9991.11

10 Джолдасбаева Г.К., Майданқызы Б. Рынок муки в Казахстане: ключевые аспекты // Проблемы агрорынка. – 2023. – № 1. – С. 105–112. DOI: 10.46666/2023-1.2708-9991.12

11 Рустембаев Б.Е., Шуленбаева Ф.А., Тлеубаев А.Б. Технический парк зернового подкомплекса Казахстана: состояние и перспективы // Проблемы агрорынка. – 2022. – № 2. – С. 13–25. DOI: 10.46666/2022-2.2708-9991.01

12 Бейсекова П.Д., Болатқызы С., Абуталипова Ж.А. Особенности зернопродуктового кластера: рыночная переориентация // Проблемы агрорынка. – 2022. – № 1. – С. 120–127. DOI: 10.46666/2022-1.2708-9991.14

13 Ivanova T. Mathematical modeling in forecasting reproduction processes in agriculture / V. Orlov, T. Ivanova, E. Kadyshev, T. Chernyshova, A. Prokopev, A. Ivanova // Lecture Notes in Networks and Systems (Atlantis Press). 2022. No. 1. P. 330–338. DOI: 10.1007/978-3-030-81619-3

14 Полежаев В.Д., Полежаева Л.Н. Нелинейные модели парной регрессии в курсе эконометрики // Современные проблемы науки и образования. – 2018. – № 4. URL: <https://s.science-education.ru/pdf/2018/4/27855.pdf>.

15 Клейнер Г.Б. Экономика. Моделирование. Математика. Избранные труды / Г.Б. Клейнер. Российская академия наук. Центральный экономико-математич. ин-т. – М.: ЦЭМИ РАН, 2016. – 856 с.

## REFERENCES

1 Gosudarstvennaja programma razvitija APK RK na 2017–2021 gg. 2017. URL: <http://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000423>. (In Russian).

2 Nursapina K.U., Kenzhin Zh.B. (2021) Material'no-tehnicheskaja baza zernovogo proizvodstva Respubliki Kazahstan: sovremennoe sostojanie i perspektivy // Problemy agrorynka. No. 4. P. 200–207. DOI: 10.46666/2021-4.2708-9991.22. (In Russian).

3 Juksel K., Nursoj M., Zhumaksanova K.M. (2023) Ocenka jeffektivnosti agropromyshlennogo kompleksa v jekonomike strany // Vestnik universiteta «Turan». No. 1. P. 196–211. DOI: 10.46914/1562-2959-2023-1-1-196-211. (In Russian).

4 Verkhovtsev A.A. (2019) Priority directions of strategic development of the grain market / A.A. Verkhovtsev // International Agricultural Journal. No. 1. P. 367. (In English).

5 Bejsekova P.D., Sauranova M.M., Il'jas A., Esahmetova L.M. (2023) Ocenka funkcionirovanija otraslevyh segmentov zernoproduktovogo podkompleksa // Vestnik universiteta «Turan». No. 1. P. 336–348. DOI: 10.46914/1562-2959-2023-1-1-336-348. (In Russian).

6 Gungor A., Akyuz A.O., Şirin C., Tuncer A.D., Zaman M., Gungor C. (2019) Importance of mathematical modeling in innovation // Mathematical Modeling. No. 3(1). P. 32–34. URL: <https://stumejournals.com/journals/mm/2019/1/32>. (In English).

7 Rahimberdinova M.U., Zakimova A.M., Kabieva A.T., Bjulent Sh. (2022) Prioritety razvitija proizvodstvennoj infrastruktury agropromyshlennogo kompleksa // Vestnik universiteta «Turan». No. 4. P. 64–75. DOI: 10.46914/1562-2959-2022-1-4-64-75. (In Russian).

8 Dabylytaeva N.E., Nurtaeva A. (2022) Sostojanie i perspektivy razvitija sel'skohozjajstvennoj kooperacii Kazahstana // Vestnik universiteta «Turan». No. 1. P. 36–41. DOI: 10.46914/1562-2959-2022-1-1-36-41. (In Russian).

9 Smagulova Sh.A., Kozhahmetova D.Sh., Zhakupova S.T. (2022) Zernovoj rynek Kazahstana: analiz konkurentnyh preimushhestva // Problemy agrorynka. No. 3. P. 98–106. DOI: 10.46666/2022-3.2708-9991.11. (In Russian).

10 Dzholdasbaeva G.K., Majdankyzy B. (2023) Rynek muki v Kazahstane: kljuchevye aspekty // Problemy agrorynka. No. 1. P. 105–112. DOI: 10.46666/2023-1.2708-9991.12. (In Russian).

11 Rustembaev B.E., Shulenbaeva F.A., Tleubaev A.B. (2022) Tehnicheskij park zernovogo podkompleksa Kazahstana: sostojanie i perspektivy // Problemy agrorynka. No. 2. P. 13–25. DOI: 10.46666/2022-2.2708-9991.01. (In Russian).

12 Bejsekova P.D., Bolatkyzy S., Abutalipova Zh.A. (2022) Osobennosti zernoproduktovogo klastera: rynochnaja pereorientacija // Problemy agrorynka. No. 1. P. 120–127. DOI: 10.46666/2022-1.2708-9991.14. (In Russian).

13 Ivanova T. (2022) Mathematical modeling in forecasting reproduction processes in agriculture / V. Orlov, T. Ivanova, E. Kadyshev, T. Chernyshova, A. Prokopev, A. Ivanova // Lecture Notes in Networks and Systems (Atlantis Press). No. 1. P. 330–338. DOI: 10.1007/978-3-030-81619-3. (In English).

14 Polezhaev V.D., Polezhaeva L.N. (2018) Nelinejnyje modeli parnoj regressii v kurse jekonometriki // Sovremennye problemy nauki i obrazovanija. No. 4. URL: <https://s.science-education.ru/pdf/2018/4/27855.pdf>. (In Russian).

15 Klejner G.B. (2016) Jekonomika. Modelirovanie. Matematika. Izbrannye trudy / G.B. Klejner. Rossijskaja akademija nauk. Central'nyj jekonomiko-matematich. in-t. M.: CJEMI RAN, 856 p. (In Russian).

**М.М. САУРАНОВА,<sup>1</sup>**

к.э.н., сениор-лектор.  
e-mail: meruert.sauranova@mail.ru  
ORCID ID:0000-0002-1804-842X

**П.Д. БЕЙСЕКОВА,<sup>\*2</sup>**

магистр экономики, ст. преподаватель.  
\*e-mail: beisekova\_76@mail.ru  
ORCID ID: 0000-0003-2578-7797

**Ж.С. КИРБЕТОВА,<sup>1</sup>**

магистр экономики, ст. преподаватель.  
e-mail: janar\_1973.05.19k@mail.ru  
ORCID ID: 0000-0002-5096-6925

**Т.Н. БЕДЕЛБЕКОВА,<sup>3</sup>**

магистр экономики, ст. преподаватель.  
e-mail: tolkinai1978@mail.ru  
ORCID ID: 0000-0003-0398-6234

<sup>1</sup>Алматинский технологический университет,  
г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Esil University,

г. Астана, Казахстан

<sup>3</sup>Каспийский общественный университет,  
г. Алматы, Казахстан

## **ОЦЕНКА МАТЕРИАЛЬНО-ТЕХНИЧЕСКИХ РЕСУРСОВ ЗЕРНОПРОДУКТОВОГО КЛАСТЕРА**

### **Аннотация**

Объектом исследования является процесс функционирования предприятий подкомплекса зерновой продукции. В ходе исследования была решена проблема темпов роста и особенностей функционирования предприятий подкомплекса зернопродуктов. В статье отмечается, что обеспечение материально-техническими ресурсами играет важную роль в повышении эффективности подкомплекса зерновой продукции. Учитывая важность данной отрасли АПК для народного хозяйства, государству целесообразно активизировать меры ее поддержки как одного из основных механизмов нарушения негативных тенденций, характеризующих современное состояние сельского хозяйства. Развитие подкомплекса зерновой продукции требует ее преобразования, адекватного условиям спроса на продукцию, производимую на внешнем и внутреннем рынках. На то, что техническое обеспечение является одним из ключевых факторов эффективности сельскохозяйственного, в т.ч. и зернового, производства указывает и тот факт, что в нынешних развитых странах затраты на содержание, эксплуатацию и обновление парка машин и оборудования формируют 40–60% издержек производства. Прогнозируемый уровень производства зерна в будущем должен предусматривать стабильный объем его потребления, а также увеличение расхода этой ценной продукции на промышленную переработку, в частности, на удовлетворение потребности животноводства в концентрированных кормах, экспортных «запросах». Для решения этих архивных задач необходимо провести структурную реконструкцию посевных площадей зерновых культур в соответствии с потребностями страны.

**Ключевые слова:** материально-технические ресурсы, зерновые продукты, моделирование, ресурс, регрессия, корреляция, прогноз.

**M.M. SAURANOVA,<sup>1</sup>**

PhD, senior lecturer.

e-mail: meruert.sauranova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-1804-842X

**P.D. BEISEKOVA,<sup>\*2</sup>**

m.e.s., lecturer.

\*e-mail: beisekova\_76@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-2578-7797

**ZH. KIRBETOVA,<sup>1</sup>**

m.e.s., lecturer.

e-mail: janar\_1973.05.19k@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-5096-6925

**T.N. BEDELBEKOVA,<sup>3</sup>**

m.e.s., lecturer.

e-mail: tolkinai1978@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-0398-6234

<sup>1</sup>Almaty Technological University,

Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Esil University,

Astana, Kazakhstan

<sup>3</sup>Caspian public university,

Almaty, Kazakhstan

## EVALUATION OF MATERIAL AND TECHNICAL RESOURCES OF THE GRAIN CLUSTER

### Abstract

The object of the study is the process of functioning of enterprises of the grain products subcomplex. In the course of the study, the problem of growth rates and the peculiarities of the functioning of enterprises of the grain products subcomplex was solved. The article notes that the provision of material and technical resources plays an important role in improving the efficiency of the subcomplex of grain products. Given the importance of this branch of agriculture for the national economy, it is advisable for the state to intensify measures to support it as one of the main mechanisms for breaking negative trends characterizing the current state of agriculture. The development of a subcomplex of grain products requires its transformation, adequate to the conditions of demand for products produced in foreign and domestic markets. The fact that technical support is one of the key factors in the efficiency of agricultural, including grain, production is also indicated by the fact that in today's developed countries, the costs of maintaining, operating and updating the fleet of machinery and equipment form 40-60% of production costs. The projected level of grain production in the future should provide for a stable volume of its consumption, as well as an increase in the consumption of this valuable product for industrial processing, in particular, meeting the needs of livestock in concentrated feed, export "requests". To solve these archival tasks, it is necessary to carry out a structural reconstruction of the sown areas of grain crops in accordance with the needs of the country.

**Key words:** material and technical resources, grain products, modeling, resource, regression, correlation, forecast.



**Трибуна Молодого Исследователя  
Жас Зерттеушінің Мінбесі  
PLATFORM OF YOUNG RESEARCHER**

---

FTAXP 06.71.07  
ЭОЖ 338.631.67  
JEL Q24,Q25

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-3-217-229>

**Г.О. БАЙДАУЛЕТОВА,\*<sup>1</sup>**

докторант.

\*e-mail: Gulnur.Baidauletova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-1748-0576

**А.Е. ЕСБОЛОВА,<sup>1</sup>**

PhD, доцент.

e-mail: yesbolova@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-9503-9482

**ДЕ ЛА ПОЗА Е.,<sup>2</sup>**

PhD.

e-mail: elpopla@esp.upv.es

ORCID ID: 0000-0003-2303-0811

<sup>1</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік

Қазақстан университеті,

Шымкент қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Валенсия политехникалық университеті,

Валенсия қ., Испания

**СУАРМАЛЫ ЖЕРЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДА  
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

**Аңдатпа**

Мақалада ауыл шаруашылық дақылдарын суару жүйесінде инновациялық және ресурс үнемдеуші технологияларды тәжірибеде кеңінен қолданудың маңыздылығы қарастырылады. Елімізде су шаруашылығында орын алған жағдай мемлекетте қазіргі таңда жүргізіліп отырған саясатты қайта қарауды және өзгертуді талап етеді. Себебі, елімізде ауыл шаруашылығын басқарудың экономикалық және климаттық өзгерістерге бейімделу үрдісі қиындықтармен жүзеге асырылуда. Сондықтан су шаруашылығы саласын басқару мен бақылауда кемшіліктер көп, сондай-ақ суды пайдаланушы тараптар өз кезегінде суармалы суды тиімді де ұтымды пайдалануға мүдделі емес. Ал гидротехникалық ғимараттар мен желілердің техникалық жағдайының төмендеуі салдарынан суармалы жерлердің көптеген алаңдары істен шығып, жарамсыз болып қалуда. Су шаруашылығындағы туындаған мәселелер ауыл шаруашылық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді және өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруде жоғары шығындарға әкеледі. Сондықтан жер және су ресурстарын тиімді және ұтымды пайдалану мәселелері қазіргі таңда қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды мәселесіне жататындығы анықталды. Себебі, кез-келген мемлекеттің азық-түлікпен қамтамасыз етілуі және оның халқының өмір сүру деңгейі осы факторлармен тікелей байланысты. Мәселені шешу мақсатында қолда бар басты ресурстар, яғни жер және су ресурстарын максималды өнімділікпен және тиімділікпен пайдалану, ауылшаруашылығында суармалы жерлерді ұлғайту және суармалы суды үнемдеу жолдары ұсынылды. Суарудың жалпы шығындарының тиімділік көрсеткіштеріне әсер етуші факторларды талдау мақсатында мақта өнімділігінің пайдалылығына корреляциялық-регрессиялық талдау жүргізілді.

**Тірек сөздер:** суармалы жерлер, инновациялық технологиялар, суды үнемдеу, экономикалық тиімділік, тамшылатып суару, жаңбырлату, мақта өнімділігі, болжам.

## Кіріспе

Бүгінгі таңда Қазақстанның аграрлық саясатының басты мақсаты – еліміз аумағындағы азық-түлік және қайта өңдеу кәсіпорындары үшін шикізатқа сұранысты қанағаттандыру және соның нәтижесінде елдің азық-түлік қажеттіліктерін қамтамасыз ететін тиімді ауыл шаруашылық өндірісін қалыптастыру болып табылады. Сондай-ақ, суармалы егіншілікті тиімді пайдалану арқылы ауыл шаруашылық саласын дамыту. Ал тәуекелі жоғары егіншілік аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы үшін кепілді өнім алу әрқашан өзекті мәселе болып табылады.

Елімізде 2019 ж. 1 қыркүйекте Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауы жарияланды. Осы жолдау барысында еліміздің басты ресурсы – ауыл шаруашылығы екендігі айтылды. Алайда оның мүмкіндіктерінің толық пайдаланылмай отырғандығына баса назар аударылды. Мемлекет басшысы осы жолдауда ауыл шаруашылығындағы суармалы жерлердің көлемін 2030 жылға дейін 3 миллион гектарға дейін ұлғайтуды тапсырды. Ал бұл шаралар өз кезегінде ауыл шаруашылық өнімдердің көлемін 4,5 есеге арттыруға мүмкіндік береді. Ал бұл Қазақстанның жер және су ресурстарының стратегиялық маңыздылығын және қазіргі таңдағы гидромелиорация шараларын тиімді пайдалану, суармалы жерлер көлемін жоғарылатудың қажеттілігін арттырып отыр [1].

ҚР-ның көптеген аймақтарында жыл бойына табиғи жауын-шашынның түсуі мен таралуы көптеген дақылдардың суға деген сұранысын қамтамасыз етпейтінін ескере отырып, суарусыз тұрақты өнім алу басты мәселеге айналып отыр. Себебі ауыл шаруашылығындағы тек қана суармалы егіншіліктегі өнімнің ысырабы бүгінгі таңда 60,0 млрд теңге көлемінде бағаланып отыр, ал бұл жалпы экономиканың басқа да салаларына әсер етеді және оның әлеуметтік зардаптарының күшеюіне әкеледі [2].

Ауыл шаруашылығында су ресурстарын тиімді пайдалану мәселелерін, аймақтың ресурстық әлеуетінің көлемі мен құрылымын нақты көрсету арқылы әлеуметтік-экономикалық дамуының аймақтық стратегиясы аясында қарастыру қажет. Мәселенің мұндай тұжырымы өңірлік даму жобаларын ұзақ мерзімді жоспарлауға негіз болады. Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін су әлеуетін пайдалану мәселелерінде, ең алдымен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының көпшілігінің шаруашылық жүргізу жағдайларының қолайсыздығы және ауа-райы өзгерістері өзекті болып табылады.

Ал су пайдалану тиімділігі төмендігінің негізгі себептерінің бірі – су секторында орын алған, сұранысты реттеуге емес, керісінше тек ұсынысты қанағаттандыру бағытындағы су инфрақұрылымын экстенсивті дамытуды көздейтін ресурстық тәсілдің орын алуы.

## Материалдар мен әдістер

Мақаладағы зерттеудің әдістемелік негіздері ретінде еліміздегі суармалы егіншілік және су үнемдеудің инновациялық технологиялары бойынша отандық және шетелдік ғалым-экономистердің ғылыми еңбектері алынды. Сондай-ақ жүйелік негізде орындалатын логикалық зерттеудің салыстырмалы және экономикалық-математикалық талдау, болжау және деректерді өңдеу сияқты әдістер қолданылды.

## Әдебиетке шолу

Ауылшаруашылығында суармалы егіншілік және суармалы жерлерді пайдаланудың тиімділігін арттыруда инновациялық технологияларды қолдану мәселелері отандық зерттеушілер Т.И. Есполов, М. Мусаеваның [3], Ж.Н. Ерняязова, Ж.А. Қалмақбаева, К.А. Утегенованың [4], А.Р. Медеу, И.М. Мальковский және Л.С. Төлеубаеваның [5], Т.С. Гричанаяның [6] және басқа да ғалымдардың жұмыстары арналған.

Сонымен қатар суармалы егіншіліктегі инновациялық технологиялардың тиімділігі мәселелері шетелдік ғалымдар: R. Koech, P. Langat [7], A. Abderahman, Ch.Xia [8], M.R. Cameira, L.S. Pereira [9], M.M. Blango, R.A. Cooke [10], L. Lipper, N.Mc. Carthy [11], G. Narinbaeva, S. Davlatov [12] еңбектерінде кеңінен зерттелген.

Қазіргі таңда әлемде орын алған табиғи климаттық жағдайларға байланысты, сондай-ақ қабылданған экономиканы басқару жүйесіне байланысты әрбір мемлекет су ресурстарын пайдалану мен суару суын үнемдеуге байланысты шараларды өз заңдары және бағдарламалары негізінде шешеді. Сондықтан да жер және су ресурстарын тиімді басқару және тапшылық жағдайы орын алған суару суын үнемдеу шаралары, ауыл шаруашылығында инновациялық технологияларды енгізу мәселелері бүгінгі күні мемлекеттің басты назарында болуы тиіс. Ал осы аталған мәселелер мақаланы зерттеуге негіз болып табылды.

### Негізгі ережелер

Ауыл шаруашылығында суармалы жерлердің тиімділігін арттырудың негізгі тәсілдерінің бірі – су үнемдеу және жердің мелиорациялық жай күйін жақсарту мақсатында ғылымның жаңа жетістіктерін енгізу болып табылады, яғни дақылдарды суаруға инновациялық әдістерді пайдалану. Ал қазіргі таңда ауыл шаруашылығында жалпы 1,5 млн гектар суармалы жерге су шаруашылығы инфрақұрылымы жүргізілген, ал оның тек 14%-ында ғана заманауи тамшылатып және жаңбырлатып суару технологиялары қолданылады [13].

Қазіргі таңда үкімет тарапынан суармалы егіншілікте орын алған мәселелер мен суару суын үнемдеу мәселелерін шешу мақсатында бірқатар шаралар жүргізілуде, атап айтар болсақ:

- ◆ суармалы жер алаңдарын ұлғайту және олардың сапасын жақсарту;
- ◆ суармалы жерде өндірілетін өсімдік сорттарын сұрыптау және суға төзімді тұқым сапаларын қолдануды ұлғайту және тыңайтқыштарды ұтымды пайдалану арқылы су тұтыну көлемін төмендету;
- ◆ ауыл шаруашылығындағы суарудың инновациялық және үнемшіл технологияларын жетілдіру;
- ◆ гидромелиорация саласындағы мамандар мен шаруалардың біліктілігін арттыру;
- ◆ суды пайдалану барысында үнемдеу шараларын ынталандыру арқылы шаруа қожалықтарына әсер ету және т.б.

Түркістан облысының құрғақ және ыстық климаты жағдайында суарусыз ауыл шаруашылығын дамыту мүмкін емес, ал аудандардың гидромелиорация жүйесінде инновациялық технологияларды енгізу күн тәртібіндегі басты мәселелердің қатарына жатады. Себебі, бұл жер мен су ресурстарын үнемдей отырып, ауыл шаруашылығы өндірісінің қарқындылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тәжірибеде суару мелиорациясының қазіргі таңда әр түрлі инновациялық технологиялары қолданылады, атап айтар болсақ, микро суару, жаңбырлатып және импульсті бүрку, сондай-ақ өсімдіктерге су берудің әр түрлі әдістерімен топырақ асты және тамшылатып суару.

Жаңбырлатып суару бұл – дақылдарға суару суының топырақ пен өсімдіктердің бетіне жасанды жаңбыр түрінде арнайы бүрку техникасы көмегімен беріледі. Мұнда су топырақтың ылғалдылығын ғана емес, сонымен қатар ауаның беткі қабатын да ылғалдандырады, яғни олардың температурасын төмендетеді. Сондай-ақ жаңбырлатып суару әдісі арқылы өсімдіктерден шаң жуылып, олардың тыныс алуы, органикалық заттардың дамуы мен жиналуын арттырады. Суарудан соң ұсақ арналар мен жүйектер пайда болмайды, сондықтан жер аумағын толықтай пайдалануға болады және ауыл шаруашылығы техникасы тиімді жұмыс жасайды.

Жер үсті суаруының басқа түрлерімен салыстырғанда жаңбырлатып суарудың бірнеше артықшылықтары бар, олар:

- ◆ еңбек үрдістерінің механикаландырылуы;
- ◆ топырақта көшеттердің бір мезгілде тамырлануы мен дамуының мүмкіндігі;
- ◆ өсімдіктердің даму сатысында және жердің мелиорациялық жағдайына қатысты суармалы судың нақты мөлшерін жоспарлау мүмкіндігі;
- ◆ суармалы суды үнемді пайдалану арқылы судың пайдалы әсер коэффициенті 25–30%-ға артады және т.б.

Ғалымдардың зерттеулері бойынша, шай плантацияларында ұсақ дисперсті бүрку ауаның беткі қабатының температурасын 6–10 градусқа төмендетіп, ауының салыстырмалы ылғалдылығын 25–37%-ға, ал өнімділігін 4,33 т/га-ға дейін арттырады. Сонымен бірге жүгерінің

өнімділігі – 1,4 есеге; соя – 1,2; темекі – 1,25; қант қызылшасы – 1,8; қияр – 1,4 және қызанақ – 1,2 есеге артады.

Бірақ жаңбырлатып суару әдісі бойынша үлкен аудандарды ұйымдастыру барысында желді ауа-райы жағдайында топырақтың біркелкі ылғалданбауына және суару нормасының жоғарылауына әкелуі мүмкін. Сонымен бірге суару құнының жоғары болуы, оның басты кемшіліктері болып табылады.

Топырақ асты суару жүйесін пайдалану кезінде суару суы белгілі бір тереңдіктен тікелей топырақтың тамыр қабатына өтеді. Ылғалдандыру құбырлардағы жарықтар мен тесіктер арқылы жеткізіледі. Топырақ асты суару жүйесі жердің ирригациялық эрозиясын болдырмайды және жүйектеп суару әдісімен салыстырғанда суару суын 55–60%-ға дейін үнемдейді.

Келесі тамшылатып суару әдісі бұл – ауыл шаруашылығы дақылдарын арнайы микро-құбырлар арқылы суару суын аз шығынмен өсімдіктердің тамырына тікелей жеткізу әдісі. Ол вегетациялық кезеңде топырақтың ылғалдылығын оңтайлы деңгейде ұстайды. Шағын көлемдеріне байланысты (0,9–9,1 л/сағ) суару суы баяу, тамшылап топыраққа түседі, яғни тек тамырдың таралу аумағын ылғалдандырады. Тамшылатып суару жабық және ашық аймақтарда көкөніс, жеміс дақылдарын өсіруде кеңінен қолданылады.

Тамшылатып суарудың артықшылықтарын:

- ◆ ауыл шаруашылығында суару суын әдеттегі әдістермен салыстырғанда біршама үнемдеу (50–80%);
- ◆ жер үсті су ағынының және жер эрозиясының болмауы;
- ◆ арамшөптердің азаюы, сонымен бірге жүйек аралық өңдеу жұмыстарының азаюы;
Сурет 2 – Аграрлық стратегияның басымдықтарын айқындайтын инновациялық дамудың маңызды аспектілері

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Осындай бағыттармен қатар агроөнеркәсіптік кешеннің инновациялық басымдықтарына:

- ◆ аграрлық экономика,
- ◆ тұқым шаруашылығы,
- ◆ асылдандыру ісі,
- ◆ механикаландыру және басқа да бағыттар үлкен әсерін тигізеді.

Демек инновациялар қолданбалы, іргелі зерттеулердің қорытындылары, өнертабыстарға патенттер, жаңа технологияларды қолдануға деген құжаттама, инновациялық жобалар, беріліп отырған салалық, аймақтық инновациялық бағдарламалар, ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар түрінде көрініс табады. Осындай бағыттар бойынша іске асырулар әрине кадрлардың біліктілігі мен адами ресурстардың даму деңгейіне тікелей байланысты, осы арқылы агроөнеркәсіптік кешеннің және де ұлттық аграрлық азық-түлік жүйелерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру қамтылады. Экономикадағы инновациялық үрдістердің қарқыны анықталады [19].

Алдағы уақытта аграрлық саланың болашағын жаңғырту үшін, аграрлық саясат ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын, еңбек өнімділігін, қайтадан өңделген түрде арттыруға түбегейлі түрде бағытталуы керек. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, әлемдегі ауыл шаруашылығы осы кездерге дейін болмаған инновациялық құрастырылымдар үшін жаңа нарықтарды қалыптастыруға қабілетті жоғары технологиялық салаларға айналғанын көруге болады [20].

Мемлекеттік қолдаудың әдістері мен тәсілдерін қайтадан қарауды және инвестицияларды тартудың бірнеше құралдарын қолдануды айқындауды, осы салалар бойынша дамыту тетігін қарастыруды Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігі несиелер бойынша пайыздық мөлшерлерді субсидиялау тетігі бойынша қарастырады. Ауыл шаруашылығына инвестициялар мемлекеттің қаржыландыру есебінен қалыптасады. Агроөнеркәсіптік кешен 2030 стратегиясына сәйкес экономиканы дамытудағы маңыздылығын арттырады, мақсаттарды жүзеге асыруда осы саланы дамытудың мемлекеттік бағдарламасының нысаналы индикаторы жұмыс жасауда. Бұл аталған бағдарлама қазіргі уақытта азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығының жалпы өнімдерін ұлғайту, ауыл шаруашылығы өнімін импортты алмастыру бойынша мәселелерін шешуге бағыттайтын басты құжат арқылы қарастырады.

Басқа да мақсаттарға байланысты экспортты дамыту мен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының табыстарын ұлғайту бойынша талдауларды, дамыту индикаторларын 3-ші кестеден (261 б.) көруге болады.

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2020 ж. өңделген ауыл шаруашылығы өнімі импортының көлемі 1120,2 млн доллар болса, 2021 ж. 1147,8 млн долларды құрағанын көреміз.

Кесте 3 – Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың индикаторлары

| Көрсеткіштер   | 2018 ж. | 2019 ж. | 2020 ж. | 2021 ж. |
|--|---------|---------|---------|---------|
| Жалпы ішкі өнімдегі жалпы өнімнің үлесі, %   | 7,4     | 7,5     | 9,0     | 9,0     |
| Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі, млрд теңге                                  | 4474,1  | 5,151,2 | 6334,7  | 7346,7  |
| Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар көлемі                            | 365001  | 494976  | 565369  | 773219  |
| Қайтадан өңделген ауыл шаруашылығы өнімі экспортының көлемі, млн долл.                 | 3094,6  | 3287,4  | 3304,4  | 3400,2  |
| Өңделген ауыл шаруашылығы өнімі импортының көлемі, млн долл.                           | 1133,5  | 1107,1  | 1120,2  | 1147,8  |
| Ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған 1 адамға шаққандағы еңбек өнімділігі, млн теңге | 2,1     | 2,4     | 2,5     | 2,7     |
| Ескертпе: [20] дереккөз негізінде құрастырылған.                                       |         |         |         |         |

Жоғарыда аталған бағдарламаның нысаналы көрсеткіштерін есептеу барысында дамудың болашақтағы болжамы мен жалпы сипатының нәтижелері арқылы индикативтік көрсеткіштері толық көрсетілуі керек. Әлеуметтік- экономикалық даму жағдайларын қарастыра отырып, өзгерістерін айқындап, жоспарлы кезеңге есептеудегі нақты маңызды мәндерді ескеру қажет.

Экономиканың аграрлық саласының тұрақты түрде жұмыс жасауы дамудың маңызды бөліктерінің бірі деп саналады. Ендеше осы сала бойынша атаулы, мәселелерді қарастырамыз:

1. Материалдық-техникалық базалардың ескіруі;
2. Қаржылық ресурстардың жетпеуі;
3. Несиелер бойынша пайыздардың жоғарылығы;
4. Жер қатынастарының жеткіліксіз дамулары;
5. Ауылдардың әлсіз инфрақұрылымы және тағы басқалары.


Осындай мәселелерді шешу үшін мемлекет тарапынан бірнеше бағдарламаларды әзірлеп, қолдау көрсетулері қажет. Әсіресе аграрлық секторды өндірістік, технологиялық үрдістер бойынша автоматтандыру мен цифрландыру, еңбек өнімділігі мен тиімділігінің жеткіліксіз деңгейін жою аса қажет болады [21].

Сонымен қатар қазіргі экономикадағы инновацияның рөлін осы агроөнеркәсіптік кешенде белсенді түрде арттыру керек. Өйткені инновация бәсекелестіктің бірден-бір қаруы болып табылады. Инновация ұйымдық нысандарды құрастыруға, ауыл шаруашылығының өнімдерін өндіруге бағытталған инвестициялық қызметтің нәтижесін бере алады. Осы арқылы кірісті арттыруға болады [22]. Сол себепті де біз инновация ұғымы жүрген жерде инвестициялық қызметті де қарастырамыз.

АӨК дамытудағы тағы бір елеулі мәселе, ол мал шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Ол үшін тиімділікті арттыру бойынша қажетті қаржылық қамтамасыз етумен қатар, асыл тұқымды базаны әзірлеп, ет өнімдеріне қатысты ірі орталықтарды қалыптастырып, дамытудың кешенді жоспарын жасау керек. 2023 жылғы деректерге сүйенсек мал шаруашылығындағы малдың және құстың саны бойынша үлесін 3-ші суреттен (262 б.) көруге болады.

Кешенді жоспарды осындай нысандар бойынша құра отырып, ең бастысы малды бордақылап, экспортқа шығару бойынша инфрақұрылымды дамыту керек деп есептейміз.


2021 жылғы көрсеткіштерге сүйенетін болсақ, маңызды деген ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі, азық-түлік өндірісі және ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар ағыны, еңбек өнімділігі қарастырылады. Осы көрсеткіштерді толығымен зерттесек, инвестициялар ағынының тұрақты үрдісін көруге болады.



Сурет 3 – Мал шаруашылығындағы малдың және құстың үлесі, мың бас

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Төмендегі 4-ші суреттен 2021 жылғы қаңтар-желтоқсандағы АӨК негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерін көре аламыз.




Сурет 4 – АӨК негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері

Ескертпе: [23] дереккөз негізінде құрастырылған.

Кестеде көрсетілгендей, ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар 773,2 млрд теңгені құраған.

2022 ж. ауыл шаруашылығының дамуы бойынша орташа өнімділік 14,2 ц/га, ал бастырылғаны 22,8 млн тонна, жоғары сапалы астық 80 пайыздан жоғары болған. Мемлекеттік қолдаудың арқасында 227 инвестициялық жоба қолданысқа берілген. Тамақ өнімдерін өндіру бойынша қарастыратын болсақ, елімізде азық-түлік өндірісі 4,2 пайызға өскенін 5-ші суреттен (263 б.) көре аламыз.



Сурет 5 – 2022 жылдағы тамақ өнімдерін өндіру көрсеткіштері, пайыз

Ескертпе: [23] дереккөз негізінде құрастырылған.

Жалпы негізгі азық-түлік тауарларымен толықтай қамтылу бойынша индикаторларға тиімді қол жеткізу үшін елімізде 2024 жылға дейінгі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары әрекет етеді. Бұл жоғарыда көрсетілген нәтижелердің барлығы жасалған кешенді тұжырымдамалардың, бағдарламалардың арқасында деп білеміз.

Қазіргі заманның талабына сай 2021 ж. ауылшаруашылығын цифрландыру бойынша бірнеше шаралар жүзеге асырылды, атап айтқанда агроөнеркәсіптік кешенді цифрлық құралдармен жабдықтау мақсатында мемлекет тарапынан қолдаулар жасау бойынша жұмыстар, ұлттық жобалада көзделген ауыл шаруашылығына, әсіресе шалғайдағы жайылымдарға бағытталатын байланыстық жабдықтарға шығындарды субсидиялау бойынша шаралар, ауыл шаруашылығы саласындағы техникаларды түрлендіру жұмыстары және агроөнімдерді көліктік бағыттар бойынша реттеу кезіндегі рұқсат алу рәсімдерін жеделдетулер мақсатындағы цифрлық жаңа жүйелерді іске қосу жұмыстары жүргізілген. Цифрлық бағыттағы тағы бір жаңашылдық – сүт өнімдерін таңбалаудағы пилоттық жобаның аяқталуы болды. Алдағы уақытта осындай жетістіктермен қатар, төмендегідей бағыттар бойынша жұмыстарды жүргізу ұсынылады:

АӨК-ге цифрлық жабдықтарды субсидиялау мақсатындағы нормативтік базаның жұмыстарын жақсарту;

Ауыл шаруашылығын дамытудағы цифрландыру бойынша семинарларды қайтадан жалғастыру;

Салалық ақпараттық жүйелерді негіздей отырып, цифрлық Агро мамандықтар бойынша арнайы тізбектерді толықтыру.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021–2023 жж. арналған тұжырымдамасында мынадай бағыттар бойынша жетілдіру шаралары 6-шы суретте (264 б.) көрсетілген.

Сонымен қатар, аталған тұжырымдаманың қағидалары бойынша жұмыстар жүргізу көзделеді [23]. Барлық тұжырымдарға сәйкес аграрлық салада ғылыми тұрғыда дайындалған жобаларды өндіріске енгізу дамыған елдердің тәжірибесі бойынша жүргізілуде. Барлық негіздемелерде біз әрине тәжірибелік дағдысы қалыптасқан мамандарды даярлаудың сапасына жүгінеміз. Тағы бір атаулы жоба ретінде еліміздің аграрлық саласын дамытуға байланысты жаңғыртуда кәсіби логистика және ауыл шаруашылығы өнімдерінің жеткізілім тізбегін басқару нарығы қарқынды дамуда: жаңа қоймаларды қала сыртына көшіру және салу, олардың айналасында инновациялық кәсіпорындарды шоғырландыру; елдегі жүк айналымының жыл сайынғы өсуі логистикалық қызметтерге сұраныстың артуымен және отандық компаниялардың жетіспеушілігімен, шетелдік логистикалық компанияның өз технологияларымен келуін күтумен

қатар жүреді; еліміздегі аймақтарда логистикаға сұраныс бар, бірақ қазіргі заманғы қоймалар мен терминалдық кешендер жоқ аймақтарда логистика компаниясының қызметін кеңейту керек [24]. Нәтижесінде, жеткізу тізбегін басқарудың жаңа механизмдері мен стратегияларын қолдану көрсетіледі.



Сурет 6 – Агрөнеркәсіптік кешенін дамытудың тұжырымдамасы бойынша бағыттары

Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.

Барлық жоғарыда келтіріліген зерттеулерді саралайтын болсақ, еліміздегі АӨК-нің даму әлеуеті мен ұйымдардағы дербес жаңғыруы бойынша негізгі өнім бағасының тұрақты түрдегі өсуін көруге болады, бұл сала бойынша мүмкіндіктердің төмендеуіне әкеледі. Осыған байланысты басымдықты көрсететін әдіс, ол салаларды жаңғырту бойынша жетекші тетік ретіндегі мемлекеттік араласу болады. Жалпы субъектілер арасындағы ақпараттардың жылдам берілуі мен мемлекет тарапынан басқару органдарының нақты айқындалған мәселелері туралы ақпараттарды дер кезінде беруде мүмкін деп танылған көлденең және тік байланыстар жүйесі айқындалуы керек. Қазіргі жаңғыртуда әрекеттердің ашықтығы көрсетілмейді, барлық мәселелер Ұлттық экономика министрлігінің жеке басымдықтары шеңберінде шешілуде. Мемлекет агроөнеркәсіптік кешенді жаңғырту саясатын тиімді жүргізуі үшін, инновацияларды енгізуде аймақтардың бірегей ерекшеліктерін ескеру, әрбір аймақты жеке дамытудың неғұрлым басымдықтағы жолдарын айқындауда, мемлекеттік мақсаттарға қол жеткізуді аймақтардың мәселелерін шешумен ұштастыратын нысаналы көрсеткіштер жиынтығын қалыптастыру қажет. Қазіргі уақытта мұндай тәсілдің бастауларын байқауға болады, алайда ол Қазақстанның АӨК мемлекеттік басқаруындағы жүйелі тәжірибеге айналмаған. Аймақтық өндірушілермен тығыз байланысты көздейтін АӨК мемлекеттік басқаруға көзқарасты тезірек енгізу сектордағы ахуалды барынша жақсарту үшін жағдай жасайды.

Жаңғырту үрдісі АӨК бойынша стратегиялық процесс болып табылады. Ол бірнеше әдістемелерді ауыстыру бағыттарын көрсетеді, осындай ауысулар мәселесі модернизация кезінде технологиялық жетілдіруге аса мән беруге негізделеді. Ауыл шаруашылығын жаңғырту бойынша қарастырсақ, инновацияларды енгізумен ғана емес, сонымен қатар ұйыдастырушылық, физикалық, экономикалық, мәдени және мотивациялық факторлармен байланысты көптеген факторлардың өзара әрекеттесуінің нәтижесін көрсетуге болады. Бұл факторлардың маңыздылығы әртүрлі және оларды бірден жоғары деңгейде қамтамасыз ету мүмкін болмаса да, оларды ұзақ уақыт бойы жинақтауға және жақсартуға болады. Бұл факторлар бойынша талдауды төмендегі 4-ші кестеден (265 б.) айқын көруге болады.



Кесте 4 – Агроөнеркәсіптік кешеннің дамуына әсер етуші факторлар

| №                                    | Экономикалық факторлар              | Ұйымдастырушылық факторлар     | Физикалық факторлар                  |
|--------------------------------------|-------------------------------------|--------------------------------|--------------------------------------|
| 1                                    | Ресурстарды тарату                  | Ресурстарды қолдану            | Институционалдық механизмдер бойынша |
| 2                                    | -                                   | Жергілікті қолданулар          | Құралдар мен жабдықтар               |
| 3                                    | Баға                                | Мемлекеттік қызмет және саясат | Тұқымдар мен сапасы                  |
| 4                                    | Халық тұтынуы                       | Білімге бағыттау               | Су қоры                              |
| 5                                    | Көліктік, қоймалық, саудалық әрекет | Экономикалық қызметтер         | Отын және энергетикалық ресурстар    |
| Ескертпе: Авторлармен құрастырылған. |                                     |                                |                                      |

Көріп отырғанымыздай, атаулы факторлардың барлығы агроөнеркәсіптік кешеннің жұмысының барлық кезеңдерінде ұйымдастырушылық және экономикалық тетікті көрсетеді. Әр тетікте кешен дамуының және оны жаңғыртудың әсер етуші факторлары мен механизмдерінің басымдықтары бар.

### Қорытынды

Қазақстандағы агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағыттарына байланысты дамытудың тиімді жақтарын қарастыруда инновациялық технологияларды өндіріске тиімді тұрғыда енгізу мен мемлекеттік қолдау әрекеттерінің тетіктерін дайындау, атап айтқанда, атаулы салаларды субсидиялау және сақтандыруға байланысты тәсілдерді өзгерту, салық салуларды жеңілдетуді айтуға болады.

Сонымен қатар аграрлық салалардың барлығына дерлік ғылыми жобалардың нәтижелерін тиімді ендіруді жоғарылату бойынша шараларды күшейту керек, сонда ғана агроөнеркәсіптік кешеннің алда тұрған бірнеше мәселелері қарастырылады, әйтсе де барлық мәселелерді бірге шешу мүмкін болмайды. Аталған ұсыныстарға сәйкес аймақтар мен ауыл шаруашылығы салалары бойынша кәсіпкерлерді алға бастау тиімді болады, өйткенді басты мәселелерді шешу тетіктері айқындалады.

Қорытындылай келе, қаржылық, инвестициялық саясатты дамытуда мынадай нысандар жүзеге асырылады:

- ◆ Қаржыландыру жүйелері бойынша алдымен нақты нығайту ықпалын көрсететін, тиімділікке бағытталған ауыл шаруашылығының өнімдерін өндіруге байланысты жұмсайтын шығындарды қысқартуды мейлінше жүйелеп қарастыру керек;
- ◆ Қайтарымды және қайтарымсыз бағыттардағы бюджеттік қаржыландырулардың көлемін ұлғайту;
- ◆ Қаражаттардың тиімді және нақты мақсаттарға байланысты жұмсалуды мейлінше қатаң тұрғыда бақылап отыру қажет;
- ◆ Инвестициялық тұрғыдағы берілген ауыл шаруашылығының жобаларын үнемі қолдап отыру және тәжірибеден кеңейту жолдарын қарастыру;
- ◆ Аграрлық саладағы инвестициялық үрдістерді реттеп отыратын заңдарды қабылдау қажет;
- ◆ Салықтық жүйенің сипатының мемлекеттік шығыстармен тығыз байланысына орай салықтық әкімшілендіру тетігінің тиімді жақтарын бақылау керек.

АӨК цифрлық жабдықтарды субсидиялау мақсатындағы нормативтік базаның жұмыстарын жақсарту керек. Кейбір дамыған елдердің тәжірибелеріне сүйене отырып, цифрландыру мен инновациялық технологияларды үздіксіз қолдануға тиіспіз, бұл талпыныс экономиканы барлық салалары бойынша дамытудың мәселелерін шешуге көмектеседі. Нәтижесінде біз цифрлық бағыттағы ерекше жаңашылдық сүт өнімдерін таңбалаудағы пилоттық жобаның сәтті жалғасуына жол ашамыз.

Жаңғырту жағдайларында аграрлық салаларды толықтай тұжырымдап зерттеу ауыл шаруашылығының серпінді дамуын арттыру мен ауылдағы халықтың тұрмыс-тіршілігінің сапалы жағына өзгеруіне байланысты тұжырымдар мен тәжірибелік ұсыныстарды негіздеуге жол ашады.

Қорытындысында интеграциялық үрдістердің қайтымсыздығын сәйкестендіре отырып, аграрлық саясатты дайындаудың әдістерін өзгерту қажет. Оның нәтижесінде ауылшаруашылық саясаты халықаралық нарықтың өзгеретін кезеңдеріне байланысты жаңа бәсекелес ортаға бейімделеді, ішкі және сыртқы нарықтағы бәсекелестікке тәуелділігін нығайтады.

Авторлар екі бағыттағы кезенді ұсынады: жаңғыртуларға байланысты болатын кәсіпорындардың табыстарын өсіру мен оған байланысты қолайлы бола алатын ортаны құрулары, сонымен қатар жаңа технологиялар бойынша трансфертті шарттарды жасап дайындау, соның негізінде инновацияларды тиімді бағыттау.

Жалпы жағдайды жақсарту үшін халықтың өмір сүру деңгейін арттыру керек, аймақтардағы кәсіпкерліктің кірісті болуын қамтитын халық шаруашылығы салаларын дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу қажет. Қайта өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын инновациялық тұрғыда дамыту арқылы бірнеше жетістіктерге қол жеткізе аламыз, нәтижесінде бәсекеге қабілетті өнімдер өндіретін экспортқа шығара алатын бірлескен кәсіпорындар құрамыз. Агро-өнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдаудағы нысандардың деңгейін арттыра аламыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Токаев К.К. Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны. URL: <https://www.akorda.kz> (қаралған күні: 30.01.2023)

2 Байдыбекова С.К., Сауранбай С.Б., Ермекбаева Д.Д. Аграрный сектор экономики как основа продовольственной безопасности страны // Научный журнал «Вестник университета «Туран». – 2022. – № 4(96). – С.11–25.

3 Папцов А.Г., Парамонов П.Ф. Направление государственной поддержки сельского хозяйства в развитых странах // АПК: экономика, управление. – 2005. – № 11. – С. 68–72

4 Куница Н.Н. Развитие регионального аграрного сектора экономики в условиях неопределенности и риска // АПК: экономика, управление. – 2006. – № 10(37). – С. 6–20.

5 Tuzubekov M., Konyrbekov M., Zhamkeyeva M., Bikteubayeva A., Kabiyeva A., Tleubayeva S., Praliev S. Role of innovation in economy development of the world and Kazakhstan // Journal of Contemporary Issues in Business and Government. 2020. Volume 26. Issue 1. P. 167–175. DOI: 10.47750/CIBG.2020.26.01.021. WOSUID: WOS:000609885300019. URL: <https://www.scopus.com/> (қаралған күні: 10.07.2023)

6 Rakhimberdinova M., Nurekenova E., Konyrbekov M., Ordabayeva M., Saifullina Y., Kuttybaeva N. Role of Development of the Agro-Industrial Complex to Create Areas of Agritourism // Journal of Environmental Management and Tourism. 2022. No. 13(8). P. 2311–2319. DOI: [https://doi.org/10.14505/jemt.v13.8\(64\).23](https://doi.org/10.14505/jemt.v13.8(64).23) (қаралған күні: 29.02.2023) (Scopus)

7 Tekenov U.A., Daurenbekova A.N., Konyrbekov M.Z. Current state and prospects of development agrarian and industrial complex of the animal husbandry industry in Kazakhstan // Espacios. 2017. No. 38(49). P. 19. URL: <https://www.revistaespacios.com/a17v38n49/a17v38n49p19.pdf> (қаралған күні: 10.07.2023) (Scopus)

8 Smagulova S., Yermukhanbetova A., Akimbekova G., Nurgabylov M., Zhakupova S. Prospects for Digitalization of Energy and Agro-Industrial Complex of Kazakhstan // International Journal of Energy Economics and Policy this link is disabled. 2022. No. 12(2). P. 198–209. URL: <https://doi.org/10.32479/ijeep.12859> (қаралған күні: 10.07.2023) (Scopus)

9 Omarbakiyev L.A., Kantarbayeva S.M., Nizamdinova A.K., Seitkhamzina G.Zh., Saulembekova A. Consequences of changing regional integration on environmental development, agricultural markets, and food security // Global Journal of Environmental Science and Management this link is disabled. 2023. No. 9(4). P. 951–966. DOI: 10.22035/gjesm.2023.04.19. (қаралған күні: 10.07.2023) (Scopus)

10 Kalashnikov P.A., Kulanov A., Nesipbekov E.N., Kaishatayeva A., Kantarbayeva S.M. Impact of State and Legal Regulation on the Sustainable Development of Agricultural Territories and Improving the Standard of Living of the Population // Journal of Environmental Management and Tourism. 2023. No. 14(1). P. 82–88. DOI: [https://doi.org/10.14505/jemt.v14.1\(65\).08](https://doi.org/10.14505/jemt.v14.1(65).08) (қаралған күні: 10.07.2023) (Scopus)

11 Указ Президента Республики Казахстан от 1 февраля 2010 года № 922 «О Стратегическом плане развития Республики Казахстан до 2020 года и дальнейшего совершенствования системы государственного управления в Республике Казахстан. Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан Әділет. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U100000922> (қаралған күні: 30.01.2023)

- 12 Қазақстан өңірлері бойынша ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының саны. Kazdata.kz сайтының деректері (қаралған күні: 30.01.2023)
- 13 Бельгибаев К.М. Экономика аграрного сектора. Учебное пособие. – Алматы: «Ұлағат», 2001. – С. 62.
- 14 Количество юридических лиц и фермерских хозяйств, производящих сельскохозяйственную продукцию. URL: <http://finprom.kz/ru/article/kolichestvo-yuridicheskikh-lic-i-fermerskih-hozyajstv-proizvodyashih-selskohozyajstvennyu-produkciyu-velichilos-chislennost-individualnyh-predprinimatelej-v-sektore-rezko-sokratilas>. (қаралған күні: 30.01.2023)
- 15 Керимова У.К., Мадиев Г.Р., Дарибаева Ә.Б., Турекулов С. Методические подходы к организации агрокластеров в Казахстане // Материалы международной научно-практической конференции. – ФГБОУ ВО Воронежский ГАУ. – 2019. – С. 214.
- 16 Инвестиционная и строительная деятельность в Республике Казахстан за 2016–2020 гг. – Нур-Султан, 2021. – С. 198.
- 17 Шкарупа Е.А. Особенности привлечения инвестиций в сельское хозяйство: современное состояние и тенденции развития // Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 3. Экономика. Экология. – 2011. – № 2(19). – С. 107–112. URL: <http://www.volsu.ru>. (қаралған күні: 30.01.2023)
- 18 Курманова Г.К., Суханбердина Б.Б., Уразова Б.А. Модернизация аграрной экономики в Республике Казахстан // Economics: the strategy and practice. 2021. No. 16(3). P. 35–50.
- 19 Жангирова Р.Н. Инновации в развитии аграрного сектора Казахстана // Проблемы агробизнеса. – 2020. – № 1. – С. 27–33.
- 20 Юмашев Ф. Цифровизация – ключевой фактор развития АПК. – 2018. URL: <http://www.kazpravda.kz> (қаралған күні: 30.01.2023)
- 21 Джазыкбаева Б.К., Кернебаев А.С., Момбекова Г.Р., Аркенова Ж.Р. Государственная поддержка агропромышленного комплекса Казахстана // Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы. – 2022. – № 3 (48). – С. 31–32.
- 22 Миронов В.В. О диагностике текущего состояния российской экономики и среднесрочных перспективах ее роста // Вопросы экономики. – 2019. – № 2. – С. 25–35.
- 23 Итоги 2022 года в Казахстане: реальный сектор экономики. URL: <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/itogi-2022-goda-v-kazahstane-realnyy-sektor-ekonomiki-28112047> (қаралған күні: 31.01.2023)
- 24 Gabdullina L., Kirdasinova K., Amanbayeva A., Zeinullina A., Tlessova E., Azylkanova S. Transport and logistics innovations in supply chain management: Evidence from Kazakhstan // Uncertain Supply Chain Management 8 (2020) 255–266. URL: <https://www.GrowingScience.com/uscm/> (қаралған күні: 29.02.2023) (Scopus)

## REFERENCES

- 1 Tokaev K.K. Edinstvo naroda i sistemnye reformy – prochnaja osnova procvetaniya strany. URL: <https://www.akorda.kz> (қаралған күні: 30.01.2023). (In Russian).
- 2 Bajdybekova S.K., Sauranbaj S.B., Ermekbaeva D.D. (2022) Agrarnyj sektor jekonomiki kak osnova prodovol'stvennoj bezopasnosti strany // Nauchnyj zhurnal «Vestnik universiteta «Turan». No. 4(96). P. 11–25. (In Russian).
- 3 Papcov A.G., Paramonov P.F. (2005) Napravlenie gosudarstvennoj podderzhki sel'skogo hozjajstva v razvityh stranah // APK: jekonomika, upravlenie. No. 11. P. 68–72. (In Russian).
- 4 Kunicina N.N. (2006) Razvitie regional'nogo agrarnogo sektora jekonomiki v uslovijah neopredelennosti i riska // APK: jekonomika, upravlenie. No. 10(37). P. 6–20. (In Russian).
- 5 Tuzubekov M., Konyrbekov M., Zhamkeyeva M., Bikteubayeva A., Kabiyeva A., Tleubayeva S., Praliev S. (2020) Role of innovation in economy development of the world and Kazakhstan // Journal of Contemporary Issues in Business and Government. Volume 26. Issue 1. P. 167–175. DOI: 10.47750/CIBG.2020.26.01.021. WOSUID: WOS:000609885300019. URL: <https://www.scopus.com/> (қаралған күні: 10.07.2023). (In English).
- 6 Rakhimberdinova M., Nurekenova E., Konyrbekov M., Ordabayeva M., Saifullina Y., Kuttybaeva N. (2022) Role of Development of the Agro-Industrial Complex to Create Areas of Agritourism // Journal of Environmental Management and Tourism. No. 13(8). P. 2311–2319. DOI: [https://doi.org/10.14505/jemt.v13.8\(64\).23](https://doi.org/10.14505/jemt.v13.8(64).23) (қаралған күні: 29.02.2023) (Scopus). (In English).

7 Tekenov U.A., Daurenbekova A.N., Konyrbekov M.Z. (2017) Current state and prospects of development agrarian and industrial complex of the animal husbandry industry in Kazakhstan // *Espacios*. No. 38(49). P. 19. URL: <https://www.revistaespacios.com/a17v38n49/a17v38n49p19.pdf> (қаралған күні: 10.07.2023) (Scopus)ю (In English).

8 Smagulova S., Yermukhanbetova A., Akimbekova G., Nurgabylov M., Zhakupova S. (2022) Prospects for Digitalization of Energy and Agro-Industrial Complex of Kazakhstan // *International Journal of Energy Economics and Policy*this link is disabled. No. 12(2). P. 198–209. URL: <https://doi.org/10.32479/ijeep.12859> (қаралған күні: 10.07.2023) (Scopus)ю (In English).

9 Omarbakiyev L.A., Kantarbayeva S.M., Nizamdinova A.K., Seitkhamzina G.Zh., Saulembekova A. (2023) Consequences of changing regional integration on environmental development, agricultural markets, and food security // *Global Journal of Environmental Science and Management*this link is disabled. No. 9(4). P. 951–966. DOI: 10.22035/gjesm.2023.04.19. (қаралған күні: 10.07.2023) (Scopus)ю (In English).

10 Kalashnikov P.A., Kulanov A., Nesipbekov E.N., Kaishatayeva A., Kantarbayeva S.M. (2023) Impact of State and Legal Regulation on the Sustainable Development of Agricultural Territories and Improving the Standard of Living of the Population // *Journal of Environmental Management and Tourism*. No. 14(1). P. 82–88. DOI: [https://doi.org/10.14505/jemt.v14.1\(65\).08](https://doi.org/10.14505/jemt.v14.1(65).08) (қаралған күні: 10.07.2023) (Scopus). (In English).

11 Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 1 fevralja 2010 goda № 922 «O Strategicheskom plane razvitiya Respubliki Kazahstan do 2020 goda i dal'nejshego sovershenstvovaniya sistemy gosudarstvennogo upravleniya v Respublike Kazahstan. Informacionno-pravovaja sistema normativnyh pravovyh aktov Respubliki Kazahstan Әdilet. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U100000922> (қаралған күні: 30.01.2023). (In Russian).

12 Qazaqstan өңірлері бойынша ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының саны. Kazdata.kz сайтының деректері (қаралған күні: 30.01.2023). (In Kazakh).

13 Bel'gibaev K.M. (2001) *Jekonomika agrarnogo sektora. Uchebnoe posobie*. Almaty: «Ұларат». P. 62. (In Russian).

14 Kolichestvo juridicheskikh lic i fermerskih hozjajstv, proizvodjashhih sel'skohozjajstvennuju produkciju. URL: <http://finprom.kz/ru/article/kolichestvo-yuridicheskikh-lic-i-farmerskih-hozyajstv-proizvodyashih-selskohozyajstvennyu-produkciju-uvelichilos-chislennost-individualnyh-predprinimatelej-v-sektore-rezko-sokratilas>. (қаралған күні: 30.01.2023). (In Russian).

15 Kerimova U.K., Madiev G.R., Daribaeva Je.B., Turekulov S. (2019) Metodicheskie podhody k organizacii agroklastero v Kazahstane // *Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii. – FGBOU VO Voronezhskij GAU*. P. 214. (In Russian).

16 Investicionnaja i stroitel'naja dejatel'nost' v Respublike Kazahstan za 2016–2020 gg. – Nur-Sultan, 2021. P. 198. (In Russian).

17 Shkarupa E.A. (2011) Osobennosti privilecheniya investicij v sel'skoe hozjajstvo: sovremennoe sostojanie i tendencii razvitiya // *Vestnik Volgogradskogo gosudarstvennogo universiteta. Serija 3. Jekonomika. Jekologija*. No. 2(19). P. 107–112. URL: <http://www.volsu.ru>. (қаралған күні: 30.01.2023). (In Russian).

18 Kurmanova G.K., Suhanberdina B.B., Urazova B.A. (2021) Modernizacija agrarnoj jekonomiki v Respublike Kazahstan // *Economics: the strategy and practice*. No. 16(3). P. 35–50. (In Russian).

19 Zhangirova R.N. (2020) Innovacii v razviti agrarnogo sektora Kazahstana // *Problemy agrorynka*. No. 1. P. 27–33. (In Russian).

20 Jumashev F. (2018) Cifrovizacija – ključevoj faktor razvitiya APK. URL: <http://www.kazpravda.kz> (қаралған күні: 30.01.2023). (In Russian).

21 Dzhazykbaeva B.K., Kernebaev A.S., Mombekova G.R., Arkenova Zh.R. (2022) Gosudarstvennaja podderzhka agropromyshlennogo kompleksa Kazahstana // *Қазақ jekonomika, қарзhy zhәне halyқаралық sauda universitetiniң zharshysy*. No. 3 (48). P. 31–32. (In Russian).

22 Mironov V.V. (2019) O diagnostike tekushhego sostojaniya rossijskoj jekonomiki i srednesrochnyh perspektivah ee rosta // *Voprosy jekonomiki*. No. 2. P. 25–35. (In Russian).

23 Itogi 2022 goda v Kazahstane: real'nyj sektor jekonomiki. URL:<https://primeminister.kz/ru/news/reviews/itogi-2022-goda-v-kazahstane-realnyy-sektor-ekonomiki-28112047> (қаралған күні: 31.01.2023). (In Russian).

24. Gabdullina L., Kirdasinova K., Amanbayeva A., Zeinullina A., Tlessova E., Azylkanova S. Transport and logistics innovations in supply chain management: Evidence from Kazakhstan // *Uncertain Supply Chain Management* 8 (2020) 255–266. URL: <https://www.GrowingScience.com/uscm/> (қаралған күні: 29.02.2023) (Scopus). (In English).

**Г.Ж. ЖАМБЫЛОВА,\*<sup>1</sup>**

докторант.

\*e-mail: zhambylova\_gulfiya@live.kaznu.kz

ORCID ID: 0000-0002-5960-1957

**А.А. САТМУРЗАЕВ,<sup>2</sup>**

д.э.н., профессор.

e-mail: ncasan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-5208-6761

**Д.С. КАДЫРБЕКОВА,<sup>3</sup>**

PhD.

e-mail: 6537275@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8641-253X

**Г.А. БОЛСЫНБЕКОВА,<sup>4</sup>**

м.э.н, ст. преподаватель.

e-mail: bolsynbekovag@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-8925-3041

<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби,  
г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Академия «Кайнар».

г. Алматы, Казахстан

<sup>3</sup>Казахская академия спорта и туризма,

г. Алматы, Казахстан

<sup>4</sup>УО «Alikhan Bokeikhan university»,

г. Семей, Казахстан

## **ЭКОНОМИЧЕСКИЙ МЕХАНИЗМ МОДЕРНИЗАЦИИ АГРАРНОГО СЕКТОРА КАЗАХСТАНА И РЕГИОНОВ**

### **Аннотация**

Основная цель статьи – рассмотреть вопросы, связанные с цифровизацией аграрных отраслей: основные механизмы поддержки со стороны государства в их развитии, снижение производительности труда, возможности более широкого цифрового внедрения инновационных технологий. Авторами определены основные пути и механизмы решения проблем развития агропромышленного комплекса страны по приоритетным этапам. Нацпроект по развитию АПК в Казахстане на 2021–2025 гг. отражает ряд актуальных вопросов, устанавливая основные рамки по своей реализации. Важное значение имеет решение вопросов модернизации и диверсификации в аграрной сфере в целях повышения уровня социально-экономического развития страны. Результаты модернизации отражаются на финансовых ресурсах как по экономическим направлениям, так и по генерации, что влияет на показатели по инвестициям. Выявлены наиболее значимые факторы модернизации агропромышленного комплекса Казахстана на разных уровнях. На их основе предложены и обоснованы ключевые направления развития агропромышленного комплекса. Результаты исследования включают выводы и точки зрения современных авторов-специалистов в данной области. Полностью дифференцированы несколько выводов и программ по обеспечению стабильности социально-экономического развития страны, включая регулирование цен на продукты питания.

**Ключевые слова:** государственная поддержка, бюджетная программа, привлечение инвестиций, инвестиционный проект, финансирование АПК, цифровизация, инновационная деятельность.

**G.ZH. ZHAMBYLOVA,\*<sup>1</sup>**

PhD student.

\*e-mail: zhambylova\_gulfiya@live.kaznu.kz

ORCID ID: 0000-0002-5960-1957

**A.A. SATMURZAYEV,<sup>2</sup>**

d.e.s., professor.

e-mail:ncasan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-5208-6761

**D.S. KADYRBEKOVA,<sup>3</sup>**

PhD.

e-mail: 6537275@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8641-253X

**G.A. BOLSYNBEKOVA,<sup>4</sup>**

m.e.s., senior lecturer.

e-mail: bolsynbekovag@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-8925-3041

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University,

Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Kainar Academy

Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup>Kazakh Academy of Sports and Tourism,

Almaty, Kazakhstan

<sup>4</sup>Alikhan Bokeikhan university,

Semey, Kazakhstan

## ECONOMIC MECHANISM OF AGRICULTURAL SECTOR AND REGIONS MODERNIZATION

### Abstract

The main purpose of the article is to consider the issues related to the digitalization of agrarian industries: the main mechanisms of support from the state in their development, the decline in labor productivity, the possibilities of wider digital implementation of innovative technologies. The authors identify the main ways and mechanisms for solving the problems of the country's agro-industrial complex development by priority stages. The National Project on the development of agro-industrial complex in Kazakhstan for 2021–2025 reflects a number of topical issues, establishing the main framework for its implementation. It is important to address the issues of modernization and diversification in the agricultural sector in order to improve the level of socio-economic development of the country. The results of modernization are reflected in the financial resources in both economic directions and generation, which affects the investment indicators. The most significant factors of modernization of the agro-industrial complex of Kazakhstan at different levels have been identified. On their basis, the key directions of agro-industrial complex development are proposed and justified. The results of the study include conclusions and points of view of modern authors-specialists in this field. Several conclusions and programs to ensure the stability of socio-economic development of the country, including regulation of food prices, are fully differentiated.

**Key words:** state support, budget program, attraction of investments, investment project, financing of agro-industrial complex, digitalization, innovative activity.

FTAXP 06.39.41  
ӘОЖ 352.075  
JEL H70

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-3-271-285>

**Д.О. ТУБЕКОВА,\*<sup>1</sup>**

докторант.

\*e-mail: [dana.tubekova@ayu.edu.kz](mailto:dana.tubekova@ayu.edu.kz)

ORCID ID: 0000-0003-3625-6203

**Г.Ж. АЗРЕТБЕРГЕНОВА,<sup>1</sup>**

Э.Ф.К., доцент.

e-mail: [gulmira.azretbergenova@ayu.edu.kz](mailto:gulmira.azretbergenova@ayu.edu.kz)

ORCID ID: 0000-0002-9070-7055

**З.К. ЕСЫМХАНОВА,<sup>2</sup>**

Э.Ф.К., қауымдастырылған профессор.

e-mail: [yesymkhanova@gmail.com](mailto:yesymkhanova@gmail.com)

ORCID ID: 0000-0001-5552-5849

<sup>1</sup>Қ.А. Яссауи атындағы халықаралық

қазақ-түрік университеті,

Түркістан қ., Қазақстан

<sup>2</sup>«Тұран-Астана» университеті,

Астана қ., Қазақстан

## **«ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ» САЯСАТЫН ӨНІРЛІК ДЕҢГЕЙДЕ ЖЕТІЛДІРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

### **Аңдатпа**

Қазақстанда «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы 2019 ж. қыркүйек айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа жолдаған кезекті жолдауында жарияланып, қабылданған болатын. Осы тұжырымдаманы жүзеге асыру бойынша жүйелі түрде үздіксіз іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Алайда, бұл тұжырымдаманың негізгі мақсаты – мемлекеттік органдар мен халық арасындағы кері байланыс орнату жүйесі әлі күнге дейін дұрыс қалыптаса алмай келеді. Осыған байланысты зерттеудің негізгі мақсаты – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес аймақтық деңгейде, жергілікті өзін-өзі басқару институттарының қызметін жетілдіру бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу. Өйткені қоғамның бастапқы ұяшығы – жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың белсенді шараларын жүргізу, өз кезегінде мемлекеттік басқару институттарының ұстанымдары мен халықтың мүдделерін қорғауға мүмкіндік береді. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі бойынша қабылданған заңдар, ережелер мен талаптар елдің барлық аймақтарына бірдей, біздің зерттеуімізде негізгі объект ретінде Түркістан қаласының жергілікті атқарушы орган қызметкерлері мен тұрғындарынан құралған респонденттерге сауалнама жүргізу арқылы нақты мәліметтер алынды. Зерттеу барысында сандық және сапалық талдау әдістері қолданылды, мысалы, қалыпты Гаусс Спрейі (қалыпты тарату), корреляциялық талдау (Spearman корреляциясы), Дурбин-Уотсон коэффициенті бойынша талдау және регрессиялық талдау (Regression analysis). Талдаулар R – statistics және SPSS 23 бағдарламалары арқылы жүргізілді. Нәтижесінде, қолданылған барлық әдіс-тәсілдер зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды жасауға және шешімдер қабылдауға, сонымен қатар еліміздің аймақтары бойынша жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен халық арасындағы сындарлы диалог қалыптастыру бойынша орын алып жатқан жалпы мәселелерді зерделеп, нақтылауға мүмкіндік берді.

**Тірек сөздер:** саяси реформалар, халықтың мүддесі, Фишер тесті, шектеу теориясы, нольдік гипотеза, ашық диалог, нормативтік-құқықтық база.

### **Кіріспе**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында «Саяси реформалар бір күнде, тіпті бір жылда қалыптасып бітетін іс емес, бірақ оларды кешіктіруге де болмайды, Билік әрқашан халық алдындағы жауапкершілікті сезінуі керек» деді.

Яғни Қазақстанда «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының енгізілуінің маңыздылығын, оның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару институттарының қызметтерін дамытуға байланысты өзгерістердің қажет екенін атап өтті [1].

ҚР Президентінің Әкімшілігінде 2019 ж. 22-ші шілдеде «Мемлекеттік органдардың азаматтар өтініштерін қарау сапасын бақылау және жедел шаралар қабылдау бөлімі» құрылған болатын [2]. Бұл бөлімнің құрылуының негізгі себебі халық тарапынан үздіксіз көптеп түскен шағымдарға байланысты болды. Әр түрлі әлеуметтік салалардағы әділетсіз шешімдерге байланысты шағымдану, мемлекеттік органдардағы немесе аймақтарда жүйелі түрде орын алып жатқан мәселелерді шешу бойынша көптеген оқшылықтардың бар екендігін ескере отырып, мемлекеттік мекемелер мен халық арасындағы байланысты жүйелі түрде зерттеу осы тақырыптың негізгі өзектілігі болып табылады.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» (ХУҚАМ) тұжырымдамасына сәйкес, өңірлік деңгейде жергілікті өзін-өзі басқару институттарын дамыту бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеудің мақсатына қол жеткізу үшін келесідей міндеттер қойылды:

- ♦ Мемлекеттік органдардың халықпен кері байланыс жүйесінде жергілікті өзін-өзі басқару институттарының нормативтік-құқықтық базамен қамтамасыз етілуін зерделеу;
- ♦ Түркістан қаласының мемлекеттік органдары мен халық арасындағы ашық диалогты қалыптастыруға ықпал ететін проблемаларды айқындау;
- ♦ Жергілікті өзін-өзі басқару институттарының қызметтерін жандандыруға байланысты іс-шаралар ұйымдастыру бойынша ұсыныстар беру.

### Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында зерттеудің сандық және сапалық әдістері қолданылды. Жергілікті өзін-өзі басқару институттарының халықпен кері байланыс жүйесіндегі өзара іс-қимылының жағдайын анықтау үшін әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелерін тереңірек зерттеу үшін R-statistics және SPSS, 23 бағдарламаларын қолдану арқылы Гаус бойынша Қалыпты шашылым (Normal Distribution), Корреляциялық талдау (Spearman Correlation), Durbin-Watson коэффициенті бойынша талдама, Регрессиялық талдама (Regression analysis) әдістері қолданылды.

Сауалнамаға Түркістан қаласының мемлекеттік қызметкерлері арасынан – 90 адам және қаланың жергілікті тұрғындарынан – 210, жалпы саны 300 адам қатысты. 1-кестеде сауалнамаға қатысқан респонденттер жайлы сипаттамалық талдама берілген, ол келесідей мәліметтерді көрсетті:

Кесте 1 – Сауалнамаға қатысқан респонденттер жайлы сипаттамалық талдама

| Респонденттер жайлы мәлімет |                   | Қатысушылар саны | Пайыздық көрсеткіш |
|-----------------------------|-------------------|------------------|--------------------|
| Жасы                        | 15–20 жас аралығы | 70               | 23.3%              |
|                             | 20–30 жас аралығы | 46               | 15.3%              |
|                             | 30–50 жас аралығы | 98               | 32.7%              |
|                             | 50 – ден жоғары   | 86               | 28.7%              |
|                             | Жалпы             | 300              | 100%               |
| Жынысы                      | Әйел              | 233              | 77.7%              |
|                             | Ер                | 67               | 22.3%              |
|                             | Жалпы             | 300              | 100 %              |
| Қазіргі кездегі статусы     | Студент           | 110              | 36.7%              |
|                             | Қызметкер         | 113              | 37.7%              |
|                             | Уақытша жұмыссыз  | 38               | 12.7%              |
|                             | Зейнеткер         | 39               | 13.0%              |
|                             | Жалпы             | 300              | 100 %              |



1-кестенің жалғасы

|  |                               |     |       |
|--|-------------------------------|-----|-------|
| Тұрғылықты мекені  | Қала                          | 154 | 51.3% |
|  | Облыс орталығы                | 136 | 45.3% |
|  | Ауылдық округ                 | 10  | 3.3%  |
|  | Жалпы                         | 300 | 100 % |
| Білім дәрежесі   | Орта білім                    | 29  | 9.7%% |
|  | Жоғары білім                  | 203 | 67.7% |
|  | Жоғары білімнен кейінгі білім | 68  | 22.7% |
|  | Жалпы                         | 300 | 100 % |
| Ескертпе: Жүргізілген әлеуметтік сауалнама негізінде авторлар құрастырған. |                               |     |       |

Мақаланы жазу барысында статистикалық зерттеу әдістері кеңінен қолданылды. Олардың ең алғашқысы Қалыпты шашылым (Normal Distributoion) әдісі – бұл бір өлшемді жағдай үшін Гаусс функциясымен берілген ықтималдылықтың таралу шамасын көру әдісі. Стандартты қалыпты шашылымның екі параметрі бар: қалыпты орташа және стандартты ауытқу.

Қалыпты шашылым ғылымның көптеген салаларында қолданылады, ол әр түрлі шамадағы мәндерді талдауда, кездейсоқ факторлардың көптігінен өзгеріске ұшыраған ауытқулардың қалыпты шашылым заңына бағынатындығын немесе керісінше бағынбайтындығын анықтап алуға арналған әдіс болып табылады [3]. Формуласы келесідей:


$$f(x) = \frac{1}{\sigma\sqrt{2\pi}} e^{-\left(\frac{x-\mu}{\sigma}\right)^2} \quad (1)$$

мұндағы:  $f(x)$  – ықтималдылық функциясы

$x$  = зерттелетін айнымалының немесе деректердің мәні

$\mu$  = орташа мән

$\sigma$  = стандартты ауытқу



Сурет 1 – Сауалнама сұрақтары нәтижелерінің қалыпты шашылым (Normal Distributoion) заңына бағыну көрсеткіші

Ескертпе: Жүргізілген әлеуметтік сауалнама негізінде авторлар құрастырған.

Spearman корреляция коэффициенті айнымалылар арасындағы түзу сызықтық байланыстың өлшем бірлігі болып табылады, оның мәндері екі өлшемді шашырау графигіндегі нүктелер бір түзуде жатқанда максимумға жетеді [4]. Формуласы келесідей:

$$R + \sum \frac{Zx^i Zx^i}{n - 1} \quad (2)$$

Durbin-Watson статистикалық талдауы (DW) – бұл статистикалық модель немесе регрессиялық талдау барысындағы қалдықтардың автокорреляциясын анықтауға арналған сынақтың бір түрі. Автокорреляция дегеніміз тәуелсіз мәндердің өзара корреляцияға ұшырауын (multicollinearity) айтамыз. Егер де тәуелсіз айнымалылар өзара автокорреляцияға ұшыраса тәуелді айнымалымен жасалған регрессиялық талдаулар теріс нәтиже береді. Durbin-Watson статистикасы әрқашан 0-ден 4-ке дейін өзгереді. 2.0 мәніне жақын мәндер автокорреляцияның табылмағанын және 0-ден 2-ге дейінгі мәндер оң автокорреляцияның орын алғандығын көрсетеді, ал 2-ден 4-ке дейінгі мәндер теріс автокорреляцияны білдіреді [5]. Формуласы келесі:

$$DW = \frac{\sum_{t=2}^T (et - et)^2}{\sum_{t=1}^T et^2} \quad (3)$$

Мұндағы:  $et$  – қалдық сан

$T$  – эксперименттегі бақылаулар саны.

Регрессиялық талдау (Regression analysis) – бұл бір немесе одан да көп айнымалылар арасында өзгерістер пайда болған кезде, оның әсері басқада айнымалылардың өзгерісін тудыратын көлемді өлшеуге арналған әдіс. Сонымен қатар мәндерді болжау үшін кейбір құбылыстарды модельдеу, гипотезалар құру үшін де қолданылады. Негізгі мақсаты – тұрақты және дәл болжамды модель құру [6]. Формуласы келесідей:

$$\bar{Y}_x = a + bx^1 + cx^2 + dx^3 \dots, \quad (4)$$

Сондай-ақ, зерттеу барысында Қазақстан бойынша жалпы мәселелерді зерделеп, нақтылау үшін индукция әдісі қолданылды (яғни жеке мәселеден жалпыға), атап айтқанда Түркістан қаласын зерттей отырып, мемлекет деңгейінде орын алып отырған мәселерді көруге мүмкіндік алдық. Негізінен бұндай зерттеулер еліміздің басқа өңірлерінде жүргізілсе басқаша көрсеткіштерді де беруі мүмкін. Өйткені жергілікті басқару бойынша заңдар, ережелер мен талаптар барлық аймаққа бірдей болғанымен әр өңірдің өзіндік экономикалық, әлеуметтік әрі экологиялық тұрғыдан өзіндік басқаша факторларға ие екендігін ескергендігіміз жөн. Осы қолданылған әдіс-тәсілдер тақырып бойынша қорытынды жасауға және шешімдер әзірлеуге жеткілікті болды.

### Негізгі ережелер

Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуі құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негізін құрайтын барлық қажетті заңдардың болуынан ғана емес, сонымен қатар халықтың жергілікті өзін-өзі басқарудағы өз құқықтары мен құзыреттерін түсінуіне, жергілікті автономияны жүзеге асырудың нақты қабілетіне де байланысты. Сонымен қатар халықтың ағымдағы жай-күйін ескере отырып, ауылдық жерлерде халықты және оның ролін арттыру үшін ақпараттық-насихаттау қызметтерін жандандыру маңызды. Азаматтардың мәселелерін естіп, көре білу жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім қабылдау. «Халықты тыңдай алатын мемлекет» – бұл «Адал мемлекет» құру тұжырымдамасы. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқару институттарының қызметтерін тиімді жүзеге асыру тетігін іске қосу үшін келесідей сұрақтардың қаралуы маңызды: Билік өкілдері мен қоғам арасында диалог қалай жүзеге асырылып жатыр? Қоғам мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы кері байланыста қандай қиындықтар туындап жатыр? Жергілікті билік органдары жұмысының тиімділігін қалай арттыруға болады? Жергілікті бюджетті бақылаудың арнайы

функцияналдық тетігі бар ма? Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметі халық алдында қандай маңыздылыққа ие? Билік өкілдерінің, атқарушы органдардың жергілікті тұрғындармен дұрыс диалог қалыптастыра алған жағдайда ғана, қоғам мен билік арасындағы алшақтықты қысқартуға болады.

### Әдебиетке шолу

Мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқарудың теориялық және тарихи негіздерін бірқатар отандық зерттеушілер М.С. Нұртазин, В.Н. Уваров, Л.С. Таршилова, Ж.К. Кайкенова, А. Байменовтар зерттеген. Олар Қазақстанның тәуелсіздік алғанға дейінгі және кейінгі кездегі жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметтерінің салалық мәселелерін кеңінен зерттеген [7].

Құнды материал ретінде Түркиялық ғалымдар Ali Demir «Inspection in public management and using methods in Turkey» атты және Abdulsemet Yaman «Yerel yönetimin ve bölgesel uzmanlığının iletişimsizleştirilmesi: Modern Türkiye»de iktidar ve toplum arasındaki etkileşim sistemi» диссертацияларын ерекше деп атауға болады [8].

Aziz Belli өз еңбегінде 1970 жылдардағы дағдарыстан кейінгі Түркиядағы әл-ауқаттың күйреуі кезінде, дәстүрлі мемлекеттік басқару тұжырымдамасына деген халықтың кері көзқарасы мен күмән келтіруі жайлы жазған. Көп ұзамай жаңа саяси реформалар қабылданып, мемлекеттік басқарудың икемді ұйымдық құрылымы қалыптасып, ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ететін жаңа мемлекеттік басқару жүйесі пайда болған. Бұл еңбекте мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқарудың жаңа қатынастарын зерттеу кезінде, екі құрылымның негізгі сипаттамаларына салыстырмалы талдау жүргізген. Зерттеу нәтижесінде жаңа мемлекеттік басқару мен декоммунизация арасындағы қатынастар параллель қатынастар екендігі анықтаған [9].

Mehmet Çınar мен Mustafa Sevüktekin «Zaman Serileri Analizi ve Genişletilmesi» атты еңбегінде мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін өз басқару институттарындағы көптеген мәселерге сандық және сапалық зерттеулер жүргізу арқылы жаңа реформалар мен мемлекеттік басқарудың тиімді саяси модельдерін ұсынған. Олар: Zaman Serisi Kalıpları, Duğrusal Zaman Serisi Modelleri, Eştümleşme ve Hata Düzeltme Modelleri, Tanıtım Bülteninden Testi деген әдістер болды [10].


Жергілікті басқару органдары мен халық арасында байланысты жетілдірудің бірден-бір тиімді жолы, АКТ мен интернет мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану болып саналады. Көптеген елдерде ғылыми орталықтар мен ғылыми-зерттеу институттары ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін кеңейтуге байланысты мәселелерді зерттеумен айналысуда. Оның ішіне әр түрлі әлеуметтік таптар мен халықтық топтар арасындағы цифрлық сауаттылыққа қол жеткізудегі тосқауылдарды жою, кедейлік пен гендерлік теңсіздікті азайту, сонымен қатар интернетке қол жетімділікті шектейтін күрделі мәселелерді талқылау кіреді [11].

Демократиялық мемлекеттің дербестігін қамтамасыз ету жолында, жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдау процесіне халықтың қатысуын қамтамасыз ету негізгі талап болып саналады. Әлемдік аналитикалық зерттеу нәтижелері әйелдер қауымының цифрлық экономикаға қатысуы, жаңа тәжірибе алмасу, сондай-ақ әлеуметтік медиа, бағдарламалық қамтамасыз ету және цифрлық құралдарды кеңінен қолдануда ерлерге қарағанда үлесі жоғары екенін көрсетті. Отбасы бюджетін басқару мен бала тәрбиесінде рөлі зор әйел қоғамын мемлекеттік істерге араластыру саясаты көп дамыған мемлекеттерде оң нәтиже беріп жатыр [12].

Зерттеліп отырған тақырып бойынша әдебиеттерге жасалған шолу көрсеткендей, авторлардың көпшілігі жергілікті өзін-өзі басқару бостандық пен кері байланыс принциптері негізінде жүзеге асырылуы керек деп санайды. Сонымен қатар, Alparslan Kartal-дың ойынша «Жергілікті автономия мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы тікелей байланыс болып табылады, өйткені автономия жергілікті маңызы бар мәселелерде халықтың дербес мүддесіне қарау арқылы ғана дұрыс шешіледі» деген қорытындыға келген [13].

## Нәтижелер мен талқылау

Зерттеудің сапалылық әдісін қолдану арқылы халықтың осы сала бойынша нақты көзқарастарын білу үшін келесідей сұрақтар берілді. Олар: «Жергілікті басқару» деген ұғымды қалай түсінесіз? және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» ұғымын қалай түсінесіз? деген сауалдар болды. Нәтижелері келесідей көрсеткіштерге ие болды.



Сурет 2 – «Жергілікті басқару» мен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» ұғымдарын түсінудегі халықтың жауаптары

Ескертпе: Жүргізілген әлеуметтік сауалнама негізінде авторлар құрастырған.

Бұл жағдайда респонденттер арасында «Жергілікті басқару» ұғымын айқындау мәселесі бойынша пікірлерге сәйкес: көпшілік бөлігі «Жергілікті азаматтар қауымдастығы» деді – 58%, «Билік органы» дегендер – 26%, «Әкімдерді сайлау орталығы» – 10%, «Таңдау еркіндігі» дегендер – 6% құрады. Жауап форматы еркін түрде болды, әркім өз пікірін жазды және бір байқағанымыз жауапта мәслихат, халықтың жауапкершілігі немесе тәуелсіз шешім қабылдау туралы ешкім ешқандай пікір айтқан жоқ. Дегенмен, респонденттер бұл түсініктер жайлы ақпараттармен қамтамасыз етіліп отырғандығын және «Жергілікті басқару» ұғымына толық анықтама бере алатындығын көрдік.

Зерттеу барысында халық арасындағы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын түсіну деңгейін анықтау маңызды болды.

Әлеуметтік талдау нәтижелері бес бағытты анықтауға мүмкіндік берді: «Халық үшін құрылған мемлекет» – 29%; «Ашықтық пен айқындық» – 26%; «Қолжетімділік пен әділдік» – 6%; «Халықтың мәселелері мен өтініштерін шешу» – 36% және «Жауап жоқ» – 3% құрады. Жауаптар халықтың тұжырымдама жайлы түсініктері бар екенін көрсетті. Жалпы, халық «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы басқару мен ынтымақтастықтың жаңа тетіктерін құру деп санайды.

Соңғы кездері «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы халық ортасында үлкен талқыға түсуде. Бұл процесс әлеуметтік желілерде, әсіресе «Президенттің виртуалды қабылдау бөлмесі», «Онлайн петиция» және «Ашық үкімет» порталдарында өзекті болып отыр [14].

Зерттеудің негізгі мәселесі халық пен жергілікті атқарушы органдар арасындағы кері байланыстың сапасын анықтау. Бұл мәселе бойынша респонденттердің жауаптары бес түрлі болды:

- ♦ 49% жергілікті атқарушы органдар халықтың талаптарын әрдайым ести бермейді деп мәлімдеді;
- ♦ 13% мәселені шешу мүмкін болмағандықтан қоғам мен жергілікті атқарушы органдар арасында кері байланыс жоқ деп санайды;
- ♦ 6% жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік тапсырмалардың үлкен көлемін орындайды және кері байланыс орнату үшін қоғамға бет бұрып, диалог құруға мүмкіндіктері де, уақыттары да жоқ деген пікір айтты;

- ♦ 6% жергілікті атқарушы органдар мен қоғам арасындағы өзара іс-қимыл бойынша ешқандай мәселе жоқ, яғни бәрі қанағаттанарлық және кері байланыс бар деп болжайды;
- ♦ қалған 26% бұл сұраққа жауап берген жоқ.




Сурет 3 – Жергілікті атқарушы органдар мен қоғам арасындағы кері байланыс мәселесі және жергілікті билік органдары жұмысының тиімділігін арттыру критерийлері бойынша сауалнама нәтижелері

Ескертпе: Жүргізілген әлеуметтік сауалнама негізінде авторлар құрастырған.

Шын мәнінде, озық елдердің тәжірибесінде қоғам мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы кері байланыстан басқа, ашықтық, қолжетімділік, есептілік, жеделдік, құрылымдық, демократиялық прагматизм және проблемаларды бірлесіп шешуге деген ұмтылыстың маңызды екенін білеміз.

Тиімділік критерийлерін анықтайтын жауаптар респонденттердің әртүрлі пікірлерін көрсетті:

- ♦ көпшілік жергілікті билік органдары қызметкерлерінің жалақысын көтеру арқылы жұмыстың тиімділігін арттыруға болады деп санайды – 48%;
- ♦ ал респонденттердің бір бөлігі жұмысқа деген қызығушылықтың маңыздылығын көрсетті – 23%;
- ♦ кейбіреулері жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмысы туралы үздік тәжірибелер мен жобалардың болуы керектігін айтты – 19%;
- ♦ қалғандары маманның біліктілігін арттыруда мәселенің шешімін көреді – 10%.



Сурет 4 – Билік өкілдері мен азаматтық қоғам арасындағы диалог деңгейі және шешім қабылдау процесіне халықтың қатысуына қатысты сауалнама нәтижелері

Ескертпе: Жүргізілген әлеуметтік сауалнама негізінде авторлар құрастырған.

Билік өкілдері мен азаматтық қоғам арасындағы диалог бойынша респонденттердің пікірі екі топқа бөлінді – оң және теріс:

Респонденттердің 55% байланыс бойынша жақсарту бағытында өзгерістер бар деп санайды, ал 5% ештеңе жасалынып жатқан жоқ деп мәлімдеді, ал тағы 15% елімізде сыбайлас жемқорлық орын алып отырған кезде халық пен билік арасында ешқандай әділ диалог болмайды деген пікір білдірді.

Халық шешім қабылдау процесіне қалай белсенді қатысуы керек деген сұраққа: халық әкімдердің сайлауына белсене қатысу керек дегендер – 31%, халық жергілікті бюджеттегі ақшаның қайда жұмсалып жатқандығы туралы ақпаратты білуі керек дегендер – 8%, әкімдік жанында қаланың, ауданның, облыстың беделді тұрғындарынан құрылған кеңестер болуы керек дегендер – 8%, барлық жауаптар дұрыс дегендер – 53% құрады.

Жалпы, әлеуметтік сауалнама нәтижелері, бізге халықтың мемлекетпен сындарлы диалогқа түсуге, әрі ашық қарым-қатынасқа дайын екендіктерін көрсетті. Алайда, мемлекеттік қызметкерлер тарапынан халықты өңірлік маңызы бар мәселелерді шешуге тартудың мотивациялық моделі жоқ екендігін көрсетті.

Сауалнама нәтижесі бойынша жасалған сандық зерттеулер келесідей нәтижелерді берді:

Кесте 2 – Корреляциялық зерттеу (Spearman Correlation)

| Айнымалылар   |                      | Қазақстанда «ХҰҚАМ» қағидасының тиімді жүзеге асыру механизмдері мемлекет тарапынан реттеліп жақсы жүргізіліп жатыр | Саяси реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласымен тиімді жүзеге асырылып жатыр | Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығы жеткілікті дәрежеде бір жүйеге келтірілген | Қазақстанда жергілікті орган қызметшілерінің этикасы және халықпен қарым-қатынас қалыптастыру дәстүрі жоғары сапаға ие | «ХҰҚАМ» қағидасын іске асыру үшін мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын дамыту маңызды |
|---|----------------------|---|--|---|--|---|
| Қазақстанда «ХҰҚАМ» қағидасының тиімді жүзеге асыру механизмдері мемлекет тарапынан реттеліп жақсы жүргізіліп жатыр                 | Spearman Correlation | 1   |  |   |  |   |
|   | Sig. (2-tailed)      | .   |  |   |  |   |
|   | N                    | 300   |  |   |  |   |
| Саяси реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласымен тиімді жүзеге асырылып жатыр              | Spearman Correlation | .437**  | 1  |   |  |   |
|   | Sig. (2-tailed)      | 0.000   | .  |   |  |   |
|   | N                    | 300   | 300  |   |  |   |
| Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығы жеткілікті дәрежеде бір жүйеге келтірілген | Spearman Correlation | .148  | .513**   | 1   |  |   |
|   | Sig. (2-tailed)      | 0.153   | 0.000  | .   |  |   |
|   | N                    | 300   | 300  | 300   |  |   |

2-кестенің жалғасы

|   |                      |        |        |       |        |     |
|---|----------------------|--------|--------|-------|--------|-----|
| Қазақстанда жергілікті орган қызметшілерінің этикасы және халықпен қарым- қатынас қалыптастыру дәстүрі жоғары сапаға ие | Spearman Correlation | .154   | -.172  | .105  | 1      |     |
|   | Sig. (2-tailed)      | 0.135  | 0.096  | 0.313 | .      |     |
|   | N                    | 300    | 300    | 300   | 300    |     |
| «ХҮҚАМ» қағидасын іске асыру үшін мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын дамыту маңызды     | Spearman Correlation | .316** | .366** | .143  | .300** | 1   |
|   | Sig. (2-tailed)      | 0.002  | 0.000  | 0.167 | 0.003  | .   |
|   | N                    | 300    | 300    | 300   | 300    | 300 |
| ** Significance (2-tailed) – Корреляция 0.05 – (p>0.05) (екі жақты) деңгейінде маңызды.                                 |                      |        |        |       |        |     |
| Ескертпе: Жүргізілген әлеуметтік сауалнама негізінде авторлар құрастырған.  |                      |        |        |       |        |     |

Spearman корреляциялық зерттеу нәтижелерін көру үшін Sig. (2-tailed)-те берілген негізгі мәліметтердегі сандарға қараймыз. Егер осы жердегі шыққан нәтижелердің маңыздылығы Sig. (2-tailed) – 0.05 тен аз болса (p>0.05) біздің жасап жатқан зерттеуіміздегі сұрақтар стандартты, әрі респонденттердің жауабы оң нәтиже беріп отыр дегенді білдіреді. Егер 0.05-тен көп болса, онда бұл сұрақтар бойынша респонденттер тарапынан белгілі бір мәселелердің орын алып жатқанын, әрі бұл сұрақтар бойынша респонденттер тарапынан негативті көз қарастарының бар екендігін көреміз. Корреляциялық зерттеу нәтижелерінің маңыздылығы бойынша берілген сұрақтар арасында келесідей корреляциялық байланыстың бар екендігін көрдік: «Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығы жеткілікті дәрежеде бір жүйеге келтірілген» деген сауал мен «Қазақстанда «ХҮҚАМ» қағидасының тиімді жүзеге асыру механизмдері мемлекет тарапынан реттеліп жақсы жүргізіліп жатыр» деген сауал арасындағы корреляциялық әсердің күші – 0.153-ке тең болды, яғни 0.05-тен көп. Яғни бұл Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығы жеткілікті дәрежеде бір жүйеге келтірілмегендігін, әрі оған Қазақстанда «ХҮҚАМ» қағидасының тиімді жүзеге асыру механизмдері мемлекет тарапынан реттеліп жақсы жүргізіліп келе жатқан жоқ екендігін көрсетті. Келесі «Қазақстанда жергілікті орган қызметшілерінің этикасы және халықпен қарым-қатынас қалыптастыру дәстүрі жоғары сапаға ие» деген сұраққа келесідей сұрақтардың корреляциялық әсерінің бар екендігін көрдік, мұнда: «Қазақстанда «ХҮҚАМ» қағидасының тиімді жүзеге асыру механизмдері мемлекет тарапынан реттеліп жақсы жүргізіліп жатыр» – 0.135; «Саяси реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласымен тиімді жүзеге асырылып жатыр» – 0.096; «Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығы жеткілікті дәрежеде бір жүйеге келтірілген» – 0.313 деген мәндерді берді. Бұнда да Қазақстандағы жергілікті орган қызметшілерінің этикасы және халықпен қарым-қатынас қалыптастыру дәстүрі жоғары сапаға ие бола алмай жатыр, әрі оған әсер етуші негізгі факторлар Қазақстанда «ХҮҚАМ» қағидасының тиімді жүзеге асыру механизмдері мемлекет тарапынан реттеліп жақсы жүргізіліп жатқан жоқ екендігі, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығы жеткілікті дәрежеде бір жүйеге келтірілмегендігі және Қазақстанда әліде «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласымен тиімді жұмыстарды жүзеге асыру бойынша көптеген олқылықтар бар, сапалы әрі қатаң іс-шаралар ұйымдастырылуы керек екендігін көрсетті. Ал «ХҮҚАМ» қағидасын іске асыру үшін мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын дамыту маңыздылығы» мен «Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығы жеткілікті дәрежеде бір жүйеге келтірілген» деген сауалдар арасында 0.167 өлшемді корреляциялық байланыс орын алды. Бұнда ХҮҚАМ» қағидасын

іске асыру үшін мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларының дамуы Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығы жеткілікті дәрежеде бір жүйеге келтірілуіне тікелей ықпал ете алатындығын және осы сала бойынша іс-шаралар бір жүйеге келтірілуі керектігін көрсетті.

Зерттеуді тереңірек жүргізіп негізгі мәселелерді анықтау үшін келесі статистикалық талдамалық әдісті қолдандық.

Кесте 3 – Durbin-Watson коэффициенті бойынша талдама

| Модель  | Статистикалық өзгерістер (Change Statistics) |                         |      |      |  | Durbin-Watson коэффициенті |
|---|--|-------------------------|------|------|--|----------------------------|
|   | R-квадратты өзгеріс (R – Square Change)      | f – өзгеріс (f- change) | df-1 | df-2 | f-өзгерістің маңыздылығы (Significance f – change) |                            |
| 1   | 0.270a                                       | 8.311                   | 4    | 90   | 0.000  | 1.978                      |
| Significance f – change – 0,05 (p>0,05) Durbin-Watson < 2.0   |  |                         |      |      |  |                            |
| а. Тәуелді айнымалы:<br>Қазақстанда «ХҰҚАМ» қағидасының тиімді жүзеге асыру механизмдері мемлекет тарапынан реттеліп жақсы жүргізіліп жатыр   |  |                         |      |      |  |                            |
| б. Тәуелсіз айнымалылар:<br>1. «ХҰҚАМ» қағидасын іске асыру үшін мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын дамыту маңызды;<br>2. Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығы жеткілікті дәрежеде бір жүйеге келтірілген;<br>3. Қазақстанда жергілікті орган қызметшілерінің этикасы және халықпен қарым-қатынас қалыптастыру дәстүрі жоғары сапаға ие;<br>4. Саяси реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласымен тиімді жүзеге асырылып жатыр |  |                         |      |      |  |                            |
| Ескертпе: Жүргізілген әлеуметтік сауалнама негізінде авторлар құрастырған.  |  |                         |      |      |  |                            |

Durbin-Watson коэффициенті бойынша талдама негізінен регрессиялық зерттеуді жасамас бұрын қолданылады. Ол автокорреляцияның (multicollinearity) бар не жоқ екендігін анықтауға арналған. Біздің зерттеуіміз бойынша Durbin-Watson статистикасының нәтижесі (Durbin-Watson < 2.0) – 1.978 деген мәнді берді. Яғни 0-ден 2-ге дейінгі аралықтағы мәндер автокорреляцияның жоқ екендігін және сауалнама нәтижелері бойынша регрессиялық талдау жасауымызға болатындығын көрсетті. Бұдан басқа (Significance f – change >0.05) нәтижесіне де қараймыз. Яғни ол 0.05-тен аз болса Н (0) = бірінші ретті автокорреляция жоқ, ал 0.05-тен көп болса Н (1) = бірінші ретті автокорреляция бар дегенді білдіреді. Significance f – change біздің зерттеу нәтижемінде – 0.000 деген мәнді көрсетті. Яғни бұлда автокорреляцияның жоқ екендігін қосымша дәлелдеп отыр, енді осы сынақтан кейін біз регрессиялық талдау жасаймыз.

Кесте 4 – Регрессиялық талдау

| Тәуелсіз айнымалылар   | Стандартталмаған коэффициенттер (Unstandardized Coefficients) |                                | Стандартталған коэффициенттер (Standardized Coefficients) | t     | Маңыздылығы (Significance) |
|--|---|--------------------------------|---|-------|----------------------------|
|  | B   | Стандартты қатесі (Std. error) | Beta  |       |                            |
| 1. Саяси реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласымен тиімді жүзеге асырылып жатыр              | 0.549   | 0.125                          | 0.536   | 4.386 | 0.000                      |
| 2. Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығы жеткілікті дәрежеде бір жүйеге келтірілген | -0.188  | 0.126                          | -0.163  | 1.491 | 0.139                      |



4-кестенің жалғасы

|  |       |       |       |       |       |
|--|-------|-------|-------|-------|-------|
| 3. Қазақстанда жергілікті орган қызметшілерінің этикасы және халықпен қарым-қатынас қалыптастыру дәстүрі жоғары сапаға ие                | 0.233 | 0.100 | 0.242 | 2.343 | 0.021 |
| 4. «ХУҚАМ» қағидасын іске асыру үшін мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын дамыту маңызды                   | 0.059 | 0.090 | 0.070 | 0.656 | 0.514 |
| Тәуелді айнымалы:<br>Қазақстанда «ХУҚАМ» қағидасының тиімді жүзеге асыру механизмдері мемлекет тарапынан реттеліп жақсы жүргізіліп жатыр |       |       |       |       |       |
| Ескертпе: Жүргізілген әлеуметтік сауалнама негізінде авторлар құрастырған.   |       |       |       |       |       |

Регрессиялық талдау келесідей нәтижелерді берді. Бұнда тәуелді айнымалы: «Қазақстанда «ХУҚАМ» қағидасының тиімді жүзеге асыру механизмдері мемлекет тарапынан реттеліп жақсы жүргізіліп жатыр» деген айнымалыға келесідей теуелсіз айнымалылардың едәуір дәрежедегі әсерін көрсетті: «Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығы жеткілікті дәрежеде бір жүйеге келтірілген» – 0.139, «Қазақстанда жергілікті орган қызметшілерінің этикасы және халықпен қарым-қатынас қалыптастыру дәстүрі жоғары сапаға ие» – 0.021 және «ХУҚАМ» қағидасын іске асыру үшін мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын дамыту маңызды» – 0.514. Бұл Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығы жеткілікті дәрежеде бір жүйеге келтірілген кезде әрі Қазақстанда жергілікті орган қызметшілерінің этикасы және халықпен қарым-қатынас қалыптастыру дәстүрі жоғары сапаға ие болғанда және «ХУҚАМ» қағидасын іске асыру үшін мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық технологиялары дамыған жағдайда ғана тиімді жүзеге асатындығын көрсетті. Регрессиялық сипаттық статистикалық талдауға сәйкес, респонденттердің жауап беру көрсеткіштерінің орташа мәні ( $t$  – value) 4.386, 1.491, 2.343 және 0.656 құрады. Бұл дегеніміз сауалнамаға жауап берушілердің қанағаттану деңгейінің орташа екендігін білдіреді. Сонымен қатар ( $\beta$ ) мәні 0.536, 0.163, 0.242 және 0.070-ке тең болды. Аталған мәндердің дисперсиясы 1,091, стандарттық қатесі 0.125, 0.126, 0.100 және 0.090. Бұл мәндердің бір типті екенін көрсетуде немесе берілген жауаптардың бір-біріне жақын екендігінде. Бұл сауалнамаға қатысушылардың бір ғана қала тұрғындарынан алынғандығын көрсетіп отыр. Яғни бұл қаланың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жағдайына қатысты халықтың көз қарасының ұқсас болғанын айтуда.

Нәтижесінде, жалпы қойылған сұрақтарға жауап берген респонденттер арасында, жергілікті атқарушы органдардың қызметтеріне деген қызығушылықтары мен мемлекеттік маңызы бар істерге қатысу белсенділігі жоғары, белгілі бір өмірлік ұстанымы бар адамдар екенін талдаулар көрсетті.

Бұл зерттеу нәтижелері бізге, халықтың қазіргі кездегі жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызмет сапасына толықтай қанағаттана алмайтындықтарын және белгілі бір арнайы институционалдық инфрақұрылымның қалыптаспағандығын дәлелдеді. Сонымен қатар еліміздің жастарын мемлекеттің маңызы бар шешімдер қабылдау процесіне тартудың арнайы тетігін қалыптастыру керек екендігін, әрі жергілікті атқарушы органдар қызметкерлері тарапынан коммуникациялық іс-шаралардың практикалық әдісін қалыптастыру керектігін дәлелдеді.

### Қорытынды

Мемлекеттік органдардың халықпен кері байланыс жүйесіндегі жергілікті өзін-өзі басқару институттарын дамыту мәселесі Жаңа Қазақстанның даму болашағы мен демократиялық мемлекет құрылуы үшін, әрі дамыған мемлекеттер қатарына қосылуда өте өзекті болып табылады.

Қазақстанда қазіргі уақытта жергілікті өзін-өзі басқару ұғымы әзірге халық емес, әкімнің есімімен байланысты. Әкім – саяси лауазымды тұлға. Ол мемлекеттік басқарудың әрі сонымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару институтының өкілі. Әкім аппараты жергілікті қоғамдастықты дамыту және олардың одан әрі бірлескен жұмыс бағдарламасын әзірлеуге тиіс. Бірақ іс жүзінде бәрі ресми, әсіресе ауылдық деңгейде. Қазір еліміздің Республикалық маңызы бар екі қаласында яғни Алматы және Астанада «Халықтың мемлекетің бюджет жүйесіне қатысуы» атты бағдарлама іске қосылған болатын [15]. Осындай шара Қазақстанның барлық өңірлерінде жүзеге асырылса, Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару институтының толық және демократиялық негізде дамуына мүмкіндік береді деген ойдамыз.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып мемлекеттік органдардың халықпен кері байланыс жүйесінде жергілікті өзін-өзі басқару институттарын дамыту жөнінде келесідей ұсынымдар беруді жөн көріп отырмыз:

1. Барлық деңгейлерде жергілікті өзін-өзі басқарудың алқалы органдары, ауыл округі, аудан, қала тұрғындарының қатарынан «Кеңес» құрылса тиімдірек жұмыс жүріп халықтың қатысу процесі дамиды және «Кеңес» алқасы жергілікті өзін-өзі басқару органы туралы ереже әзірлеу тәртібін қамтамасыз етуге мүмкіндік алады.

2. Жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын жүзеге асыратын әкім және жергілікті өзін-өзі басқару органы ретінде мәслихат бір-бірімен тығыз ынтымақтастықта мемлекеттік билік органдарының мүдделерін іске асыру үшін көбірек жұмыс істеулері тиіс деп санаймыз, өйткені заңға сәйкес, екеуі де халықтың мәселелерін шешу үшін сайланады.

3. Жергілікті ақсақалдар мен алқабилер институттарының беделін көтерген дұрыс, өйткені Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың тарихи тәжірибесінде дала демократиясы институты дәстүрінің бар екендігі айғақтайды. Бұл қоғамның өткір, әрі өзекті мәселелерін көтеруге, әрі нәтижелі өзара қарым-қатынас жасауға және бірлесіп шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

4. Еліміз әкімдерді сайлауда белгілі бір тәжірибеге ие екенін білеміз. Президенттің сайлануы мен басқа кандидаттарға дауыс беру құқығының демократиялық талаптарын одан әрі дамыту үшін 2021 ж. «Ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын енгізу» туралы шешімі шыққан болатын [16], осы шешімге сай барлық өңірде әкімдердің сайлануына қарапайым халық пен азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуының қатаң қадағаланғаны дұрыс деп санаймыз.

Сонымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару институттарын дамытумен қатар, халықтың жауапкершілігі мен сенімінің қалыптасуына ықпал етуде маңызды, өйткені Қазақстан халқы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуда үлкен демократиялық өзгерістерді күтуде. Мұның бәрі біздің қоғам қандай ұрпақты тәрбиелейтініне, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін қандай шешімдер қабылдау керектігіне және оларды жүзеге асыруда мемлекеттік органдар қаншалықты дайын екендігіне байланысты.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 2021 жылдың 5-ші қаңтарындағы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы. ҚР Президентінің Ресми сайты. URL: [https://www.inform.kz/kz/tauelsizdik-barinen-kymbat-kasym-zhomart-tokaev\\_a3737118](https://www.inform.kz/kz/tauelsizdik-barinen-kymbat-kasym-zhomart-tokaev_a3737118) (өтініш берілген күн: 11.10.2022)

2 Мемлекеттік органдардың азаматтар өтініштерін қарау, сапасын бақылау және жедел шаралар қабылдау бөлімі. ҚР Президентінің Ресми сайты. URL: [https://www.akorda.kz/kz/executive\\_office/presidential\\_commissions/azamattyk-maseleler-zhonindegi-komissiya](https://www.akorda.kz/kz/executive_office/presidential_commissions/azamattyk-maseleler-zhonindegi-komissiya) (өтініш берілген күн: 22.11.2022)

3 Sue Gordon. Normal Distribution: Bell Curve Definition // Mathematics Learning Centre University of Sydney. 2006. P. 23–28.

4 Rymarz J., Niewczas A., Hołyszko P., Debicka E. Application of Spearman's Method for the Analysis of the Causes of Long-Term Post-Failure Downtime of City Buses. 2022. P. 2–8.

5 Arnaud Delorme. Statistical methods // Swartz Center for Computational Neuroscience. University of San Diego California. CA92093-0961. La Jolla. USA. 2018. P. 2–23.

6 Mohammad Bagher Arayesh. Regression Analysis of Effective Factors on increasing Factors on Trainer's motivation of the Red Crescent Society // Social and Behavioral Sciences 205. 2019. P. 536–541.

7 The Journal of Public Administration and Development // Official website of Elsevier. 2022. № 2, 3.

- 8 Demir A. Inspection in public management and using methods in Turkey, Abdulsemet Yaman. Yerel yönetimin ve bölgesel uzmanlığının iletişimsizleştirilmesi: Modern Türkiye’de iktidar ve toplum arasındaki etkileşim sistemi // Yüksek Öğretim Kurulu Yayın ve Dokümantasyon Daire Başkanlığı Ulusal Tez Merkezi. Bilkent – Ankara. 2021. № 58962. P. 255–268.
- 9 Belli A. Yeni kamu yönetimi anlayışı bağlamında yerinden yönetimin ve yerel yönetimlerin değerlendirilmesi. Cilt 9. 2019. P. 16–18.
- 10 Çınar M., Sevüktekin M. Ekonometrik Zaman Serileri Analizi // Dora Yayıncılık baskı. 2014. P. 84–102.
- 11 Sarma M., Pais J. Financial Inclusion and Development: A Cross Country Analysis // Annual Conference of the Human Development and Capability Association. New Delhi. 2018. No. 168. P. 10–13.
- 12 Olsson A.K., Bernhar I.G. Keeping up the pace of digitalization in small business: Women entrepreneurs’ knowledge and use of social media // International journal of Entrepreneurial Behavior and Research. 2021. 27(2). P. 378–396.
- 13 Kartal A. Türkiye’de yerel yönetimlerin denetimi ve yerel yönetim ombudsmanı // Yüksek Öğretim Kurulu Yayın ve Dokümantasyon Daire Başkanlığı Ulusal Tez Merkezi. Bilkent–Ankara. 2008. № 0653. P. 92–103.
- 14 Азаматтарды, қоғамдық және бизнес бірлестіктерді тартуға негізделген мемлекеттік басқару стратегиясы. ҚР Президентінің Ресми сайты. URL: [https://www.akorda.kz/kz/executive\\_office/presidential\\_commissions/azamatyq-maseleler-zhonindegi-komissiya](https://www.akorda.kz/kz/executive_office/presidential_commissions/azamatyq-maseleler-zhonindegi-komissiya) (өтініш берілген күн: 22.11.2022)
- 15 Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы № 148 заңына енгізілген 2018 жылғы өзгертулері мен толықтырулары. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148_) (өтініш берілген күн: 19.12.2022)
- 16 2021 жыл 16 шілдедегі ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауыл әкімдерін сайлау бойынша қабылдаған жергілікті басқару реформасы. ҚР Президентінің Ресми сайты. URL: <https://strategy2050.kz/news/auyl-kimin-saylau-zhergilikti-bas-arudy-reformasy/> (өтініш берілген күн: 08.12.2022)

## REFERENCES

- 1 2021 жылдың 5-ші қаңтарындағы QR Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы. QR Президентінің Ресми сайты. URL: [https://www.inform.kz/kz/tauelsizdik-barinen-kymbat-kasym-zhomart-tokaev\\_a3737118](https://www.inform.kz/kz/tauelsizdik-barinen-kymbat-kasym-zhomart-tokaev_a3737118) (өтініш берілген күн: 11.10.2022). (In Kazakh).
- 2 Мемлекеттік органдардың азаматтар өтініштерін қарау, сапасын бақылау және жедел шаралар қабылдау бөлімі. QR Президентінің Ресми сайты. URL: [https://www.akorda.kz/kz/executive\\_office/presidential\\_commissions/azamatyq-maseleler-zhonindegi-komissiya](https://www.akorda.kz/kz/executive_office/presidential_commissions/azamatyq-maseleler-zhonindegi-komissiya) (өтініш берілген күн: 22.11.2022). (In Kazakh).
- 3 Sue Gordon. (2006) Normal Distribution: Bell Curve Definition // Mathematics Learning Centre University of Sydney. P. 23–28. (In English).
- 4 Rymarz J., Niewczas A., Hołyszko P., Debicka E. (2022) Application of Spearman’s Method for the Analysis of the Causes of Long-Term Post-Failure Downtime of City Buses. P. 2–8. (In English).
- 5 Arnaud Delorme. (2018) Statistical methods // Swartz Center for Computational Neuroscience. University of San Diego California. CA92093-0961. La Jolla. USA. P. 2–23. (In English).
- 6 Mohammad Bagher Arayesh. (2019) Regression Analysis of Effective Factors on increasing Factors on Trainer’s motivation of the Red Crescent Society // Social and Behavioral Sciences 205. P. 536–541. (In English).
- 7 The Journal of Public Administration and Development // Official website of Elsevier. 2022. No. 2, 3. (In English).
- 8 Demir A. (2021) Inspection in public management and using methods in Turkey, Abdulsemet Yaman. Yerel yönetimin ve bölgesel uzmanlığının iletişimsizleştirilmesi: Modern Türkiye’de iktidar ve toplum arasındaki etkileşim sistemi // Yüksek Öğretim Kurulu Yayın ve Dokümantasyon Daire Başkanlığı Ulusal Tez Merkezi. Bilkent – Ankara. No. 58962. P. 255–268. (In English).
- 9 Belli A. (2019) Yeni kamu yönetimi anlayışı bağlamında yerinden yönetimin ve yerel yönetimlerin değerlendirilmesi. Cilt 9. P. 16–18. (In English).
- 10 Çınar M., Sevüktekin M. (2014) Ekonometrik Zaman Serileri Analizi // Dora Yayıncılık baskı. P. 84–102. (In English).
- 11 Sarma M., Pais J. (2018) Financial Inclusion and Development: A Cross Country Analysis // Annual Conference of the Human Development and Capability Association. New Delhi. No. 168. P. 10–13. (In English).
- 12 Olsson A.K., Bernhar I.G. (2021) Keeping up the pace of digitalization in small business: Women entrepreneurs’ knowledge and use of social media // International journal of Entrepreneurial Behavior and Research. 27(2). P. 378–396. (In English).

13 Kartal A. (2008) Türkiye’de yerel yönetimlerin denetimi ve yerel yönetim ombudsmanı // Yüksek Öğretim Kurulu Yayın ve Dokümantasyon Daire Başkanlığı Ulusal Tez Merkezi. Bilkent–Ankara. No. 0653. P. 92–103. (In English).

14 Azamattardy, qoғamdyq jäne biznes birlestikterdi tartuға negızdelgen memlekettik basqaru strategiasy. QR Prezidentiniñ Resmi saity. URL: [https://www.akorda.kz/kz/executive\\_office/presidential\\_commissions/azamattyk-maseleler-zhonindegi-komissiya](https://www.akorda.kz/kz/executive_office/presidential_commissions/azamattyk-maseleler-zhonindegi-komissiya) (ötiniş berilgen күн: 22.11.2022). (In Kazakh).

15 Qazaqstan Respublikasyndaғы jergilikti memlekettik basqaru jäne özin-özi basqaru turaly No. 148 zañyna engizilgen 2018 jylғы өзгertuleri men tolyqtyrulary. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148_) (ötiniş berilgen күн: 19.12.2022). (In Kazakh).

16 2021 jyl 16 şildedeǵı QR Prezidenti Qasym-Jomart Toqaevtyñ auyl äkimderin sailau boıynşa qabyldaǵan jergilikti basqaru reformasy. QR Prezidentiniñ Resmi saity. URL: <https://strategy2050.kz/news/auyl-kimin-saylau-zhergilikti-bas-arudy-reformasy/> (ötiniş berilgen күн: 08.12.2022). (In Kazakh).

**Д.О. ТУБЕКОВА,\*<sup>1</sup>**

докторант.

\*e-mail: [dana.tubekova@ayu.edu.kz](mailto:dana.tubekova@ayu.edu.kz)

ORCID ID: 0000-0003-3625-6203

**Г.Ж. АЗРЕТБЕРГЕНОВА,<sup>1</sup>**

к.э.н., доцент.

e-mail: [gulmia.azretbergenova@ayu.edu.kz](mailto:gulmia.azretbergenova@ayu.edu.kz)

ORCID ID: 0000-0002-9070-7055

**З.К. ЕСЫМХАНОВА,<sup>2</sup>**

к.э.н., ассоциированный профессор.

e-mail: [yesymkhanova@gmail.com](mailto:yesymkhanova@gmail.com)

ORCID ID: 0000-0001-5552-5849

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий

университет Х.А. Ясави,

г. Туркестан, Казахстан

<sup>2</sup>Университет «Туран-Астана»,

г. Астана, Казахстан

## **ВАЖНОСТЬ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПОЛИТИКИ «СЛЫШАЩЕГО ГОСУДАРСТВА» НА РЕГИОНАЛЬНОМ УРОВНЕ**

### **Аннотация**

Концепция «Слышащего государства» в Казахстане была принята в сентябре 2019 г. в очередном Послании Главы государства К.Ж. Токаева народу Казахстана. Систематически организуются непрерывные мероприятия по реализации данной концепции. Однако система обратной связи между государственными органами и населением, которая является основной целью этой концепции, до сих пор не сформирована должным образом. В этой связи основной целью исследования является разработка практических рекомендаций по совершенствованию деятельности институтов местного самоуправления на региональном уровне в соответствии с концепцией «Слышащего государства». Проведение активных мер по развитию местного самоуправления, являющихся основной ячейкой общества, в свою очередь позволяет отстаивать позиции институтов государственного управления и интересы населения. Законы, правила и требования, принятые по системе местного самоуправления, одинаковые для всех регионов страны, поэтому в качестве объекта получены конкретные данные путем проведения опроса респондентов, состоящих из сотрудников местных исполнительных органов и жителей г. Туркестана. В ходе исследования были использованы количественные и качественные методы анализов, такие как Нормальное распределение по Гаусу (Normal Distribution), корреляционный анализ (Spearman Correlation), анализ по коэффициенту Durbin-Watson и регрессионный анализ (Regression analysis). Анализы проводились с помощью программ R - statistics и SPSS 23. В результате все использованные методы позволили сделать выводы и принять решения по теме исследования, а также изучить и уточнить общие вопросы, возникающие по формированию конструктивного диалога между органами местного самоуправления и населением по регионам страны.

**Ключевые слова:** политические реформы, интересы населения, тест Фишера, теория ограничений, нулевая гипотеза, открытый диалог, нормативно-правовая база.

**D.O. TUBEKOVA,\*<sup>1</sup>**

PhD student.

\*e-mail: dana.tubekova@ayu.edu.kz

ORCID ID: 0000-0003-3625-6203

**G.ZH. AZRETBERGENOVA,<sup>1</sup>**

c.e.s., associate professor.

e-mail: gulmia.azretbergenova@ayu.edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-9070-7055

**Z.K. YESSYMKHANOVA,<sup>2</sup>**

c.e.s., associate professor.

e-mail: yesymkhanova@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-5552-5849

<sup>1</sup>H.A. Yassawi International

Kazakh-Turkish University,

Turkestan, Kazakhstan

<sup>2</sup>Turan-Astana University,

Astana, Kazakhstan

## **IMPORTANCE OF IMPLEMENTATION OF LISTENING STATE POLICY AT THE REGIONAL LEVEL**

### **Abstract**

The concept of Listening State in Kazakhstan was adopted in September 2019 in the Message of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan. Continuous activities are systematically organized to implement this concept. However, the feedback system between government agencies and the population, which is the main goal of this concept, has not yet been properly formed. In this regard, the main purpose of the study is to develop practical recommendations for improving the activities of local self-government institutions at the regional level in accordance with the concept of Listening State. Carrying out active measures for the development of local self-government, which are the main unit of society, allows us to defend the positions of public administration institutions and the interests of the population. The laws, rules and requirements adopted by the local self-government system are the same for all regions of the country; therefore, specific data which were obtained as an object by conducting a survey of respondents consisting of employees of local executive bodies and residents of Turkestan city. During the study, quantitative and qualitative methods were used such as 23 Gaussian Normal Distribution, Spearman Correlation, Analysis of Durbin-Watson coefficients and Regression analysis. As a result, all the methods used made it possible to draw conclusions and make decisions on the topic of the study, as well as to study and clarify common issues arising on the formation of a constructive dialogue between local self-governments and the population in the regions of the country.

**Key words:** political reforms, population interests, Fischer's test, theory of constraints, null hypothesis, open dialogue, regulatory framework.

МРНТИ 06.73.45  
УДК 657.633.5:658.86/  
JEL L 81 M 41

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-3-286-298>

**А.У. ТЕКЕНОВА,\*<sup>1</sup>**

докторант.

\*e-mail: [tekenova.asel@narxoz.kz](mailto:tekenova.asel@narxoz.kz)

ORCID ID: 0009-0003-8263-5834

**А.Н. ДАУРЕНБЕКОВА,<sup>2</sup>**

д.э.н., профессор.

e-mail: [a.daurenbekova@turan-edu.kz](mailto:a.daurenbekova@turan-edu.kz)

ORCID ID: 0000-0002-3221-7824

**АЛЬФОНС ДЕНЕС ЭНТОНИ,<sup>3</sup>**

профессор.

e-mail: [aantoni@t-online.hu](mailto:aantoni@t-online.hu)

<sup>1</sup>Университет Нархоз,

г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

<sup>3</sup>Будапештский университет Метрополитан,

г. Будапешт, Венгрия

## ОРГАНИЗАЦИЯ ВНУТРЕННЕГО КОНТРОЛЯ КОРПОРАТИВНОЙ УСТОЙЧИВОСТИ КАЗАХСТАНСКИХ КОММЕРЧЕСКИХ КОМПАНИЙ

### Аннотация

Концепция корпоративной устойчивости стала признанным эффективным инструментом для включения корпораций в процесс устойчивого общественного развития. Она подразумевает, что корпорации должны устанавливать и достигать не только своих коммерческих целей, но и социальных и экологических целей. Цель внутреннего контроля корпораций тесно связана с целями их существования. Цель данной статьи заключается в пересмотре общепринятых принципов внутреннего контроля в организациях с учетом включения бизнес-философии корпоративной устойчивости и учета интересов заинтересованных сторон. Методологическая основа исследования основана на принципах теории устойчивого общественного развития, учете интересов заинтересованных сторон и концепции корпоративной устойчивости. Результаты исследования получены на основе анализа и синтеза данных. Следующие выводы были сделаны на основе анализа корпоративных документов, регулирующих внутренний контроль организаций, включенных в список Глобального договора ООН в Казахстане: практика внутреннего контроля достижения социальных и экологических целей уже применяется корпорациями, но ее нельзя считать систематической и комплексной, и она недостаточно учтена во внутренних регламентах. Кроме того, цивилизационные изменения и внедрение концепции устойчивого развития в организациях оказывают влияние на объекты внутреннего контроля, такие как хозяйственная деятельность и ее окружение, а также на компоненты процесса внутреннего контроля, которые должны быть обусловлены целями организации.

**Ключевые слова:** внутренний контроль, развитие, корпоративная устойчивость, коммерческие компании, документы, бизнес-философия, концепции.

### Введение

С начала 2016 г. международное сообщество начало официально реализовывать Повестку дня по устойчивому развитию до 2030 г. Эта программа представляет собой активный процесс трансформаций, включающий 17 целей, призванных решить насущные глобальные проблемы. Основной целью этой программы является обеспечение прав человека для всех через комплексный и неразделимый набор из 169 задач. Эти цели и задачи направлены на достижение сбалансированного экономического, социального и экологического развития [1].

Для достижения устойчивого развития в корпоративном управлении коммерческими организациями можно стремиться к следующим целям устойчивого развития, включенным в глобальные цели устойчивого развития Организации Объединенных Наций:

1. Устойчивая экономика: коммерческие организации могут стремиться к созданию устойчивой экономики путем разработки и внедрения стратегий, которые способствуют экономическому росту, справедливости и инновациям, при этом не нанося вреда окружающей среде и социальному благополучию.

2. Экологическая ответственность: коммерческие организации должны придерживаться цели снижения своего негативного влияния на окружающую среду. Это может включать повышение энергоэффективности, уменьшение выбросов парниковых газов, использование возобновляемых источников энергии, ограничение использования упаковочных материалов, более эффективное использование ресурсов и поддержку программ по сохранению природы и биоразнообразия.

3. Социальное включение: коммерческие организации должны стремиться к созданию справедливых и инклюзивных рабочих мест, обеспечению равных возможностей для всех сотрудников, борьбе с дискриминацией и поддержке разнообразия и равноправия. Они также могут вкладывать усилия в поддержку местных сообществ, развитие социальных программ и улучшение общих условий жизни.

4. Этическое поведение и прозрачность: коммерческие организации должны придерживаться высоких стандартов этического поведения и прозрачности в своих деловых операциях. Это включает борьбу с коррупцией, установление честных отношений с партнерами и поставщиками, соблюдение прав человека и обеспечение справедливых торговых практик.

5. Инновации и развитие: для достижения устойчивого развития, коммерческие организации должны способствовать исследованиям и инновациям.

6. Управление цепями поставок: коммерческие организации должны стремиться к устойчивому управлению своими цепями поставок. Это включает оценку и сокращение негативного воздействия на окружающую среду, соблюдение социальных стандартов труда, повышение прозрачности и эффективности цепи поставок, а также поддержку устойчивого развития поставщиков.

7. Управление рисками и резильентность: коммерческие организации должны разрабатывать стратегии и меры по управлению рисками и повышению устойчивости в условиях изменяющейся экономической, социальной и экологической среды. Это может включать разработку бизнес-планов на случай чрезвычайных ситуаций, адаптацию к изменению климата и другим экологическим вызовам, а также обеспечение финансовой устойчивости и управление финансовыми рисками.

8. Содействие устойчивому потреблению и производству: коммерческие организации могут активно способствовать устойчивому потреблению и производству. Это может включать предлагаемые продукты и услуги, способствующие экологической и социальной устойчивости, образование потребителей о проблемах устойчивого развития, а также поддержку и развитие инновационных решений в области устойчивости.

9. Измерение и отчетность: коммерческие организации должны разрабатывать системы измерения и отчетности о своих устойчивых практиках и достижениях. Это позволяет оценить прогресс в достижении устойчивых целей, а также обеспечивает прозрачность и отчетность перед заинтересованными сторонами.

10. Сотрудничество и партнерство: коммерческие организации могут более эффективно достигать целей устойчивого развития, сотрудничая с другими организациями, правительственными институтами, гражданским обществом и академическими учреждениями.

11. Образование и осведомленность: коммерческие организации могут способствовать повышению образования и осведомленности о принципах устойчивого развития среди своих сотрудников, клиентов и общества в целом. Это может включать проведение обучающих программ, организацию информационных кампаний и создание ресурсов, которые помогут людям принять участие в устойчивом развитии.

12. Интеграция устойчивости в стратегическое планирование: коммерческие организации должны интегрировать устойчивость в свои стратегические планы и учитывать аспекты устойчивого развития на всех уровнях принятия решений. Это поможет создать основу для долгосрочной устойчивости и интегрировать устойчивые практики во все бизнес-процессы.

13. Инвестиции в устойчивые проекты: коммерческие организации могут направлять свои инвестиции на устойчивые проекты и предприятия. Это может включать инвестиции в возоб-

новляемые источники энергии, эффективное использование ресурсов, развитие экологически чистых технологий и инфраструктуры, а также в поддержку социальных предприятий.

14. Адаптация к изменению климата: коммерческие организации должны разрабатывать планы адаптации к изменению климата и снижению своей уязвимости перед климатическими рисками. Это может включать улучшение управления водными ресурсами, разработку стратегий сокращения выбросов парниковых газов, а также создание устойчивых систем поставки и логистики.

15. Продвижение социальной справедливости: коммерческие организации должны стремиться создавать более справедливые условия труда и бороться с неравенством. Это может включать соблюдение международных трудовых стандартов, обеспечение достойной оплаты и рабочих условий, поощрение разнообразия и инклюзивности внутри организации, а также участие в программах социального развития.

16. Поддержка местного развития: коммерческие организации могут активно участвовать в развитии местных сообществ, создавать рабочие места, развивать инфраструктуру и инвестировать в социальные и культурные программы.

17. Укрепление средств осуществления и активизация работы в рамках Глобального партнерства в интересах устойчивого развития: многие страны нуждаются в официальной помощи для стимулирования роста и развития, особенно в области торговли. Для этого нужно разработать мероприятия по росту торговли в сфере Всемирного партнерства для достижения ее сбалансированного развития в целях осуществления официальной помощи и поддержки развивающихся стран. Относительно периода независимости Казахстана ВВП страны увеличился в 14 раз (с 11,4 до 159,4 млрд долларов), а в реальном выражении – в 2,2 раза. Уровень бедности сократился в 23 раза (с 60% до 2,6%), а безработица достигла отметки 4,9%. Однако уровень безработицы среди женщин (5,4%) остается выше, чем среди мужчин (4,4%). Более трети молодых людей, обратившихся в центры занятости населения, не смогли найти постоянную работу [2].

Организации, ориентированные на устойчивое развитие, обычно имеют стратегические цели, которые выходят за рамки увеличения прибыли и учитывают социальные, экологические и этические аспекты. Вот несколько примеров таких стратегических целей:

1. Экологическая ответственность: компания, нацеленная на устойчивое развитие, ставит перед собой цель снизить свое воздействие на окружающую среду и повысить энергоэффективность производства.

2. Социальное вовлечение: компания может преследовать цель инвестировать в социальные проекты и действовать согласно этическим принципам, включая защиту прав работников и соблюдение международных стандартов прав человека.

3. Инновации для блага общества: организация активно работает над разработкой новых продуктов и технологий, способствующих улучшению качества жизни людей и защите окружающей среды.

4. Управление с учетом устойчивости: компания стремится управлять своим бизнесом с учетом социальных, экологических и экономических аспектов устойчивого развития.

5. Внутренняя культура устойчивости: организация ставит целью развитие внутренней культуры, которая поддерживает принципы устойчивого развития и поощряет сотрудников внести свой вклад в общественное благо [3].

Цели устойчивого развития могут различаться для каждой организации, но общая цель заключается в развитии более устойчивого и ответственного бизнеса, который учитывает экономические, социальные и экологические факторы.

Для достижения этих целей может потребоваться изменение бизнес-процессов, улучшение процедур управления рисками и контроля соответствия законодательству и регуляторным требованиям. Важным шагом является внедрение новых показателей и индикаторов для оценки эффективности и результативности в области устойчивого развития.

Кроме того, компании могут столкнуться с новыми рисками, связанными с социальной и экологической ответственностью, такими как нарушение прав трудовых мигрантов или возникновение экологических катастроф. В связи с этим становится необходимым проведение анализа и оценки рисков, а также усиление контроля и мониторинга в этих областях [4].



Изменение окружающей среды и целей устойчивого развития может повлиять на развитие внутреннего контроля в организации. Организации должны быть готовы адаптировать свои процедуры и практики внутреннего контроля, чтобы обеспечить эффективность и соответствие требованиям устойчивого развития. В этой области проводится множество исследований разными авторами.

### **Материалы и методы**

Для достижения цели исследования были применены разнообразные общенаучные и специальные методы, среди которых основное внимание было уделено обобщению и сравнению. Так, системный анализ организации внутреннего контроля корпоративной устойчивости компаний позволил определить, что контроль за реализацией социальных и экологических целей применяется корпорациями, но в недостаточной степени учтен во внутренних регламентах.

Для проведения исследования информационная основа включает следующие элементы: нормативные правовые акты, действующие в Республике Казахстан; работы отечественных и зарубежных ученых, посвященные корпоративному управлению; информационные материалы таких организаций, как Организация Объединенных Наций (ООН), Институт финансовой стабильности (FSI), COSO, Всемирный деловой совет по устойчивому развитию (WBCSD), ИА, Федерация европейских ассоциаций риск-менеджеров (FERMA), материалы республиканских статистических организаций. Эти исследования базируются на открытости, прозрачности и доступности собранной информации, чтобы позволить сравнить результаты с учетом факторов времени. Это даст возможность сравнивать показатели устойчивого развития отечественных компаний.

### **Литературный обзор**

